

792.

Г 74



МАКСИМ ГОРЬКИЙ  
ПЬЕСАЛАР

АЛМАТЫ . 1948

МАКСИМ ГОРЬКИЙ

# ПЬЕСАЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ  
БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ  
Алматы 1948

# ШЫҢЫРАУ ТҮБІНДЕ

*Константин Петрович.  
Пятницкийге арнаймын.*

### ҚАТЫСАТЫН АДАМДАР

- Михаил Иванович Костилов* — 54 те, жатақ үйдің иесі.  
*Василиса Карповна* оның әйелі — 26 да.  
*Наташа Василисаның* сіңлісі, 20 да.  
*Медведев* — Василиса мен Наташаның немере ағасы, по-  
лицейский — 50 де.  
*Васька Папел* — 28 де.  
*Клеш Андрей Митрич* — слесарь, 40 та.  
*Анна* — оның әйелі, 30 да.  
*Настя* — кәрі қыз, 24 те.  
*Квашня* — пельмен сататын әйел, 40 тарда.  
*Бубнов* — картузшы, 45 те.  
*Сатин* | — екеуініңде  
*Актер* | жасы 40 қусырып қалған адамдар  
*Барон* — 33 те.  
*Лука* — ел қыдырып жүрген адам, 60 та.  
*Алешка* — етікші, 20 да.  
Кривой зоб  
Татар  
Бірнеше кедейлер

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

Үндір қусаған подвал. Төбесі ыйықтан басып тұрғандай, тас бағандарын күйе басып кеткен, көп жерлерінің штукатурасы түсіп қалған. Жарық зал жақтан және оң жақтағы төрт бурьшты терезеде, жоғарыдан түсіп турады. Оңжақ бурьшта жуқа тақтаймен бөлінген Пепелдің бөлмесі, бөлмеге кіре берісте есіктің қасында Бубновтың сәкісі. Солжақ бурьшта үлкен орыс пеші, солжақтағы тас қабырғада ае уйдің есігі, Квашня, Барон, Настя свнда турады. Пеш пен есіктің аралығында қабырғаға таяу — үстін кір басқан шыт шымылдық жабылған үлкен кровать. Қабырғаны жағалай салынған сәкі. Жолжак қабырғаға таяу, алда үстіне кішірек темір төс орнатылған ағаш шерке тур, шеркенің үстінде қышқаштар жатыр, оған таяу аласалау тағы бір шерке тур. Соңғы шеркенің үстінде, төстің алдында ескі кұльштарға толып жатқан кілттерді салып бурап көріп Кләш отыр. Қасында сымнан істелген шығыршыққа тізілген екі буда кілт, майысып іске алғысыз болып қалған жез самауыр, балға, егеулер жатыр. Ортада үлкен стол, екі скамейка, табурет, бәрі де сырланбаған, кіркір. Стол басында, самауырдың қасында Квашня шай кұйып отыр. Барон қара нан жлеп отыр. Настя табуреттің үстінде, столге сүйене, тоз-тоз ескі кітап оқып отыр. Төсектің үстінде жатқан Анна жөтеліп қояды. Бубнов сәкісінің үстінде, екі тізесінің арасына кыска ағаш кальшқа салып, сөгілген ескі шалбарды өлшеп пішкелі отыр. Қасында маңдайша жасаймын деген екі шляпаның жыртылған катырма қағазы, клеенкенің қыйқымы, ескі-усқы жатыр. Сатин жаңа ғана оянған, сәкісінің үстінде жатыр. Ыңыраның қояды. Пештің үстінде актер бір нәрселерді аударыстырып жүргенге уксайды, жөтеледі, өзі көрінбейді.

Көктем жаңа басталған кез. Таңертеңгілік уақыт.

Барон. Сонымен.

Квашня. Жо-оқ, дедім-ау, сүйіктім, муныңды менен аулақ әкет, дедім. Мен оны байқап көргемін, дедім... енді ме жүз шаянды пісіріп әкеліп берсе де күйеуге тие қалман, дедім.

Бубнов (Сатинге). Сен неге қорсылдап жатырсың?

Қ в а ш н я. Өз билігім өзімде екен, өзіме өзім қожайын екем, сөйтіп жүріп біреудің паспортына жазылсам, бір еркекке өз басымды өзім байлап берсем — жоқ. Американың шахзадасы келіп турса да — тие қалман.

Қ л е ш. Өтірік!

Қ в а ш н я. Немене?

Қ л е ш. Өтірік дейім. Әлі-ақ Абрамкеге тиіп аларсын.

Б а р о н (*Настяның қолындағы кітапты жулып алып, ашып оқыйды*). «Сэтсіз махаббат». (*Сақылдап күледі*).

Н а с т я (*Қолын созып*). Бер... берші, жә, ойнамашы.

Б а р о н. (*Кітапты жоғары көтере булғап, Настяға қарап турады*).

Қ в а ш н я (*Клешка*). Сар жағал теке, өтірік айтып отырған сенсің. Мұндай сөзді аузың барып қалай айтасың маған?

Б а р о н (*Настяны кітаппен төбеден урып қалады*). Айтам ғой, ақымақсың, Настя.

Н а с т я (*кітапты жулып алады*). Бер дейім...

Қ л е ш. Бәйбішемсуін... Абрамкеге тиесің. Күтіп жүргенің сол ғана...

Қ в а ш н я. Әрине! Тимегенде! Енді қалай! Сенде отырсың ғой жаздай жайлап, қатыныңды өлім халіне жеткізіп...

Қ л е ш. Өшір үніңді кәрі каншық! Онда сенің жұмысың болмасын.

Қ в а ш н я. А — а. Шынын айтқанды жақтырмассың.

Б а р о н. Басталды. Настька, сен кайдасың?

Н а с т я (*басын көтерместен*). Аулақ, аулақ.

А н н а (*шымылдықтан басын шығара*). Журт тұрған ба? Кудай үшін... дауыстамандаршы... урыспаңдаршы...

Қ л е ш. Ульй бастадыма.

А н н а. Құдайдың қутты күні жанжал, тым құрмаса тыйыш жатып өлуге мурша берсеңдерші.

Б у б н о в. У-шудың өлімге бөгеті жоқ қой...

Қ в а ш н я (*Аннаның қасына келіп*). Жаным-ау, осындай тас жүрек адаммен қалай тұрып келгенсің?

А н н а. Қойшы... Алмашы мазамды.

Қ в а ш н я. Әй көнтерілісің-ау! Қалай көңлің сергек тартқан жоқпа.

Б а р о н. Квашня, Базарға баратын уақыт боп қалды...

К в а ш н я. Мінеки қазір. *(Аннаға)*. Зауқың соқса ыстық пельмен берейін.

А н н а. Керегі жоқ, қайтесің... рахмет. Тамақ ішкенмен оңар дейсіңбе мені.

К в а ш н я. Ішіп көр. Ыстық тамақ жақсы болады, Табаққа салып қойып кетейін, көңлің соқса жерсің., Ал, кетейін, байбатшам... *(Клешка)*. Албасты!.. *(ас үйге шығып кетеді)*.

А н н а *(жөтеліп)*. Я тәңірім...

Б а р о н *(Настяны ақырын желкеден түртіп)*. Қой деймін тентегім...

Н а с т я *(міңгірлеп)*. Аулақ... менің саған не бөгетім бар? *(Барон ысқырып Квашняның артынан шығып кетеді)*.

С а т и н *(сәкінің үстінде жатқан калпы басын көтеріп)*. Кеше мені урған кім осы?

Б у б н о в. Бәрібір емес пе саған.

С а т и н. Солай-ақ болсын... не үшін урды.

Б у б н о в. Карта ойнадың ба?

С а т и н. Ойнадым...

Б у б н о в. Міне сол үшін урды...

С а т и н. Каззаптар!...

А к т е р. *(пештің үстінен басын қылтыйтып)*. Бір күні олар сені таяқтап, өлтіріп те тастар.

С а т и н. Ақымақ.

А к т е р. Себеп?

С а т и н. Себеп, екі рет өлтіруге болмайды.

А к т е р *(аз үндемей отырып)*. Түсінбейім... Неге болмайды.

К л е ш. Түс пештің үстінен, сыпыр мына үйді... шалжиюын.

А к т е р. Онда сенің не жұмысың бар?

К л е ш. Василиса келсе кімнің жұмысы екенін көрсетер...

А к т е р. Пысқырдым Василисаңа. Бүгін сыпыру кезегі Барондікі... Барон...

Б а р о н *(ас үйден кіреді)*. Менің сыпыруға қолым тимейді... Квашнямен базарға кетіп барамын.

А к т е р. Онда менің шаруам жоқ... Маған десе Сібір айдалып кет... еденді сыпыру сенің кезегің... біреу үшін мен жұмыс істей алмаймын.

• **Барон.** Сенімен керілдесіп туруға уақытым жоқ. Настька сыпыра салады... Әй сәтсіз махаббат. Көтер басыңды. (*Настяның кітабын жулып алады*).

**Настя** (*тура келеді*). Өзіңе не керек. Бер кітабышы. Қутырма сенде байбатша болдым деймісің?

**Барон** (*кітабын беріп*). Настя. Мен үшін еденді сыпыра салшы, жарайма.

**Настя** (*ас үйге шығып бара жатып*). Әрине, сыпырмасы барма.

**Квашня** (*ас үйдің есігінен басын суғып Баронға*). Сен жүре бер. Сенсіз де сыпырады... Актер, саған айтып тұр ғой, — істей салсаң болмайма... бір жерім сыныш қалар деймісің!

**Актер.** Жә... қашан болсын мен әйтеуір түсінбеймін...

**Барон** (*ас үйден мойын ағашпен көрзинкаларды алып шығады. Көрзинжаның ішінде бетіне ескі шүберек жапқан үлкен құмыра*). Бүгін тым ауырлап кеткенбе қалай...

**Сатин.** Барон болып бекер-ақ туған екенсің.

**Квашня** (*актерге*). Байқа, үйді сыпыруды ұмытып кетіп жүрме. (*Баронды алдына түсіре, сенекке шығып кетеді*).

**Актер** (*пештің үстінен түседі*). Шаң жуту маған зыянды. Менің организмім араққа әбден уланған организм... (*Сәкінің үстіне отырып ойға шомады*).

**Сатин.** Организм... органын...

**Анна.** Андрей Митрич...

**Клеш.** Немене тағы.

**Анна.** Анда Квашня маған пельмен қойып кетті... алып жей ғой.

**Клеш** (*қасына*). Өзің жемейсің бе?

**Анна.** Жоқ... Жей ғой, жұмыс істейсің ғой... сен же...

• **Клеш.** Қорқамысың? Қорықпа... Мүмкін әліде...

**Анна.** Бар, сен же. Қысылып отырым... Көп ұзамай...

**Клеш** (*кетіп бара жатып*). Іштеңе етпес... мүмкін тұрып кетерсің... ондайлар брлады (*ас үйге шығып кетеді*).

**Актер** (*дауыстан, кенет оянып кеткендей*). Кеше ауруханада, дәрігер айтты: сіздің дейді организмiңiздi — арақ біржола улатып болған, дейді...

**Сатин** (*күлімдеп*). Органон.



А к т е р (*екілене*). Органон емес, ор-га-ни-зм.

С а т и н. Сикамбр.

А к т е р (*Сатинге қолын сілтеп*). Сандырақ! Шың-айтамын... Ия. Организмім уланған екен... Олай болса, — еден сыпыру маған зыян... шаң жуту...

С а т и н. Микробшотика... ха...

Б у б н о в. Сенің айтып отырғаның не?

С а т и н. Сөзде... оны айтсақ-транс — сседентальныи. деген де сөз бар...

Б у б н о в. О не?

С а т и н. Білмейім... Умытып қаппын.

Б у б н о в. Онда несін айтасың?

С а т и н. Жәй, әншейін журт сөйлейтін сөз. Сөз біткеннің бәрі мені тойдырып бітірді туған... Өзіміздің сөздерді айтам, бәрі де тойдырды. Әр қайсысын мен, мың мәртебеден артық естіген шығармын деймін...

А к т е р. «Гамлет» драмасында «сөз, сөз, сөз» дейді. тамаша нәрсе... Мен онда қабыршының ролін ойнап едім...

К л е ш (*ас үйден кіреді*). Сен сыпырғыш пен кашан ойнай бастайсың, әй?

А к т е р. Онда сенің жұмысың болмасын... (*жүдырықпен кеудеге өзін қойып қалады*). Офелия! Тастама мені дуғаннан...

(*Сахна сыртында, алыста, шуылдаған дауыс шығады, айғай, полицейскийдің ысқырғаны естіледі. Клеш жұмысқа кіріседі, егеумен шықырлатып бірдеңелерді егей бастайды*).

С а т и н. Түсініксіз, сирек кездесетін сөздерді жаным сүйеді... Бала кезімде... Телеграфта қызмет істедім... кітапты көп оқыдым...

Б у б н о в. Телеграфист болып пең?

С а т и н. Болдым... өте жақсы кітаптар бар... қызық сөздер өте көп... Мен оқыған адам болдым... білемісің.

Б у б н о в. Естігем... 100 рет естіген болармын. Ал, болдың, оны қайт дейсің... Міне мен—иші болдым... өзімнің дүкенім болды... Бояудан қолдарым сондай ауырлап кеткен сыяқты болушы еді. Тері бояйтынмын, — қолдарым шынтағыма шекті сап-сары болушы еді. Ойлаушы едім: мына бояу өле-өлгенше кетпес, осы қолым сап-сары күйі көрге кіретін шығармын. Ал, енді мынау қол дегеннің... мынау кірден басқа түк жоқ!

С а т и н. Және, сонымен?

Б у б н о в. Сонымен, болғаны сол!

С а т и н. Оны неге айтып отырсың?

Б у б н о в. Жәй... ойға шомуда... Солай шырақ сыр-  
тынды канша боясанда өшіп кетеді, бәрі де өшіп кетеді  
-екен, ия.

С а т и н. А... сүйек біткенім түгел ауырады.

А к т е р *(екі тізесін қушақтап отырып)*. Білім дегенің түк емес, талантты айт. Бір артисті білетің ем... рольді ежелеп оқыйтын, ал ойнап кетсе, журт сүйсініп, театрды басына көтеріп кете жаздайтын.

С а т и н. Бубнов, бес тыйын берші?

Б у б н о в. Барлығы екі-ақ тыйын ақшам бар...

А к т е р. Мен айтамын-ау, — талант, геройға керегі міне осы. Ал талант дегеніңіз—өзіңе сену, өзіннің күшіңе сену...

С а т и н. Бес тыйын берші, сенің талант, герой, крокадил, пристав екеніңе сенейін... Клеш, бес тыйын берші?

К л е ш. Аулақ жүргенге не ақы аласың. Қайсыңа жеткізем...

С а т и н. Неге әкірендейсің? Қалтанда соқыр тыйын да жоқ екенін, мен білмейді деймісің...

А н н а. Андрей Митрич... демігіп барам... ауырлап барам.

К л е ш. Неғыл дейсің маған.

Б у б н о в. Есікті азырақ аша тур...

К л е ш. Жарайды. Сен сәкінің үстінде отырсың, мен жерде отырмын... орныңды маған берде, аш керек болса өзің... Мен онсыз да суық тиіп ауырып жүрмін.

Б у б н о в *(байсалмен)*. Мен үшін есікті ашудың хажеті жоқ... сурап отырған сенің әйелің...

К л е ш *(ашулы)*. Еркіне жіберсең сурай береді... журт...

С а т и н. Басым зеңгіп барады... эх. Журт осы бірін бірі бастан неге урады екен.

Б у б н о в. Жалғыз ғана бастан урмайды-ау, кез келген жердің бәрінен урады. *{Тура келеді}* Сатып алмаса болмас... Қожайындар бүгін неғып келмей жатыр... *(шығып кетеді)*. Қырылып қалған ба?

*(Анна жөтеледі. Сатин екі қолын төбесіне қойып сулық жатады).*

**А к т е р** (*жалғызсырағандай жан-жағына қарап, -Аннаның қасына барады*). Немене, қысылып жатырмысың?

**А н н а.** Үйдің ауасы тарылып кетті білем.

**А к т е р.** Шыққың келсе сенекке шығарайын. Кел, басыңды көтер. (*Басын көтерісіп, ыйығына жалба-жұлба бір нәрсені жауып, сүйемелдеп, сенекке алып шығып бара жатады*). Байқа-байқа... нығырақ бас. Мен өзімде аурумын... Арақтың уыты жайылып болған денеме.

**К о с т ы л ь в.** (*есіктен кіре бере*). Таза ауаға шығып барасыздар ма? Келісуін екеуінің, бір қошқар, бір тусақ.

**А к т е р.** Былай тур жолдан, былай... Көрмеймісік аурулар келе жатқанын.

**К о с т ы л ь в.** Өт, өт.. ғапу... (*әлде нендей бәйтті дауысын мурнынан шығара айта жүріп, үйдің ішіне тімски, көз жүгіртеді, басын сол жағына кыйсайта Пепельдің бөлмесіне құлағын тігуде. Клеш ерегесе кілттерін салдыратып, егеуін шықырлата түседі, көзінің астымен қожайынның басқан ізін андуда*). Шықырлатып отырмысың?

**К л е ш.** Немене?

**К о с т ы л ь в.** Шығырлатып отырмысың дейім (*тымтырыс*). А-а... анау не сурайын деп еді! (*Жылдам, ақырын*). Біздің қатын келген жоқпа мунда?

**К л е ш.** Көргенім жоқ!

**К о с т ы л ь в** (*ептеп Пепелдің бөлмесіне апаратын есікке қарай жылжып*). Айына төлейтін екі сом үшін сен қанша жер алып отырсың осы. Төсек... өзің отырған орның бар ия. Бес сөлкебайлық жер, қудай біледі. Бір елу тыйын қоспаса болмас...

**К л е ш.** Мойныма тузағынды салда буындырып өлтіре ғой мә... төріңнен көрің жуық болса да елу тыйындардың жайын ойлауды қоймайсың-ау.

**К о с т ы л ь в.** Қайтеді сені буындырып. Одан түсер пайда не? Қудай бетіңнен жарылғасын, өз қызығың өзіңде, өмір сүре бер, біле бер... Ал, мен саған дегенмен елу тыйын қосамын, май шам алып, бұрханның алдына жағып қойсам, жанады да турады, күнәмді кешіру үшін маған да пайдасы тиеді, саған да тиеді шафағаты. Өзің болсаң күнәкарлығың туралы еш уақытта да ойламайсың... Міне сол... Эх Андрюшка, тым қатты адамсың. Әйелің де осы қаттылығыңнан анау инеліктей семіп қал

ғаны... сені сүйер жан жоқ. хурметтемейді де... жұмысың болса жұрттың бәріне де жағымсыз, шықырлатасың да отырасың...

К л е ш *(айғайлап)*. Немене өзің мені... улатуға келіпсең. *(Сатин қатты ышқынады)*.

К о с т ы л е в *(селк етіп)*. Әу, сенбісің? Астағыпыралла!

А к т е р *(кіреді)*. Сенекке орап отырғызып қойдым.

К о с т ы л е в. Сен өзің туған, тіпті мейірбансың-ау осы. Оның жақсы. Далаға кетпейді, әлі-ақ тиеді пайдасы.

А к т е р. Қашан?

К о с т ы л е в. О дүниеде туған. Онда біздің не істегеніміздің бәрі де есепке алынып турады...

А к т е р. О қайырымдылығым үшін сен беретініңді міне маған осында берсең скен...

К о с т ы л е в. Мен қалайша берем.

А к т е р. Борышымның жартысын кеміте сал.

К о с т ы л е в. Хе-хе. Саған қылжақ керек-ау сүйіктім... ойын керек... өзің ойлашы, жүректің мейірбандығын ақшамен теңестіруге болама? Қайырымдылық дегеннің игіліктің бәрінен де улы. Ал, сенің маған берешегің сол берешек болып қала береді. Сондықтан, сен борышынды төлеуің керек... Қайырымдылық десең сенен менің жасым үлкен, сен оны маған ақысыз, бұлсыз-ақ көрсетуге тиіссің...

А к т е р. Оңбассың сен, қақпас... *(ас үйге шығып кетеді)*. *(Клеш орнынан тұрып, сенекке шығып кетеді)*.

К о с т ы л е в *(Сатинге)*. Шықырлауықты айтам-ау. Қашып кетті, ха-ха. Мені жек көреді өзі.

С а т и н. Сайтаннан өзге сені кім жақсы көреді...

К о с т ы л е в *(күліп)*. Тілің удай-ау. Мен сендердің бәрінді де жақсы көремін... Менде түсінемін сендер менің бахытсыз, жілігі татымайтын, оңалудан кеткен бауырларымсындар... *(кенет жып-жылдам)*. А... Васька, үйдеме?

С а т и н. Кіріп көр...

К о с т ы л е в *(есікке жақындай барып қағады)*. Вася. *(Актер ас үйдің есігінен кіріп келе жатады. Бір нзрсені шайнап жүр)*.

П е п е л. Бул кім?

К о с т ы л е в. Мен ғой, мен ғой Вася...

П е п е л. Не керек?

К о с т ы л е в *(шегіншектен)*. Ашсаңшы.

С а т и н *(Костылевқа қарамастан)*. Аша ғой, қатыны ішінде отыр...

*(Актер күліп жібереді)*.

К о с т ы л е в *(мазасызданып, ақырын)*. А, кім дейсің? Не, деп тұрсың?

С а т и н. Өзіңнің айтып тұрғаның не?

К о с т ы л е в. Не дедің жаңа?

С а т и н. Жәй, әшейін...

К о с т ы л е в. Байқа, бауырым. Ойынның да жоні бар... Ия. *(Есікті қатты қағады)*. Василий.

П е п е л *(есікті ашып)*. Ал, неге аласың жұрттың мазасын.

К о с т ы л е в *(бөлменің ішіне көзін жүгіртіп)*. Мен... жәй... сен...

П е п е л. Ақша әкелдің бе?

К о с т ы л е в. Жұмысым бар еді сенде...

П е п е л. Ақша әкелдің бе?

К о с т ы л е в. Не қылған ақша? Тура тұр...

П е п е л. Ақша. Сағаттың жеті сомы қане?

К о с т ы л е в. Сағаттың не, Вася... Ау... сен...

П е п е л. Аш көзінді. Кеше жұрттың көзінше менен он сомға сағат сатып алғасын... үш сомын алдым, жеті сомымды бер қане. Көзінді сығырайтпа: Жүрмейтін жері жоқ, жұрттың мазасын алып... Кісі ақысын төлеуді ұмытып кетеді...

К о с т ы л е в. Ш-ш. Вася, ашудың керегі не сол... Сағат — оның өзі.

С а т и н. Урланған!

К о с т ы л е в *(зілді)*. Мен урланған нәрсені алмаймын... Қандай хақың бар...

П е п е л *(ыйығынан алады)*. Неге алдың дейім мазамды. Не керек өзіңе?

К о с т ы л е в. Ия... мағанба — дәнемеде керек емес, ал, олай дейтін болсаң, кетейін...

П е п е л. Бар ақшамды әкеп бер.

К о с т ы л е в *(кетіп бара жатып)*. Неткен әдепсіз адамдар. Ай-яй.

А к т е р. Комедия!

С а т и н. Жақсы, мұндайды мен жақсы көремін...

П е п е л. Өзі неге келіп жүр.

С а т и н *(күліп)*. Түсінбей тұрған шығарсың. Әйелін

іздеп жүр... Василий, Осының үнін неге өшіре салмайсың.

Пепел. Сондай фасық ит үшін келешегімді жойып нем бар...

Сатин. Ал сен ақылмен өлтір. Содан кейін Василисаға үйлен де ал... Біздің қожайынымыз боласың...

Пепел. Сөйтпесі барма. Сендер менің барлық мукамалым түгіл, ақ көңілдігімді пайдаланып, өзімді коса араққа айырбастап жібересіндер... *(Сәкінің үстіне барып отырады)*. Кәрі сайтан... оятып жібергенін көрдіңбе? Бір жақсы түс көріп жатыр едім. Қармақ салып отыр екем. Адам айтқысыз бір үлкен май балық, келіп қармағымна ілінгені. Сондай үлкен балық, ондай балықты тек түсінде ғана көресің... Қармақпен сауғалап жағаға қарай тартып келем, қармағымның жібі үзіліп кетпесе жарар еді деп қорқамын. Бір қолыма қауға сүзгіні алып, енді дей бергенде ..

Сатин. Ол балық емес, Василиса ғой қармағыңа ілініп жүрген...

Актер. Василиса мұның қармағына ілінгелі қашан...

Пепел *(ашулы)*. Осы менен аулақ кеткенге не ақы аласыңдар... Василисаны коса ала кетіндер.

Клеш *(сенектен кіреді)*. Күн суық-ақ еген...

Актер. Аннаны неге ала келмедің. Қатып қалады ғой...

Клеш. Наташа ас үйге, қасына алып кетті.

Актер. Шал қуып шығар...

Клеш *(жұмыс істеуге отырады)*. Кой... Наташка әкеліп салады.

Сатин. Василий. Бес тыйын берші...

Актер *(Сатинге)*. Сенбе... бес тыйыны несі. Вася, бізге жыйырма тыйын бере туршы.

Пепел. Беріп қутылмаса болмас, әйтпесе бір сом сурап жүрерсіңдер... мә.

Сатин. Гиблартарр. Дүниеде урыдан жақсы адам жоқ.

Клеш *(қабасы түюлі)*. Жұмыс істемейді. Оңай олжа ғой олардікі...

Сатин. Жұрттың көбі-ақ ақшаны оңай табады, бірақ, қолынан шығаруға келгенде қасарысып қалады. Жұмыс. Жұмыс істеу бейнет емес, рахат болсыншы, онда мүмкін менде жұмыс істермін... Ия мүмкін! Еңбек

көңілді, өмір қызықты болар еді! Ецбек ету міндет болса, өмірің кулдық. *(Актерге)* Әй, Сарданапал, кеттік...

*А к т е р.* Кеттік Навуходоносор қырық мың маскүнемнің ішетінін жалғыз өзім ішіп көрейін. *(Екеуі шығып кетеді).*

*П е п е л (есінеп).* Немене, әйелің қалай?

*К л е ш.* Тегі көп узамас деймін... *(тым тырыс).*

*П е п е л.* Сені айтам-ау, осы сықырлатып отырғаның бекер-ақ.

*К л е ш.* Енді не істе дейсің.

*П е п е л.* Дәнемеде істеме...

*К л е ш.* Қайтып тамақ асырайын...

*П е п е л.* Жүр ғой мына журт...

*К л е ш.* Мыналарма. Адамба осылар. Өңшең шоқыт, каззаптар... адам. Мен жұмыс адамымын... менің осыларға тіке қарауға бетім шыдамайды... бала кезімнен жұмыс істеумен келемін... ойлайтын шығарсын, осы тұңғыйықта калады деп ойлайтын боларсың. Қалман... Алақанымның терісін сыдырып берсемде қалмаймын. Тура тур... әйелім өлсін... міне жарты жыл болды, мұнда келгеніме... дәл бір алты жыл тұрғандаймын...

*П е п е л.* Қате олай деуің, осылардың қайсысы болса да сенен жаман емес...

*К л е ш.* Жаман емес? Ар да жоқ, инабат та жоқ, бұларда.

*П е п е л. (қаперсіз).* Ар, инабат! Қайтеді оны бұлар. Ар-инабатты етік қып аяғыңа кие алмайсың... Ар-инабат дегенің, кімнің қолында өкмет күш болса, соларға ғана керек...

*Б у б н о в. (кіреді).* У-У... тоңып кеттім.

*П е п е л.* Бубнов! Ар-инабат барма осы сенде?

*Б у б н о в.* Ар-инабат? Не дейсің?

*П е п е л.* Ия, ар.

*Б у б н о в.* Маған ардың керегі не. Мен бай адам-емен...

*П е п е л.* Менде соны айтып отырмын. Ия, ар-инабат байларға ғана керек. Бізге тіл тигізіп отырған мына *К л е ш.* Сендерде ар деген атымен жоқ қой.

*Б у б н о в.* Оны қайтеді, қарыз алмақшыма екен.

*П е п е л.* Өзінде де толып жатыр...

*Б у б н о в.* Онда сататын шығар. Мұнда оны ала қоятын кісі табылмас. Екі қатырма қағаз болса алар едім, онда да несиеге берсе...

Пепел (*нақыл айта*). Ақымақсын Андрюшка. Өзің ар-инабат деген не деп Сатиннен сурап көрші... Немесе Бароннан сура.

Клеш. Олармен сөйлесіп аузымды ауырттар жайым жоқ.

Пепел. Маскүнем болса да, олар сенен көрі ақылды..

Бубнов. Маскүнем болып, ақылды болса кұдайдың ондағаны да...

Пепел. Сатин айтады: журттың бәріде көршісі ар-инабатты болғанын жақсы көреді, бірақ ар-инабатты болу кімге болсада тиімді болмайды, дейді.. Дұрыс осынысы...

*(Наташа кіреді. Артынан Лука кіреді, қолында таяқ, аркалаған түйіншегі, белбеуіне байлап алған шәйнегі, котелегі бар).*

Лука. Армысыздар, адал жандар!

Пепел (*мұртын сыйпап*). А-а, Наташа.

Бубнов. (*Лукаға*). Мурнағы жылғы көктемге шекті адал болсақ, болған болармыз...

Наташа. Бул кісі жаңа қонақ...

Лука. Маған бәрі бір. Мен жүліктерді де қадыр тутам, меніңше бүрге біткеннің бәрі жақсы, бәріде кап-кара, бәрі де есектей, ушып жүреді... сүйіктім, мен қай жерге орналасам...

Наташа (*ас үйге апаратын есікті көрсетіп*). Атамына бөлмеге орналасыңыз...

Лука. Көп жаса, қызым. Сонда болса, сонда-ақ барайын. Шал кісіге жылы жер, туған жермен бірдей.

Пепел. Наташка, ертіп келген қартыңыз бір қызық адам екен...

Наташа. Сендерден тәуірлеу... Андрей. Әйелің біздің ас үйде отыр... Біраздан соң келіп алып кет...

Клеш. Жарайды... барармын.

Наташа. Тым болмаса, енді адамша күте тұрсаңшы, өзіде узаққа бармас.

Клеш. Өзімде білемін...

Наташа. Білесің... біліп қана қою аз, түсін. Өлім деген оңай деймісің...

Пепел. Мына мен өлімнен тіпті де қорықпаймын.

Наташа. Әрине... Батырсың ғой...

Бубнов (*ысқырып жібереді*). Шіріп кеткен жіппе қалай...

Пепел. Шын айтам, қорықпайым. Тап осы жерде



өле қалуға бармын. Қолыңа пышақ алда, тәп жүректен салып жіберші, өлемін, қыңқ десем бұйырмасын. Тіпті қуана-қуана өлемін, өйткені фак колдың салған пышағы.

*Н а т а ш а (шығып бара жатады).* Көлгірсімей-ақ жой. Ондайынды басқаларға айт...

*Б у б н о в (соза сөйлеп).* Шіріп кеткен жіп болды...

*Н а т а ш а (сенектің есігінен).* Андрей, әйелінді ұмытып кетіп жүрме...

*К л е ш.* Жарайды...

*П е п е л.* Оңды қыз...

*Б у б н о в.* Жаман қыз емес...

*П е п е л.* Маған неге булай қарайтыныңн білмеймін. Жолатпайды маңына... Мұнда жүріп қай бір дұрыс адам болады. Бәрі бір құрылды ғой.

*Б у б н о в.* Сен құрытарсың түбінде.

*П е п е л.* Мен құрытып қайтейін, аяймын өзін...

*Б у б н о в.* Қасқырдың қойды аяғаны сыяқты ғой.

*П е п е л.* Өтірік оның. Қатты аяймын өзін. Мұнда олар өмір сүре алмайды көріп жүрмін...

*К л е ш.* Тура-тур, сөйлесіп тұрғаныңды Василиса көрсе...

*Б у б н о в.* Василиса. И-ия, ол өз үлесін жібермес... көк айыл қатын...

*П е п е л (сәкінің үстіне жата кетеді).* Әулиесімей, аулақ жүргенге не аласың, осы екеуің...

*К л е ш.* Көрерсің, тура-тур.

*Л у к а (ас үйде ән салады).* «Өлең».

*К л е ш (сенекке шығып бара жатып).* Көрдінбе мұның да улуын.

*П е п е л.* Ішім пысып кетті... Неге екенін білмеймін, кейде ішім пысып кетеді. Күндер өтіп жатады, бәрі де жақсы-ақ сықылды. Ал кейде тоңып бара жатқандай ішім пыса қалады.

*Б у б н о в.* Ішім пысады деймісің. М... м...

*П е п е л.* Иә, иә!

*Л у к а (дндете).* «Өлең».

*П е п е л.* Әй, шал.

*Л у к а (есіктен басын суғып),* маған айтамысың?

*П е п е л.* Саған, доғар енді.

*Л у к а (кіреді).* Жек көремісің?

*П е п е л.* Жақсы айтылған әнді ғана тәуір көрем.

*Л у к а,* "Мен теңі жақсы айта алмағаным" ғой.

*П е п е л:* С

Л у к а. Қордің бе? Мен әнді жақсы айтамын ғой деп ойлаушы едім. Қашан болсын осылай болып шығады. Кімде болсын осы істеп жүргенім менің жақсы-ақ деп ойлайды. Байкаса жұрт жақтырмайтын болып шығады онысы.

П е п е л (күліп). Міне. Дұрыс айтады...

Б у б н о в. Ішім пысып барады дейсің де, өзің қарқылдап күлесің.

П е п е л. Саған не жоқ. Қара қарға?

Л у к а. Іші пысып отырған кім?

П е п е л. Мына, мен... (Барон кіреді).

Л у к а. Қара өзін. Анау ас үйде бір қыз отыр, кітап оқып отыр, екі көзі былаудай. Шын айтамын, екі көзінен жас парлап отыр... Мен сүйіктім неге жылап отырсың дедім. Аяймын дейді. Кімді аяйсың дедім. Мына кітаптың ішіндегі бір адамды — дейді... Міне істеп отырғаны осы. Ода іші пыскандықтан істеп отырған болу керек.

Б а р о н. Ол — ақымақ қыз...

П е п е л. Барон, Шай іштің бе?

Б а р о н. Іштім... Оны қайт дейсің.

П е п е л. Ішкің келеме, жарты бөтелке арақ әперсем?

Б а р о н. Сөз барма? Сонан соқ!

П е п е л. Төрт тағандай тура қалып, ит болып үрші.

Б а р о н. Ақымақ. Көпең болып кеттің бе? Әлде маспысың?

П е п е л. Жә, үрші деймін! Бір қызыққа батайын... Сен ғой байбатшасың... Бір кезде ғой мына біз секілділерді адам деп санамайтын ең... тағысын тағы...

Б а р о н. Ал, сонан сон?...

П е п е л. Сонан сон, не болсын. Енді мен сені ит қып үргізіп турмын, үресің, нең кетеді үре салғанға.

Б а р о н. Ал үрейін. Ақымақ! Сонда саған түсері не? Мен өзімде білемін. Қазір сенен артық еш жерім жоқ. Менің байбатша кезімде төрт тағандатып үргізіп қойсаң онда бір сәрі еді...

Б у б н о в. Дұрыс айтады.

Л у к а. Менінде айтарым сол, жақсы айтылған сөз...

Б у б н о в. Болған іс болды, өтті-кетті де, қалғаны көр-жер... Мұнда мырза да, байбатша да жоқ... Ондайдың бәрінен де айрылып енді тек жалаңаш адам пішініміз қалды міне!

Л у к а. Бәрімізде теңбіз десенші!.. Ау, сен, сүйіктім, Барон болыппең?

**Барон.** Мұнысы кім тағы. Сен кімсің, ей!

**Лука** (*күледі*). Графты көріп ем, князьді көріп ем, ал баронды көріп тұрғаным осы, оның өзінің де аты ғана қалған ба қалай...

**Пепел** (*сақылдап күледі*). Барон! Сен мені отырғызып кеттің-ау өзің.

**Барон.** Ақылың енетін кез жетті ғой, Василий.

**Лука.** Эхе-хе! Қарап тұрсам, туғандар турмыстарың ой, ой, ой!

**Бубнов.** Несін айтасың, көзімізді уқалап аша салысымен улый бастаймыз...

**Барон.** Жақсы да тұрған кезіміз болды... ия. Мен... таңертең оянған соң, төсекте жатып кофе ішуші едім,.. кофе. — Қаймақ куйған кофе... Ия.

**Лука.** Дегенмен бәрі де адам. Қанша қасарсаңда, қанша бұлғақтасаң да адам болып туып, адам болып өлесің, карап тұрсам жұрт ақылды болып, қызық болып бара жатқан сыяқты... Күн асқан сайын турмысы нашарлап бара жатса да, жақсылыққа умтылады... қыңыр-ақ.

**Барон.** Шал, сен өзің кімсің... Қайдан келдің?

**Лука.** Мен бе?

**Барон.** Жолаушымысың?

**Лука.** Осы жүрген біз бәрімізде жолаушымыз... Естігенім бар, біздің жерде аспан әлемінде, жолаушыларат көшіп жүреді дейді...

**Барон** (*қатаң*). Солай-ақ болсын, жә, паспортың бар ма?

**Лука** (*аз кідіріп*). Өзің кімсің, тыңшымысың әлде.

**Пепел** (*қуана*). Жарайсың шалым. Немене, Баронша, сенде алдыңба сыбағанды.

**Бубнов.** И-ия, байбатша да алды сыбағасын...

**Барон** (*уялып қалғандай*). Бәле, онедегенін. Мен әншейін, ойнап айтам, карт. Менің өзімнің де қағазым жоқ...

**Бубнов.** Өтірік оның...

**Барон.** Жоқ-ау... Қағазым бар ғой әрине... бірақ, не керек бәрі де іске алғысыз қағаздар...

**Лука.** Қағаз дегеннің бәрі сол, бәріде іске алғыеыз.

**Пепел.** Барон! Кеттік ішуге...

**Барон.** Мен дайын. Ал, кош бол, шал... бір соғынды шал екесің...

**Лука.** Ондайларда болады, сүйіктім...

**Пепел.** (*сенектің есігінен шыға бере*). Ал, кеттік пе,

қалай. *(Шығып кетеді. Барон артчанан жалма-жан ере шығады).*

Л у к а. Шын айтама, барон болғаны распа екен?

Б у б н о в. Кім біледі. Байбатша болғаны рас болу керек... Қазірдің өзінде де: кейде байбатша болғандығын көрсетіп қояды. Ескі әдеті әлі де қалмаған сыяқты.

Л у к а. Байбатшалық дегеннің өзі, шешек сыяқты болу керек... Жазылып кетсе де белгісі қалып қояды.

Б у б н о в. Дегенмен жаман адам емес... тек кейде ғана аяғын артығырақ көсіліп жіберетіні бар. Әлгі сенен паспорт сурағаны сыяқты.

А л е ш к а *(кіреді, ішіп алған, қолында гармон, ысқырып қояды).* Ей, қайсың барсың.

Б у б н о в. Ненді жоғалттың. Неге айғайлайсың

А л е ш к а. Ғапу етіңіздер... ғапу. Мен сыпайы адаммын...

Б у б н о в. Тағы ішіп алғанбысың?

А л е ш к а. Ішкенде қандай. Жада ғана учаскеден приставтың көмекшісі Медякин қуып жіберді. Көшеде көзіме көрінуші болма дейді. Мен кісі сөзін көтермейтін адаммын. Ал, қожайыным маған сөйлей береді... Ал, қожайын деген не. Фе-фе. Маскүнем қожайнымды айтама... Мен қоң етінді кесіп бер десе кесіп беретін адаммын... Маған түктің де керегі жоқ — шабаш. Мә, ал мені бір сомға, жыйырма сомға. Ал, маған түктің де керегі жоқ. *(Ас үйден Настя кіреді).* Миллион сом берсең де маған хажет емес. Мен секілді жақсы адамға, жолдасым, маскүнем қожайыным қоқайдайды, бомайды... Бомайды... *(Настя, есіктің қасында тұрып, Алешкаға карап басын шайқайды).*

Л у к а *(мейріммен).* Эх, жігітім, шатасқан екесің...

Б у б н о в. Адамның ақымақтығы, ғой...

А л е ш к а *(еденге оката кетеді).* Мә, турап жей бер мені. Ал, маған дүниенің буты бір-ақ тыйын. Мен ашынған адаммын. Айтыңдаршы, мен кімнен кеммін. Журттан мені қай жерім кем. Әне, Медякин айтады: көшеге шығушы болма, мурныңды бет қылып жіберемін дейді. Шығамын... барамын көшенің нақ ортасына жатып аламын, бассын; езсін мені. Мен ешнәрседен де тайынбаймын.

Н а с т я. Бахытсыз, сорлы... әлі жап-жас... әлектенуін.

А л е ш к а (*Настяны көріп, тізерлеп отыра калады*).  
Бикеш. Мамзель. Парле Франсе... ішіп алдым.  
Н а с т я (*қатты сыбырмен*). Василиса.  
В а с и л и с а (*есікті оқула ашып, Алешкеге*). Сен тағы келдің бе?  
А л е ш к а. Саламатсызба?.. Кірідіз...  
В а с и л и с а. Мен сен күшікке айтқаным кайда, ендігәрі бұлай қарай аяғыңды аттап басушы болма деп... тағы келдің бе!  
А л е ш к а. Василиса Карповна... естігидіз келсе жаназа маршын ойнап берейін.  
В а с и л и с а (*ыйығынан жұлқып*). Жоғал!  
А л е ш к а (*есікке қарай жығылып*). Тоқта... бүйтуге болмайды. Жаназа маршы... жакында ғана үйрендім. Жада музыка... тоқта... тоқта. Қол жумсауға болмайды...  
В а с и л и с а. Мен саған көрсетермін болмайдыны... Бүкіл көшеіі соңыңа салып қоярмын... қарғыс атқан, діннен безген неме... Маған қарай шәуілдеуге әлі жас-сың...  
А л е ш к а (*жүгіріп шыға жөнеледі*). Жә, мен кетейін...  
В а с и л и с а (*Бубновқа*). Ендігәрі келуші болмасын. Естідіңбе.  
Б у б н о в. Мен саған күзетші емеспін.  
В а с и л и с а. Менің сенің кім екенінде жұмысым жоқ. Кудайы тегін тұрып жатқаныңды ұмытпа. Қанша бермексід маған?  
Б у б н о в (*кәннен кәперсіз*). Санағаным жоқ...  
В а с и л и с а. Байқа, санатармын.  
А л е ш к а (*есікті ашып, айқайлап*). Василиса Карповна, мен сенен қорықпаймын, қорықпаймын, (*жоқ болып кетеді*). (*Лука күледі*).  
В а с и л и с а. Сен кімсің...  
Л у к а. Жолаушымын... ел аралап жүрген...  
В а с и л и с а. Түнеп шығуға келдің бе, ұзақ тұрамысың?  
Л у к а. Көре-жата айтармын...  
В а с и л и с а. Көрсет, паспортың...  
Л у к а. Көрсетуге болады...  
В а с и л и с а. Қәне, әкел...  
Л у к а. Апарып көрсетермін, үйіңе апарып, көнбесе сүйреп апарармын...

Василиса. Жолаушымын... деуін. Қаңғымамын десе қайтеді екен...

Лука (күрсініп). Тым ашушаң екесід, келінжан... (Василиса Пепелдің бөлмесінің есігіне қарай жүреді. Алешка ас үйдің есігінен сығалап, сыбырлайды: «Кеттіме, А?»).

Василиса (Алешкеге қарай бұрылып). Әлі мұнда жүрмісід.

Алешка. (Есікті жаба бере, ысқырады. Настя мен Лука күледі).

Бубнов (Василисаға). Ол жоқ!..

Василиса. Кімді айтасыд?

Бубнов. Васьканы айтам...

Василиса. Мен сенен сурадым ба, Васька қайда деп.

Бубнов. Көріп турмын... кезік-ақ айтып тур.

Василиса. Мен тәртіптерінді қарап жүрмін. Әлі күнге дейін неге сыпырмағансындар үйді. Үй таза болсын деп неше рет айттым мен сендерге.

Бубнов. Сыпыру кезегі Актердікі...'

Василиса. Кімнід кезегі екенінде менің жұмысым жоқ. Тазалықшы келіп штраф салса... бәрідді де қуып шығамын.

Бубнов (байсалды). Онда қайтып күн көресід.

Василиса. Бір тал қылшық қалмасын сыпырыңдар, (ас үйге қарай жүреді. Настяға). Сен неғып тұрсың сілейіп. Бет-аузың неге көнектей болып кеткен. Неге тұрсың деймін томар кусап, сілейіп. Сыпыр еденді. Натальяны көрдід бе? Келдіме мұнда?

Настя. Білмеймін... көргенім жоқ...

Бубнов. Мына шалды ертіп келгенді...

Василиса. Анау... үйдемеді? Онда?

Бубнов. Василий ме? Үйде болатын... Наталья Клешпен сөйлесіп тұрған...

Василиса. Мен кіммен сөйлесті деп сурадым ба сенен. Аяқ басқан жеріднід бәрі шад... тозаң... лас. Өңшең... шошқа. Тап-таза болсын естідіңдер ме? (Тез шығып кетеді).

Бубнов. Айуандықтың неше атасы бар қатын бойында.

Лука. Зілді қатын... зілді...

Настя. Мына турмыс кімді болса да айуан етер. Мұныд күйеуі кусаған еркекке қосақталған жан...

Б у б н о в. Василисаның қосағы берік деп ешкім де айта алмас...

Л у к а. Қашан болсын... Өстіп жүрө ме?

Б у б н о в. Турған бойы осы... Жігітіне келген екен... жоқ болып шықты...

Л у к а. Өкпелі екен ғой ендеше! Охо-хо! Бұйырушылар көп-ақ бул жалғанда... бәрі де бірін бірі қорқыта келеді, сонда да өмірде тәртіп деген жоқ... тазалықта жоқ...

Б у б н о в. Жұрттың бәрі де тәртіп болсын дейді-ау, ақылы құрғыр жетпейді. Дегенмен үйді сыпырмаса болмас... Настя сыпыра салсайшы.

Н а с т я. Әрине, сыпырмасы барма. Мені жалдап алыппа едіңдер. *(Аз үндемейді)*. Ішемін бүгін... мас болғанша ішемін.

Б у б н о в. Ода жұмыс!

Л у к а. Қызым, неге ішемін деп тұрсың. Мана жылап отыр едің, енді міне ішемін дейсің.

Н а с т я *(қыза, соқтыға сөйлейді)*. Ішіп аламын да, тағы жылаймын... бар болғаны сол.

Б у б н о в. Коп болып кетпей ме...

Л у к а. Себебін айт қызым, себебін. Себепсіз безеуде шықпайды бетке... *(Настя үндемейді, басын шайқайды)*. Солай... Эхе-хе... адам атты мырзалар. Не болар екен күндерід... Кой, мен-ақ сыпыра салайың. Сыпырғыштарың қайда!

Б у б н о в. Сенекте, есіктің артында тұр... *(Лука сенекке шығып кетеді)*. Настенька?

Н а с т я. Ау.

Б у б н о в. Василиса, Алешкаға неге ашуланып жүр?

Н а с т я. Васьканы Василиса тойдырып болды, Васька тастап кетемін деп жүр... Наташаны алмақшы... депті... кетейін бул арадан баска квартирға шығамын.

Б у б н о в. Немене? Қайда барасың?

Н а с т я. Тойдырды бәрі де... кімге хажетім бар менің мунда...

Б у б н о в. Сен қайда болсаң хажетсіз артық адамсың... Жер үстінде жүрген адам біткеннід бәрі де артық адамдар.

*(Настя басын шайқайды. Орнынан тұрып... ақырын \* сенекке шығып кетеді, Медведев кіреді. Артынан қолында сыпырғышы Лука кіреді).*

М е д в е д е в. Мен сені танымаймын ба калай...

Л у к а. Қалған журттың бәрінде танушыма ең.

М е д в е д е в. Өз участкамдегі адамдарды бәрін де тануға тиістімін... Ал, сені танымай турмын.

Л у к а. Бүкіл жер біткен сенің учаскенеге сыймайды ғой? Сыртында да қалған шығар, сондықтан танымай тұрған боларсың... *(Ас үйге шығып кетеді)*.

М е д в е д е в *(Бубновтың қасына барады)*. Дұрыс айтады, менің учаскем онша үлкед емес екені рас... бірақ, кандай үлкен учаскеден болса да жаманшылық жағына басым... Жада, дежурстводан босар алдында... стікші Алешканы бөлімге апарып тапсырдым... Қөшенің ортасына жатып алған, гармон ойнап айғайды салып жатыр: ешнәрсенің де керегі жоқ, түктің де керегі жоқ дейді. Арбалылар жүріп жатыр, ағылып жатқан журт... арба басып езіп кететін және тіпті... тентек жігіт... өзінде жада... апарып бердім. Тәртіпсіздікті өте жақсы көреді...

Б у б н о в. Кешке дойбы ойнауға келесің бе?

М е д в е д е в. Келемін. И-ия... Ау, Васька ше?

Б у б н о в. Не босын... бұрынғыша жүріп жатыр...

М е д в е д е в. Солай... тұрып жатыр де?

Б у б н о в. Тұрып жатпай не көрініпті оған. Туруына болады да.

М е д в е д е в *(күдікті)*. Болады деймісің?

*(Лука қолында шелегі, сенекке шығып кетеді)*

Солай... солай... осында — Васька жайында... әрне айтылып жүр... сен естіген жоқпысың?

Б у б н о в. Быксық сөз толып жатыр...

М е д в е д е в. Василиса жайында, ештеде... көзіңе түскен жоқпа.

Б у б н о в. Не дейсід?

• М е д в е д е в. Тек... жалпы сен, біле тура өтірік білмегенсің шығарсың. Журттың бәрі де біледі... *(қатал)* өтірік айтуға болмайды, туған...

Б у б н о в. Өтірік айтып хажеті не маған.

М е д в е д е в. Соны айтам-ау... А... төбеттер. Журт айтады: Васька мен Василиса... дейді... менің онда не жұмысым бар. Мен әкесі емен, немере ағасымын... мені маза айтын не бар... *(Квашня кіреді)*. Журт әбден бұзылған... бәріне де мазақ керек... А-а. Сен... келдід бе...

К в а ш н я. Ау, сыпайы жігіт сенбісід? Бубнов ести-



місід. Мынаныд базарда тағы мазамды алғаны ти, ма-ран дейді...

Б у б н о в. Тисе... несі бар. Акшасы болса бар, әлі де болса сүйек-басы берік бозбала.

М е д в е д е в. Мен бе? Хо-хо!

Қ в а ш н я. О, көк текем. Жоқ, сен менің кытығыма тиме! Сүйіктім мен тісқаққан қатышмын. Қатынға күйеуге тию, кысты күні суатқа түсіп кетумен бірдей: бір рет ақымақтық еттім, мәдгі есімнен кетпестей болған...

М е д в е д е в. Өзің тура-туршы... күйеу деген әртүрлі болады.

Қ в а ш н я. Мен баяғы сол қалпымдамын. Күйеуім өлгендегі деймін-ау, — өзі де көрінде өкіріп жатқан болар, — қуанғаным сондай, күні бойы жапа-жалғыз отыра беріппін: отырмын шынымен-ақ бахытым ашылғаным деп, өзіме-өзім сенбеймін...

М е д в е д е в. Күйеуің урушыма еді... бехер еткенсің полицияға арыз етуід керек еді.

Қ в а ш н я. Сегіз жылдай қудайдыд өзіне-ақ арыз айтып бақтым түк көмегі тиген жоқ.

М е д в е д е в. Қазірде әйелді уруға болмайды. Осы күні — зад, тәртіп қатты.. Жазықсыз ешкімді де уруға болмайды...

Л у к а (*Аннаны алып кіреді*). Міне, жылжып біз де жеттік... Эх, сенбе. Осыншама әлід жоқ, жалғыз шығуға бола ма? Орныд қайсы?

А н н а (*орнын көрсетіп*). Рахмет, ата...

Қ в а ш н я. Міне, күйеуі бар қатын көріддер...

Л у к а. Түк әл калмапты, сорлыда... сенекте келе жатыр, қабырғаға сүйене... ыңкылдайды... Жағыз неге жібересіддер.

Қ в а ш н я. Көрмей қалғамыз ғой ғапу етідіз ата. Күтуші әйелі қыдырып кеткен болар...

Л у к а. Күл, күлө бер... сонда да адамды бұлай тастауға болама. Адам қандай болмасын — өз қунына татыйды.

М е д в е д е в. Қарау керек. Кенет өліп қалса қайте-сіндер. Әуре боласыддар бір катар... кэзден таса кылмау керек.

Л у к а. Дұрыс оныд, ундер... мырза...

М е д в е д е в. И-ия мен әлі... толық ундер... емес-пін... дегенмін.

Л у к а. Қойыңыз. Түрідіз нағыз өзі дерлік.

*(Сенекте айғай шу, жүгірген аяқ дыбысы естіледі).*

М е д в е д е в. Төбелес пе, немене?

Б у б н о в. Соған уқсайды...

Қ в а ш н я. Барып көру керек...

М е д в е д е в. Менде барайын. Әй, осы қызметпе! Төбелесіп жатқандарды неге арашалайды екен осы жұрт. Өздері де қоймай ма... төбелесуден шаршар еді ғой... Бірін-бірі емін-еркін урғызып қоя берсе... төбелес азаяр еді... Жеген таяғы көпке шейін есінен кетпес еді.

Б у б н о в *(сәкісінен түсіп жатып)*. Муны бастықтарға айт.

К о с т ы л е в *(есікті шалқасынан аша, айқайлайды)*.  
Абрам. Жүгір... Василиса Наташканы өлтірейін деп жатыр... жүгір...

*(Квашня, Медведев, Бубнов, сенекке жүгіре шығады. Лука басын шайқап арттарынан қарап қалады).*

А н н а. О, тәдірім... Сорлы Наташа.

Л у к а. Төбелесіп жатқандар кім?

А н н а. Хозяйкалар, апалы, сідлілі.

Л у к а *(Аннаның қасына барады)*. Не жетпейді.

А н н а. Тамақтары тоқ... дендері сау... сонан соң...?

Л у к а. Өзің, атыд кім?

А н н а. Анна... сізге қарасам... әкем есіме түседі... сізге уқсас өте жумсақ адам еді...

Л у к а. Көп илеп, иім канған сод, жумсарғаным ғой *(діріл күлкімен күледі)*.

Ш ы м ы л д ы қ

## ЕКІНШІ ПЕР ДЕ

**Сол көрініс.** Кешкі уақыт. Пештің қасында сәкінің үстінде Сатин, Барон, Кривой Зоб және Татарин карта ойнап отыр. Клеп пен Актер ойынға қарап отыр. Бубнов өзі сәкінің үстінде Медведев пен дойбы ойнап отыр. Лука табуретканың үстінде, Аннаның төсегінің қасында отыр. Жарық беріп тұрған екі шамның бірі карта ойнап отырғандардың қасында, екіншісі Бубновтың сәкісінің жанында ілулі тұр.

**Татарин.** Тағы бір жол ойнайым, — содан кейін ойнамаймын...

**Бубнов.** Зоб, қане қосыл. *(өзі бастайды).*

Күн шығады, батады.

**Кривой Зоб** *(қосылады).*

Абақтым менің қарадғы...

**Татарин** *(Сатинге).* Араластыр қарғаны. Жақсы араластыр, сенің кім екенінді біз жақсы білеміз.

**Бубнов пен Кривой Зоб** *(қосыла).*

Күндіз түн бірдей күзетші-эх-эх.

Әйнегімді бағады...

**Анна.** Таяқ... Урыс... содан басқа бұл жалғаннан ешнәрсе де көргенім жоқ... ешнәрсе де.

**Лука.** Неғыласын мудая беріп қарағым.

**Медведев.** Қалай жүрдід. Байқа...

**Бубнов.** А-а. Солай, солай, солай.

**Татарин** *(Сатинге жудырығын түйе).* Қарғаны неге тығасыд. Көріп отырмын... Эх, сенбе, сен.

**Кривой Зоб.** Қой деймін. Асан. Бәрі бір бізді бұлар утып алады... Бубнов баста!

А н н а. Тоя тамақ жеген күнімді білмеимін... бір тілім нанға зар болған кезімде болды. Артық ішіп-жеп қоямынба деп барлық өмірім қалтыраумен өтті... қыйналумен өтті... Өмір бойы ыйығыма ілгенім шоқпыт болды... бахытсыз өмірім осылай өтті... Не пигылымнан осылай болдым екен?

Л у к а. Эх, балақайым. Шаршадыд ғой. Дәнеме етпес.

А к т е р (*Кривой Зобқа*). Валетті жүр, сайтан, Валетті.

Б а р о н. Бізде Король болсаше!

Қ л е ш. Бұлардың қолындағы, қашан болсын ірі болып шығады.

С а т и н. Біздід әдетіміз солай...

М е д в е д е в. Би.

Б у б н о в. Менде бие шықтым, міне..

А н н а. Ажал жақын!

Қ л е ш. Қалай, қалай екен. Князь таста ойынды. Таста, деймін.

А к т е р. Ол сенсіз ақ біледі өзі!

Б а р о н. Байка, Андрюшка, сайтаныңды қағып алармын!

Т а т а р и н. Тағы бір жол үлестір, қумыра суға барамын деп жүріп сынып қалыпты ғой, менде сондай-ақ...

А н н а. Я тәңірім. Осы азап о дүниеде де алдымнан шығама екен. Онда да мекнат көрерме екем. Күндіз-түні ойлайтыным осы.

Л у к а. Ешкандай да мекнат көрмейсід. Жатып аздап дем ал. Қайдағы азап. Қайта дем аласыд онда... Аз шыдай тур. Журттыд бәрі де шыдап жүр, қарағым. Өмір талқысына әркім әр қыйлы болса да шыдап келеді. (*Түрекелін, жылдам басып ас үйге шығып кетеді*).

Б у б н о в (*ән бастайды*).

Өздерідше күзете бер...

К р и в о й З о б. Онсызда қашып кетеалман.

(*екеуі қосыла*)

Азаттыққа шыккым келед

Буғауым берік үзе алман.

Т а т а р и н. Картаны неге тығасыд жедіде?

Б а р о н (*сасып қалып*). Енді... қайда сенід мұрныңа тығайын ба?

А к т е р (*нандыра*). Князь. Сен қателестің... ешкім... еш уақытта да...

Т а т а р и н. Жада көріп қалдым. Жүлік. Ойнамаймын.

С а т и н (*картаны жыйнастырып*). Сен, Асан сөзді қой енді... біздід жүлік екенімізді жада біліп отырмысыд. Неге ойнадың онда.

Б а р о н. Ұтқызғаныд жыйырма тыйын, үш сом ұтқызғандай-ақ шулайсын... тағы князьбін дейді-ау.

Т а т а р и н (*қызу*). Адал ойнау керек!

С а т и н. Оның хажеті не?

Т а т а р и н. Қалайша, хажеті жоқ.

С а т и н. Солайша... хажеті не деііім?

Т а т а р и н. Неге екенін білмеймісід?

С а т и н. Білмеймін. Сен білетін боларсыд?

*(Татарин ашулы, жерге түкіреді. Бәрі оны мазақтай күледі).*

Кривой Зоб (*нақыл ретінде*). Қызықсың, сен, Асан. Өзің абайлашы. Булар адал жүре бастаса, үш күннің ішінде-ақ аштан өліп қалмайма...

Т а т а р и н. Менід онда жұмысым жоқ. Адал ойнау керек.

Кривой Зоб. Сылдырауын қоныраудай. Одан да жүріңдер, шай ішейік...

И-эх, буғауым, менід буғауым.

Б у б н о в. Сендерсід темір күзетшім.

Кривой Зоб. Асанка, кеттік. *(Ән салып кетіп бара жатады).*

Үзе алмаймын, сындыруға күшім аз.

*(Татарин Баронға жудырығын түйіп, жолдасының соңынан шығып кетеді).*

С а т и н (*күле, Баронға*). Хұрметті тақсыр—сіз, тағыда балшыққа белшедізден батып қалдыңыз білем. Оқыған адамсыз, картаны жасырып жіберуді білмейсіз.

Б а р о н (*колдарын жая*). Кім білген ол сайтанды...

А к т е р. Талант жоқ... Өзіде езід сену жоқ... онсыз... ешқашанда, ештедеде!..

М е д в е д е в. Менің бнім біреу-ақ... сенің бнің-екеу... и-ия.

Б у б н о в. Ақылды болса, біреуде олқы тимейді... жүр.

К л е ш. Утылдыңыз, Абрам Иваныч.

М е д в е д е в. Онда жұмысың болмасын... Ұқтың ба. Жайына тур...

С а т и н. Ұтыс — елу үш тыйын.

А к т е р. Үш тыйыны менікі... Ау, бірақ маған үш тыйынның хажеті не?

Л у к а (*ас үйден кіреді*). Татаринді ғой утып алдыдар. Енді барып арақ ішетін шығарсыңдар.

Б а р о н. Жүр, бірге баралық.

С а т и н. Сенің мас болғаныңды бір көрсем деп ем.

Л у к а. Жайдағымнан асып қайда барады, дейісің...

А к т е р. Жүр, қарт... Мен саған жаттаған өлеңдерімді айтып берейін...

Л у к а. Не дейсің?

А к т е р. Өлед, — түсінбей турмысың.

Л у к а. Өледді не керегіме жаратам мен.

А к т е р. Өлең дегенің кейде қызық, кейде мұң!

С а т и н. Ал, өлеңші жігітім, барамысың.

*(Барон екеуі шығып кетеді).*

А к т е р. Барамын... Казір қуып жетем. Міне, мысалы қарт, бір өлеңде былай делінеді, неден басталушы еді... ұмытып турмын... ұмытып тұрғаным. *(Маңдайын сыйпайды).*

Б у б н о в. Болды. Биің желінді... жүр!

М е д в е д е в. Олай жүрмеу керек еді... қап.

А к т е р. Бұрын, өнбойыма арақтың уы жайылымай тұрған кезде, қарт, бір жаттап алған нәрсеңді өмірі ұмытпайтын едім, қарт. Енді мынау... қурыды деген осында, туған. Мен үшін не қалды енді. Бұл өлеңді мен өте жақсы оқушы едім... ду қол шапалақтау. Сен... қол шапалақтау дегеннің не екенін білмейсің... Ол, туған, арақ сыяқты. Жұрттың алдына шығып... былай тура қалушы өм... *(қырындап турады)* Турамында... *(үндемейді)*. Есіме түссе бұйырмасын... бір сөзі де... қалмапты басымда. Ед жақсы көретін өлеңім... мұның түбі жаман-ау, қарт.

Л у к а. Ед жақсы көретін нәрсеңді ұмытып қалсаң, несі жақсы болсын. Барлық жаның сол жақсы көретін нәрсеңде тұрмайма.

А к т е р. Жаныңды мен араққа салып жібердім... Қарт... Мен, туған, елі адаммын... неге дейсің ғой. Өзіме-өзім сене алмадым... Мен біткен адаммын...

Л у к а. О не дегенің? Сен... Қоран маскүнемдікті

осы күні, емдеп жазатын болыпты, естіп турмысың. Тегін емдейтін көрінеді, туған... маскүнемдер үшін сондай аурухана ашылыпты... тегін емдейді дейді... Маскүнем-өлде адам деп тауыпты, көрдід бе, барып емделем десе қуанып қалатын керінеді. Бар сонда, емдел... бар...

А к т е р *(ойланып)*. Қайда барам? Қай жерде екен?

Л у к а. Олма, ол... бір калада... калай еді... Аты былай еді... Мен саған ол каланы айтып берейін... Сен былай ет: сен қазір әзірлене бер. Ішпе... өзің бекін... шыда... Ал содан кейін емделіп, жазылып кетесід... және жададан өмір сүре бастайсыд... Жададан бастау... туған өте, жақсы. Ал, байлауыңды айт...

А к т е р *(күлімдеп)*. Жададан... О бастан... Жақсы-ау ол... и-ия... қайтадан. *(Күледі)* И-ия, и-ия. Ол қолымнан келеді. Қолымнан келеді, а.

Л у к а. Несі бар келмейтін. Талаптанса..., адамның қолынан келмейтін нәрсе жоқ...

А к т е р *(кенет, ұйқыдан оянып кеткендей)*. Өзід, қызық екесің. Әзірше хош. *(Ысқырады)* Қария... хош бол, *(Шығып кетеді)*.

А н н а. Ата.

Л у к а. О не, шырағым?

А н н а. Айтшы бірдеде...

Л у к а. *(қасына келеді)*. Жақсы, сөйлеселік... *(Клеш жан-жағына қаранып, үндеместен әйелінің қасына барады, біраз әйеліне қарап тұрып, бірдеңе айтқысы келгендей, қолдарымен әлденені нұсқайды)*.

Л у к а. О не, інішек?

К л е ш *(ақырын)*. Жәй, әшейін...

*(Ақырын баса, сенектің есігіне қарай жүреді, бірнеше секунд есіктің алдында тұрып, шығып кетеді)*.

Л у к а *(көзімен шығарып салып)*. Күйеуің де қатты қыйналып жүр...

А н н а. Оны ойлайтын халден өтіп кеттім білем...

Л у к а. Ұрушыма еді.

А н н а. Урғанда, кандай... Соныд таяғынан да өстіп қалған болармын...

Б у б н о в. Әйелімнід жүретін жігіті болды, одбаған, дойбыны өте жақсы ойнайтын еді...

М е д в е д е в. Мм-м...

А н н а. Ата. Бірдеңе айтшы, атажан... зәрем жоқ!

Л у к а. Денеме етпейді ол. Өлім нышанасы ғой ол, шы-

рағым. Дәнеме етпейді. Тек жүрегінді сендір... Ол дүниеге барсам, тыйыштық аламын деп ойлашы... ешнәрсенід де керегі болмайды, қорқатында дәнеме жоқ. Тыныштық, рахат... жата бер тек... Ажал бәрін де тындырады. Бізге дегенде ажал меһырбан келеді... өлдің тынышталды дейді... Сол дурыс айтылған сөз, шырағым. Бул жалғанда адамға дем алу қайда.

*(Пепел кіреді. Аздап ішіп алған, шашы — дуда-дуда, қабағы түсіңкі. Есікке таяу, сәкінің үстіне отыра кетеді, қозғалмастан отырып қалады).*

А н н а. Қалай екен — онда да азап шеккізе ме екен.

Л у к а. Ештеде де болмайды. Ештедеде. Нан менің сөзіме. Рахат — одан басқа ештедеде емес. Шақырып алла тағаланың алдына алып барады. Алла тағала уа та-барака, міне көрідіз, алдыдызға Анна деген құлыдыз келіп тур, дейді...

М е д в е д е в *(қатал)*. Эй, онда не айтатынын сен қайдан білесід. *(Пепел Медведетің даусы шыққан кезде, басын көтеріп тыңдай қалады)*.

Л у к а. Ундер мырза, білмесем айтпас та едім....

М е д в е д е в. *(оқуасығандай)*. М... ия. Әрине... өзін білесід... Мен әлі толық ундер... емеспін... дегенмен...

Б у б н о в. Екі аламын...

М е д в е д е в. Ах, сенбе... сеніме...

Л у к а. Алла тағала, меһырбан жүзімен саған карайды да: бул Аннаны мен білемін дейді. Апарып, жумаққа кіргізіддер, Аннаны дейді. Рахаттансын... білемін турмысы өте ауыр болып еді... көп мехнат шегіп еді... шаршап еді... Аннаға тыныштық беріддер дейді...

А н н а *(булығы)*. Атажан... сүйікті атажан... айтқаның келгейді. Тек... тыныштық алсам... ештеңені де сезбейтін болсам...

Л у к а. Сезбейсід. Ештеде де болмайды. Нан шырағым. Күдіксіз, қуаныш үстінде жум көзінді... мен айтып отырмын ғой, ажал біздер үшін — сәбиін күткен анадай меһырбан келеді...

А н н а. А... мүмкін... мүмкін, жазылып кетермін.

Л у к а *(мысқылы күлкімен)*. Көрген азабым аз еді деп жазыласың ба?

А н н а. Тек... тағы біраз... тірі жүре тұрсам... тағы бір аз. Онда азап шекпейтін болсам... мундағы азапқа шыдай тұруға болмай ма... Әрине.



Л у к а. Онда ештеде де болмайды... Тек әшейін...

П е п е л (*түре келіп*). Әлде өтірік, әлде шын.

А н н а (*шошына*). Я тәдірім...

Л у к а. А, сулу жігіт...

М е д в е д е в. Кім айғайлап жүрген?

П е п е л (*қасына жақындап барып*). Мен. Қайтушең.

М е д в е д е в. Бекер, дауыстайсыд. Адам деген әдепті болу керек...

П е п е л. Э... топас... әттед ағасысыд-ау аналардың.

Л у к а (*Пепелге ақырын*). Естіп турмысың, дауыстама. Ана әйел өлейін деп жатыр... еріндері кезеріп кетіпті.. алма тынышын.

П е п е л. Ата, сенід тілідді, аламыд. Сен; өзің жігіт екесід. Өтірікті де айта білесід... әңгімелерінде жанға бір түрлі жайлы тиеді. Айта бер, өтірігіңді қайтер дейсід... бұл жалғанда жан сая табар нәрсе онсыз да аз туған.

Б у б н о в. Шын, өлейін деп жатыр ма, қатын?

Л у к а. Шын-ақ білем...

Б у б н о в. Жөтелінен кутылады екеміз, әбден жөтелі мазаны алып болып еді... Екі аламын.

М е д в е д е в. Ах, оқ өдбеніднен тура тигір

П е п е л. Абрам.

М е д в е д е в. Мен саған Абрам емеспін...

П е п е л. Абрашка. Наташа ауырып жатырма?

М е д в е д е в. Сенід онда не шаруад бар?

П е п е л. Жок, айтшы: Василиса қатты ұрыппа?

М е д в е д е в. Онда да сенід жумысың болмасын. Ол үй ішідід шаруасы... Сен кімсід өзің?

П е п е л. Мен кім болсам, ол болайын.. ерегесем тәйт дегізіп Наташаны алып кетермін.

М е д в е д е в (*ойынды қоя салып*). Не дейсід, сен әй: Кімді айтып тұрсыд езід. Менід қарындасым... уа, соғылған уры неме.

П е п е л. Уры деп, сенід устап алған жерід жоқ...

М е д в е д е в. Тура-тур. Я, мен у стап та алармын... Асықпа тура-тур...

П е п е л. Устап алсад уяд бузылар, кара түнек орна-тармын байка. Тергеушінід алдында үндемей қалады деп ойлаймысын. Қасқырдан қайрым күткен қойдай боларсындар. Мені урлыққа баулыған кім, аттандырған кім деп сураса: Мишка Костылев, әйелімен екеуі дейім. Ур-

В а с и л и с а. Ау, сенбісід... не бітіріп тұрсың мұнда сілейіп.

Л у к а. Бөгет болып тұрсам кетейін.

В а с и л и с а (*Пепелдің бөлмесіне таман жүріп*). Василий менің сенде жұмысым бар еді... (*Лука сенектің есігіне барып, ашып, қатты қайыра жабады*). Содан ештеп сәкінід үстіне, одан печтід үстіне шығып кетеді. (*Пепелдің бөлмесінен*). Вася мұнда келші.

П е п е л. Бармаймын... не алам барып.

В а с и л и с а. Келмесед келме. Неге ашуланып жүрсід.

П е п е л. Ішім пысып кетті... тойдырып жіберді осы әуре сарсад...

В а с и л и с а. Мен де... тойдырдым ба?

П е п е л. Сен де!.. (*Василиса қолдарын кеудесіне баса, ыйығындағы шәлісін кәре түседі. Ақырын басып Аннаның төсегінің қасына барады, ештеп шымылдықты ашып қарайды да, Пепелдің қасына келеді*). Ал... айта бер.

В а с и л и с а. Не айтатыны бар. Зорлап сүйдіре аламын ба... Қайыр сурау менің қолымнан келмейді... Шыныңды айттың оғад да рахмет...

П е п е л. Қандай шындық?

В а с и л и с а. Сенде тойдырдың демедің бе... әлде оның шының емеспе. (*Пепел үндемей қарап тұрады*). (*Жақындай түсіп*). Неге тесіле қалдың? Танымай тұрмысың?

П е п е л. (*күрсініп*). Сулусың-ау Васька... (*Әйел қолдарын Пепелдің мойнына артады. Пепел ыйығын қозғап әйелдің қолдарын түсіріп жібереді*)... Сонда да жүрегім саған берілген емес... жақын жүрген күндерді өзінде де сен маған унап көрген жоқсың...

В а с и л и с а (*Ақырын*). Со-лай... Со-ны-мен...

П е п е л. Не болсын, сөз қалған жоқ арамызда айтатынын... сөз қалған жоқ... аулақ жүр менен...

В а с и л и с а. Васька біреу унап қалдыма?

П е п е л. Онда жұмысың болмасын... Унаса да жедгелікке сені шақырмасын...

В а с и л и с а (*астарлы*). Бекерге шақырмайсың... Мүмкін араларыңа өзім жүріп, келістіріп жіберермін.

П е п е л (*сезіктене*). Кімді айтасың?

В а с и л и с а. Өзідде білесің... Несіне білмегенсің қалдың. Василий... мен тұрашыл адаммын... (*ақырындау*) Жасырмаймын... Көңілімді қатты қалдырдың... жа-

зыксыздан жазықсыз, қамшымен тартып қалғандай болды... Сүйемін деуші ед... кенеттен.

П е п е л. Тіптенде кенеттен емес... мен... көптен... сенде жан жоқ қатынсың... Әйел жаны нәзік болу керек... біздер—айуанбыз... бізге керегі... үйрету керек біздерді... ал сенше, неге баулыдыд мені.

В а с и л и с а. Өткенді айтып қайтесід... Өтті, кетті. Медде білемін, адам өзің-өзі билей алмайды... сүймейді екесід... жарайды. Солай-ақ болсын.

П е п е л. Олай болса, іс бітті: жанжалсыз тату ажырасайық... Ода жақсы.

В а с и л и с а. Жоқ, аял бер Мен сенімен жүрген кезде... ойлаушы ем, мені мына тудғыйықтан қутқарар деп үміттенуші едім. Күйеуімнен де туысканымнан да, барлық осы өмірден қутқарар деуші едім... Мүмкін, Вася, мен сені сүймеген болармын... өзімнің осы ойымды, үмітімді сүйгед болармын... сен тек... түсініп турмысың... Сен қутқарар деп едім. Шығарып алар деп едім.

П е п е л. Шығарып алатын, сен шеге емессід, — мен қышқаш емен... Мен қайта ақылды әйел ғой өзі-ақ деп ойлайтынмын... өзід айтшы ақылды емен, епті емен, деп...

В а с и л и с а. (*Еңкейе, жақындай түсіп*). Вася кел... бір-бірімізге көмектесейік одан да...

П е п е л. Қалайша.

В а с и л и с а (*ақырын, зілмен*). Сінлім саған ұнайды... Білемін...

П е п е л. Соққыға жығып жүргенінде, содан ғой. Байка, Васька. Тимегейсід оған...

В а с и л и с а. Асықпа. Тура-тур. Дабырламай бәрінде ойдағыдай тындыруға болады... үйленгід келеді екен... үйлен Наташаға. Үш жүз сомдай ақша да берейін... Кольма молырақ түссе... көбірек те берермін.

П е п е л (*кейін шегіне*). Тоқта бул қалай... не үшін?

В а с и л и с а. Қутқар мені... (*күйеуімнен*). Ал, мойнымдағы тузақты...

П е п е л (*ақырын ысқырады*). А-а... осылай еді де. Жақсы-жақсы. Жақсы ойлап тапқансың...байымды көргетығамын... жігітім айдалып кетеді... өзім де...

В а с и л и с а. Вася. Айдалма. Өзід қолыңды булғамай-ақ қой... жолдастарыд бар емеспе. Ал, өзің болдың... сонда кім біледі. Наталья... Ойланшы өзің. Ақшад да болады... бір жаққа кетіп қал... мені мәдгі азат етіп кетесід... Натальядыд менімен бірге турмағаны өзіне жақ-

айта алмайсың. Өзід тындашы менід ақылымды. Кедлід сүйгед қызылды қолынан жетекте де, тартып отыр... Кет... Аулаққа кет...

*П е п е л (қабаны түйе).* Бул журтты түсіну қыйын. Қайрымдысы қайсы, зулымы қайсы"... білмеймін.

*Л у к а.* Білмейтін не бар. Әркім, әр қыйлы жүре береді... Көңлі дені қаласа... солай жүре береді... Бүгін қайырымды, ертед кәссіз... Ал, мына қызға кедлід шын кеткен екен... алда кет, бітсін сонымен... немесе жалғыз кет. Басыд жас, қатылды әлі-ақ тауып аласыд.

*П е п е л (Луканы ыйығынан алады).* Жоқ, өзің айтшы, осыныд бәрі не үшін деймін?...

*Л у к а.* Тура-тур, қоя бер... Аңнаны байкайын, тіпті қатты қырылдап кетті...

*(Аннаның төсегіне карай жүреді, шымылдықты ашып қарайды, тамырын устай көреді. Пепел, ойда, Лукадан көзін алмайды).* Рахматы мол, тәдір ием. Кулыд Аннаның алдынан жарылқа.

*П е п е л (ақырын) өліппе.* *(Жақындамайды, мойнын соза, кроватьға қарайды).*

*Л у к а (ақырын).* Жаны сая тауыпты. Күйеуі кайла жүр.

*П е п е л.* Трактирде отырған болар...

*Л у к а.* Айту керек.

*П е п е л (селк етіп).* Өлген кісіні жек көрем.

*Л у к а (есікке қарай жүреді).* Өлікті сүйіп қерегі не... Тіріні сую керек... тіріні.

*П е п е л.* Менде барайын...

*Л у к а.* Қорқып турмысыд...

*П е п е л.* Жаратпаймын... *(Асыға шығып кетіседі. Ешкім жоқ, тым тырыс. Сенектің есігінің ар жағынан, үздік-үздік, түсініксіз дабыр естіледі. Соңынан актер кіреді).*

*А к т е р (есікті жаппастан босағада тоқтап қалады, есіктің жактауынан устай тұрған күйі, дауыстайды).*

Шал, ей, кайдасыд. Есіме жада түсті тыңда.

*(Теңселе ілгері екі аттап басады, керіліп тұрып өлеңдете жөнеледі).*

Мырзалар. Хасиетті шындыққа  
Жол таппаса жалпы әлем,  
Ақмақты, барлық журтты  
Тадырқатқан, ақылды адам деген жөн.

*(Наташа келіп, Актердің сырт жағынан, есіктен қарап турады).*

А к т е р. Ау, қария...

Актық сағат жетсе егер  
Күн әлемге нурын төгер.  
Бір Дананыд ой-сәулесі,  
Жер-жаһадды нурға бөлер.

Н а т а ш а. *(Күледі)* Қарақшы. Байыған екен...

А к т е р *(Наташаға қарай бұрылады)*. Ау, сенбісің. Әлгі шал қайда... сүйкімді қария. Мұнда ешкім жоқ білем... Наташа, қош бол. Қош бол... ия.

Н а т а ш а *(Үйге кіреді)*. Амандаспай жатып, қош болың не...

А к т е р *(алдын кес-кестен)*. Мен кетіп бара жатырмын... кетемін... жаз шықса болды мен мұнда турмаймын...

Н а т а ш а. Қоя берші. Кайда бармақсыд.

А к т е р. Қаланы іздеуге... емделуге... Сен де кет... Офелия монастырға кет... Организмді емдейтін... маскүнемдерге деген... аурухана бар... дейді. Уктыд ба... тамаша аурухана... мәрмәр тастан едені... едені мәрмәр тастан. Жарық, таза, тамақ бәрі де тегін. Едені мәрмәр тастан, ия. Іздеп табармын соны, емделіп жазыламын. Сонан сод, кайыра... Король... Лир... айтқандай... мен қайта туу жолына түсіп турмын... Наташа... мені сахнадағы атым Сверчков, Заволжский... мұнда ол атымды ешкім де білмейді, ешкімде. Мұнда мені атымды атап шақыратын кісі жоқ. Азан шақырып қойған, атымды жоғалтып, сондай ауыр тиеді екен. Ит екеш иттід де аты болады... *(Наташа ертеп актерді айналып өтеді, Аннаның кроватиның қасына барады, үңіліп қарайды)*.

А к т е р. Аты жоқ адам жоқ...

Н а т а ш а. Қарашы... Қалкамі-ау... өліп қалған ба?..

А к т е р *(басын шайқап)*. Мүмкін емес!.

Н а т а ш а *(шегіншектен)*. Құдай біледі...өзід қарашы ..

Б у б н о в *(есіктен кіре бере)*. Нені кара дейсід?

Н а т а ш а. Анна... Өліп калыпты.

Б у б н о в. Жөтелден кутылған екеміз, ендеше.. *(Аннаның төсегінің қасына барып, қарайды, содан өз орнына барады)*. Клешке айту керек... содыд жұмысы ғой...

А к т е р. Мен барайын... айтайын... атымды да жоғалттым *(шығып кетеді)*.

А к т е р. Ия... мунда өлікте жатырма... «Ауымызға өлікте ілініпті»... Б — беранжердід... өледі...

С а т и н (*айғайлап*). Өліктер — керед, туктіде естімейді. Өлік еш нәрседе естімейді. Айғайла... ойбайла... өлі к естімейді. ,

*(Есіктен Лука кіріп келе жатады)*

Л у к а. О падиша худайым!..

*Ш ы м ы л д ы қ*

## ҮШІНШІ-ПЕРДЕ

Шашылып жатқан әртүрлі қоқсық, курай басқан, қораның іші «Бос алаң». Арт жағында биік кірпіш брандмауер. Аспанды брандмауер көрсетпей жауып тұрады. Брандамауерге таяу бінеу-саран өскен бұта. Оң жақта сарай немесе ат қораға усаған, бөренеден салынған құрылыс. Сол жақта, Қостылевтің жатақ үйінің, көт жерінің штукатурасы түскен сурғылт дуалы. Дуал қыйғаштай келіп, артқы бұрышы қораның орта шеніне жетіп тұрады. Бұрышпен қызыл дуалдың арасында тар өткел бар. Сурғылт дуал жақта екі терезе келінеді: бірі төмен жер табанмен бірдей, екіншісі екі кездей жоғары, брандмауерге таяу. Дуалға таяу, төңкерілген ескі өгіз шана және ұзындығы төрт кездей бөрене жатыр. Дуалдан оңға қарай—үюлі ескі тақтай, жіңішке жоған ағаштар жатыр. Кешкі уақыт, брандмауерді қызыл шапаққа белей күн батыға барады. Көктем жаңа шығып келе жатқан кез, қар жақында ғана еріген. Буталар әлі бүрін жармаған Наташа мен Настя қатарласа бөрененің үстінде отыр. Лука мен Барон шананың үстінде отыр. Қлеш оң жақтағы дуалға таяу ағаштардың үстінде жатыр. Төменгі терезеден Бубновтың басы келінеді.

**Н а с т я**— (Көздері жумулы, сөзінің ырғағына қарай басын шайкай түсіп, сылдырата сөйлеп отыр). Түн ішінде бакшаның ішіндегі алаңқыға, уәделескен жерімізге келді... мен бір қыдыру уақыт күтіп қалдым, бір жағы корку, бір жағы уайым қалшылдап барамын. Олда қалш-қалш етеді, ақ қағаздай аппақ болып кеткен, қолында алты атар...

**Н а т а ш а** (*шекілдеуік шаққан қалпы*).. Бәсе. Студенттер өжет келеді дейтін, рас екен ғой, тегі...

**Н а с т я**. Біртүрлі қорқынышты дауыспен маған: асылым, махаббатым, деді!

**Б у б н о в**. Хо-хо! Асылым?

**Б а р о н**. Тура-тур. Тыңдағың келмейді екен тыңдама, сөзін бөлме... есе берсін... сонымен.

**Н а с т я**. Перизатым, махаббатым, дейді. Әке-шешем, саған үйленуіме рұхсат берер емес... саған деген махаббатым үшін мені мәдгі қарғап өтуге дайын. Сондықтан да өмір менен қоштасқалы гурмын... Қолында үлкен алты атар, он оғы бірдей ішінде самсап тұр. Қош бол жүрегім-

қамай өліп кетсем қайтем... оны ойласам зәрем қалмайды... жазды күні өлу оп-оңай емес пе... нажағай түсіп турады... Нажағай түссе ғой өлуің лезде...

Б а р о н. Сенід турмысыдда кыйын, анау апад ба... барып турған көк айыл...

Н а т а ш а. Кімге жедел дейсід турмыс. Көріп жүрмін... журттыд бәріне де ауыр...

К л е ш *(буған шейін, лам деместен, қозғалмай отырған Клеш — кенет атып турады)*. Бәрінеде деймісід. Бәрі емес. Өтірік оныд! Бәрі болса... бір сәрі ғой! Онда қызғаныш та емес... ия!

Б у б н о в. Сайтан сүзіп жібердіме, ей сені? Көрдін бе.. ышқынуын. *(Клеш кайтадан орнына қыйсаяды)*.

Б а р о н. Настенькамен барып татуласпасам болмас... татуласпасам — аракқа ақша бермей кояр.

Б у б н о в. М-м... дегенмен журт өтірік айтуды өте жаксы көреді... Настенькені... былай қойшы. Бет аузын бояп үйреніп кеткен. Адам енді жанында боямақшы болады... жанында қызартпақшы... Ал, басқалар ше? Мысалы, мына, Лука... өтірікті судай сіміреді... бірақ өз пайдасы үшін айтпайды... Шал адам... лайық емес ақ.

Б а р о н. *(мысқыл күлкімен алыстай береді)*. Журттыд бәрінің де жаны сурғылт... бәрі де боямақшы болады жандарын.

Л у к а. *{бурьш жактан шығады}*. Сен, байбатша, қыз байғұсқа неге тиесін. Жылай берсін, жубана берсін... Қайтесін бөгет болып... жыласа өзі үшін жылайды...одан саған келер зиян не.

Б а р о н. Ақмақтығын айтамызда, карт. Тойдырып бслды... Бүгін Рауль, ертед Гастон... айтатыны бәрі сол бір уақыйға. Дегенмен барып татуласпаса болмас... *(шығып кетеді)*.

Л у к а. Бар... маңдайынан сыйпа, еркелет. Адамды маңдайынан сыйпаудан қашан болсын зиян болмайды.

Н а т а ш а. Мейірімдісід ата... Неліктен мунша мейірімді болдыд ата.

Л у к а. Мейірімді, деймісід? Жарайды... солаи-ақ болсын... ия! *(Кызыл дуалдың ар жағынан ақырын тартқан гармонның даусы, ән естіледі)*. Қызым, біреу мейірімді болмаса, журтты аямаса бола ма? Ғайса пайғамбар журттыд бәрін де аяп өткен, бізге де соны өсиет етіп кеткен... Мен саған айтсам, адамды дер кезінде



аяй білу өте жақсы! Бір жылы, Томек қаласының мадында, бір инженердің дачасында күзетші болып тұрдым... Турып жаттым! Дача елсізде, орманның ішінде еді... қыстың күні, дачада жалғыз өзім ғана еді... тіпті тамаша Бір күні тыддасам біреулер бузып кіріп келді!

Н а т а ш а. Урылар ма?

Л у к а. Солар: бузып, жарып кіріп жатыр, ия!.. Мылтығымды алдым да, сыртқа шықтым... Қарасам\*екі адам... терезені ашып жатыр — екеуі өзімен өзі әлек, мені көргенде жоқ. Бу кім әй, тарт кейін деп... айқай салдым. Екеуінің маған қарай, балта ала, умтылмасы барма... Тоқтаңдар, әйтпесе, қазір атамды дедім. Мылтығымды екеуіне кезек-кезек оқтанып қоямын. Екеуі де... тиме, босағ, қоя бер деп тізерлеп отыра қалып, жалынды. Мен тіпті қатты ашуланып кеттім... балта алып жүргендерін айтам-ау! Кетіңдер деп едім, соғылғандар, кетпедіңдер... дедім, енді бірід: мынадан шыбық кес дедім, кесіп әкелді. Содан кейін, бірід жат етпетіднен, екіншің ана жатқаныда дүрө сок, — деп бұйырдым. Сүйтіп екеуі менің бұйрығым бойынша бірін-бірі дүрелеп шықты. Бірін-бірі дүрелеп болған сод. Атажан... куда үшін бір тілім наньд барма деп жалынбасы барма. Нәр татпағанымызға көп болды дейді. Міне саған уры, сүйіктім! *(Күледі)*... Міне саған балта ала умтылу. Екеуі де жақсы мужыктар... Мен айттым-ау, одбағандар-ау о баста, өстіп сурасаддар болмайма деп. Әбден торықтық дейді... Қанша сурасадда түк бермейді... торықтық, дейді... Сөйтіп екеуі қыстай менімен бірге тұрды. Дачаны үшеулеп күзетіп шықтық. Жаз шығысымен, хош бол ата десті де, жүріп кетті. Ішкі Ресей жаққа.

Н а т а ш а. Қашқын ғой тегі. Айдаудан қашқандар болар.

Л у к а. Шышында солай екен, айдаудан қашқан жігіттер екен... Жақсы жігіттер еді... Мен аяп жылы шырай бермесем мүмкін мені өлтіріп кетермеді кім біледі... содан сод ғой, сотталады, абақтыға жабылады, Сібірге айдалады... не шығады одан. Абақты жақсылыққа бастамайды. Сібір де жақсылық үйретпейді... жақсылыққа бастайтын адам. Адам ғана жақсылыққа бастай алады... оп-одай бастайды.

*Тым-тырыс*

Б у б н о в. Ия-ия... Мына мен өтірік айта алмаймын! Хажеті не? Менідше не болса да шынын айт та отыр. Уялатын несі бар.

К л е ш *(бір жері күйіп қалғандай қайтадан атып тұрып, айқайлайды)*. Қандай шындық. Қайда сол шындығыд. *(Үстіндегі шоқпыт киімін көрсетіп)*. Мынауғой шындығыд. Істейін десед жұмыс жоқ... Әлде жоқ. Осы ғой шындығыд! Қырылып өлу... сол ғана шындық. Ләнет-ләиет. Хажеті не... маған шындықтың. Тыныс бер... Тыныс. Қанша жазығым бар менід!.. Неме керек маған шындық. Күн елтерлікте лаж қалған жоқ... міне керек болса, шындық!..

Б у б н о в. Мәссаған керек`болса!..

Л у к а. Тәңір нем... сүйіктім... тыңдашы өзің.

К л е ш *(қызынудан қалш-қалш етеді)*. Шындық дейсіддер. Сен, шал, жұрттың бәрін де жубатасың... Мен айтсамба... мен айтсам... бәрідді де жек көремш. Әлгі шындығыдды да жек көремін, қарғыс атсын ондай шындықты. Ұқтың ба. Түсіне бер. Қарғыс атсын. *(Артына жалтақтап, бұрышқа қарай жүріп кетеді)*.

Л у к а. Ай-яй. Адам деген муншада қызынады екен-ау... Қайда кетті жүгіріп, өзі.

Н а т а ш а. Қутырғанға уқсайды.

Б у б н о в. Қутырғанда қандай! Тап театрда ойнағур дерлік... мундайлар жиі кездеседі... өмір талқысына әлі көндікпегендік қой...

П е п е л *(бұрыштан жәй аяндап шығады)*. Адал қауым аманбысыддар. Соғынды қария не соқтырып отырсыд?

Л у к а. Жадағыныд қалай бақырғанын көрмедің ғой.

П е п е л. Клешпе ол айтып отырғандарың. Біреу те-мір қарып алғандай-ақ ушып барады... не болған өзіне?

Л у к а. Жүрегід кернеп, кеудеде сыймай кетсе... сен-де жүгірерсід...

П е п е л *(отырады)*. Жек көрем өзін... мінезі тым катал, әрі такаббар. *(Клешті кекете)*. «Мен жұмыс адамымын дейді. Жұрттыд бәрін де өзінен томен санайды... өзіне унайды екен істей бер жұмысыдды... Мактанатын не бар? Адамды жұмысына қарай бағалайтын болса... онда жылқы баласы қандай адамыңнан болса да артық болған болар еді. Қанша жүк тиесең де... үн-түн жоқ тарта береді. Наташа. Апа, жездед үйде не?

Н а т а ш а. Бейт басына кетті... содан намазға бармакшы...

П е п е л. Қыдырып жүргенід сол екен ғой...

Л у к а (*ойлана, Бубновка*). Сен айтасың... шындық] дейсід, сол шындығың қашан болсын адамның ойлаған жерінен шыға бермейді... жан жарасын ұдайы жаза бермейді... мысалы мынадай бір уақытқа болды: біздік бір адам жер үйек дейтін жер болады деп сенетін...

Б у б н о в. Неменеге?

Л у к а. Жер үйекке дейім. Жер бетінде жер үйек деген жер болу керек... ол жерде ерекше жұрт-жақсы адамдар-турады. Бірін-бірі қатты ардақтайды, бірінсі бірі қудайы тегін қарайласып отырады, елі жақсы, бай келеді, дейтін. Сол жер үйекті іздеме... жолға шығуға дайындалып жүруші еді. Кедей адам еді, — өте нашар тұратын... турмысы ауырлап, үйінде ішкісі таспақ, киерге киім қалмаған кезде де... едесі түскен емес. Күлімдегі қайтер дейсід. Шыдай турамда. Тағы Сіраз күтем, содағ сод бәрінде тастап жер үйекке кетем дейтін... жалғыз ғана қуанышы, медеуі осы жер үйек еді...

П е п е л. Сонымен іздеді ме?

Б у б н о в. Кайда барады? Хо-хо.

Л у к а. Уақытқа Сібірде болған еді... сол жерге айдалыш бір ғалым адам келді, ғалымды білесіндер ғой толып жатқан кітаптарын, плаидарын көр-жерлерін ала келеді... әлгі адам барады да ғалымға... төрене құлдық істеген жақсылығыд болсыд... жер үйек кай жерде оған апаратын жол қайсы айтып берші — деп жалынады. Қазір деп ғалым кітаптарын ашып, пландарын жайып салып... қарай-қарай келеді де — жер үйек деген же?; еш жерде жоқ дегенді айтады. Бәрі де дұрыс, жер біткеннің бәрі де көрсетілген, ал жер үйек жоқ...

П е п е л (*акырындау*). Қалайша? Жоқ, а? (*Бубнов қарқылдап күледі*).

Н а т а ш а. Тура-туршы сен. Ал ата, сонымен.

Л у к а. Адам нанбайды... Болу керек... дұрыстағ кара... дейді. Егер жер үйек жоқ болса... онда сенің кітабыңның да, планыңның да бұты бір тыйын дейді... Ғалым көңіліне ауыр алып қалады. Менід пландарым ең дұрыс план, жер үйек еш жерде жоқ дегенді айтады. Ал, жоқ. Әлгі сорлы қатты ашуланып кетеді. Қашанна бергі сенімі, күткен үміті. Планға қараса жоқ. Енді қайтпек. Ғалымға турып: иттід күшігі, ғалым емессің,

сен... арамзасыд-деп, кулақ шекеден переді кеп. Және бір перед!... *(аз тым-тырыс)*. Содан сәң, үйіне барады да асылып өледі *(бәрі де үндемейді. Лука күлімдеп Пепел мен Наташаға қарайды)*.

П е п е л *(ақырын ғана)*. Дегенмен... онша қызық уақыйға емес екен...

Н а т а ш а. Үміті кесілген сод шыдамай кеткен ғой...

Б у б н о в. Бәрі де ертек...

П е п е л. Мәс-саған... жср үйек!.. болмай шыққан екен э!

Н а т а ш а. Әлгі адам бишараны аяп турмын...

Б у б н о в. Бәрі де болса хиял... Хо-хо-хо. Жер үйек! Қайдағы жер үйек? Хо-хо-хо. *(Әйнектен көрінбей кетеді)*.

Л у к а *(Бубновтың жатқан терезесіне қарай басын изеп)*. Күлуін Эхе-хе... *(тым тырыс)* Ал, жігіттер... Істерід одға басуына тілектеспін. Кед узамай жүріп кетермін деймін...

П е п е л. Қай жаққа?

Л у к а Мужықтар арасына... жада дін шығыпты деп естідім. Барып көргім келеді... Қайтсін, журт ізденеді, жақсыға умтылады да... тек, тәңірім, медет бергейді.

П е п е л. Калай деп ойлайсыз... табама іздегендерін!

Л у к а. Журтты айтамысыд. Табады журт. Іздеуші таппай қоймайды .. ниеті бекем болса табады!

Н а т а ш а Тек бірдеде тапса деседізші... неде болса бір жақсылық ойлап тапса!..

Л у к а. Оларма? Олар ойлап таппай қоймайды. Тек оларға көмектесу керек, кызым:.. қадірлей білу керек...

Н а т а ш а. Менен не көмек сурайсыз? Өзімнің де сүйенерім жоқ. .

П е п е л *(батыл)*. Мен тағы... менід тағы сөйлескім келіп тур сенімен... Наташа... міне мына қарияның алдында... бәрінде біледі — осы қария... кетелік қол ұстасып.

Н а т а ш а. Қайда барамыз! Абақтыларды аралай-фабіз ба?

П е п е л. Айттым ғой тастаймын урлықты. Кудай біледі, қоямын! Айттым болды—өкі етпен! Қат білем... қызмет етем... мына қария айтады-Сібірге өз еркідмен кет дейді... кетелік сол жаққа жә деші. Осы жүрген түрід өзіңе лайық деп ойлайтын боларсын. Эх, Наташа. Біле-

мін. Көріп жүрмін. Менід жубанышым-урлықты менен бетер стейтіндердід ардақты орындарда отырғанын, бірақ оныд да маған көмегі аз. Менід ойым — ол емес. Мен өкініп тұрған жоқпын... ар-инабат дегенге мен сенбейім... тек менід сезетінім: баскаша туру кереч. Бұдағ жақсы емір сүру керек. Мен өзімді өзім қадірлейтін болайын... Міне осы маған керегі.

Лука. Дурыс, шырағым, дурыс. Тәңір бетіңнен жарылғасын... тәдірім көмекші болсын. Дурыс айтасын: адам өзін езі қадірлейтін болу керек..

Пепел. Мен бала жасымнан урымын... Мен уры Васька, урыдан туған уры Васька дегеннен басқа сөз естігенім жок. Аха. Солай ма? Мә — олай болса. Міне мен — урымын... Түсін тек өзің: мен, мүмкін, ерегістен уры болып кеткен болармын... Мені уры деген аттан баска атпен атау еш қашан да, ешкімнід де аузына түскен емес... Сен аташы басқа атпен, Наташа, кәне.

Наташа *(муңды)*. Неге екенін білмеймін сенбеймін... қандай сөзге болса да сенгім келмейді... Бүгін бір түрлі мазам кетіп тұр... Жүрегім лүпілдеп... әлде нені күткендеймін. Несіне кетем сені мен. Рас кейде-ұнайсың да маған... ал, кейде қарасам кусқым келеді... Тегі сүймейтін болармын дейім сені... Шын сүйсе — сүйген адамның жамаң жақтарын көрмейді дейді... Мен болсам-бәрін де көремін...

Пепел. Қорықпа, — әлі-ақ жақсы көріп кетесід! Бойыд үйреніп кетеді... тек езід жә... деші. Байқағтап жүргеніме жылдан асты... жақсы... устамды қызсың... серік боларлық адамсыд... сүюім хақ, сүйгенде қандай... *(Сәнді киінген Василиса, жоғарғы терезеден қарап тұрады)*.

Наташа. Солай, Мені сүйсед апаммен ше?

Пепел *(ұялғандай)*. Жә, оны койшы. Ондайлар азба...

Лука. Сен... қызым, кайтесід оны? Бидай болмаса ермедді де көже ғып ішеді... Бидай болмаса дсйін-ау.

Пепел *(қабалға қатыңқы)*. Ая... мені! Ащы өмірдід дәмін таттым... қасқырша жулып қашып күнелту... болмайды... Мый батпаққа белшеммен батып барамың. Қарманғанымның бәрі де шірік болып шықты... суырып ала алар емес... Сенің апад... менід ойлаған жерімнен шықпады... Егер осынша дүниө қодыз болмаса — мен

этқа түс десе, оттан да тайынбас едім. Тек маған бір-қолата берілсе еді. Бірақ оған керегі басқа болды. Оған керегі ақша ғана, содан сод еркіндік... еркіндік бұзықтық ету үшін ғана керек оған! Ол маған қолының ушын бере алмайды. Сен болсад жас шыршасыд, тікенегід батқанмен сынбайсыд. Қулатпайсыд.

Л у к а. Менід айтарым да сол, — уста етегінен қызым, уста. Жаман жігіт емес. Тек жақсы жігітсід деп жні айтқайсың, жақсы жігіт екенін умытып кетіп жүрмесін. Ол снід айтқаныңды... екі етпейді. Тек өзің — Зася, сен жақсы жігітсід дей бер... Умытпа! Өзід ойлашы, басқа барар жерід бар ма? Апад болса барып турған көк айы, жездед жайында айтпаса да болады: фазықтығын сөзбен айтып жеткізіп болмас... өздеріңнің ұсы өмірлерінді алшы... Қайда барып оңасың. Ә жігітід келісті-ақ...

Н а т а ш а. Барар жерім жоқ... білемін бірақта сен-зеймін журтқа... Ал барар жерім және жоқ...

П е п е л. Алдында бірақ жол бар... бірақ ол жолға мен түсірмесің. Бауыздап өлтіргенім жақсы... одан да...

Н а т а ш а (күлімдеп). Міне... әлі тиіп те үлгіргем жоқ, өлтірсең дейсід.

П е п е л (құшақтайды). Қойсадшы, Наташа. Бәрі бір...

Н а т а ш а (қолтығына кіре түседі). Бірақ... бар ғой атып қояйын, қудай алдында ант ішкенім осы болсын. Тек қолың тиген күні, немесе... басқаша ренжігсең... мен өзімді аямаймын... не өзім асылып елем... немесе.

П е п е л. Болсын, саған тигіссең қолым сынсын. Не деп ант іш дейсід...

Л у к а. Күдіктен бе, сүйіктім. Сен оған будан көрі керегірексің...

В а с и л и с а (терезеден). Міне құдалықта бітті. Некеде қыйылды.

Н а т а ш а. Келіп қалғанба. Құдай-ай... көріп қалды-ау. Эх, Василиса.

П е п е л. Неге сонша шошыдыд? Енді саған тиіп хәрсін тек.

В а с и л и с а. Қорықпа, Наталья! Ол урмайды сені... Оның уру да, сүю де қолынан келмейді... Мен жақсы білемін.

Л у к а (ақырын). Әй... сен қатынба улы жыландай...

В а с и л и с а. Ол сөзге ғана батыр...

К о с т ы л е в (кіреді). Наташка! Неғып тұрсыд,

арам тамақ! Өсек соғып турмысыд. Апа жезденді жамандап турған шығарсыд. Самауыр ғой қойылған жоқ. Шай ғой жасалған жоқ?

Н а т а ш а (*кетіп бара жатып*). Шіркеуге барамыз деп едіңіздер ғой...

К о с т ы л е в. Жұмысыңды істеуді біл!.. не айтты соны істе!

П е п е л. Тоқтат, жұмысыд болмасын. Ол енді күдік емес сенід! Наталья, барма... істеме жұмысын!

Н а т а ш а. Сен бұйырмай тура-тур... әлі ертерек. (*Шығып кетеді*).

П е п е л (*Костылевқа*). Жетер енді. Бул күнге дейінгі көрсеткен қорлықтарыд да жетер... Енді Наташа менікі!

К о с т ы л е в. Сендік? Қашан сатып алып ед? Қанша төледід?

В а с и л и с а (*қарқылдап күледі*).

Л у к а. Вася. Сен бара тур...

П е п е л. Байқандар... көп күліп кеттіңдер! Жылап жүрмеңдер!

В а с и л и с а. Әй, қорқып барам! Ой, қорықтым!

Л у к а. Василий — кет дейім. Кагірап салып тұрғанын көрдіңбе ана қатынның, әдейі айдап салып тур.

П е п е л. А, солайма. Сенід ойлағаныд бола қоймас, болмас.

В а с и л и с а. Вася. Сенід ойлағаныд да болмайды...

П е п е л (*жудырығын түйе, кижініп*). Көрерміз... (*Шығып кетеді*).

В а с и л и с а (*әйнектен алыстай береді*). Тойды жармын мен саған!

К о с т ы л е в (*Луканың қасына жақындап*). Қалайсыд, шалым?

Л у к а. Солаймын, шалым.

К о с т ы л е в. Кететін болдыд ба?

Л у к а. Қашанғы отыра берем...

К о с т ы л е в. Қай жаққа?

Л у к а. Басымның ауған жағына.

К о с т ы л е в. Кеземде... Бір жерде көп тура алмайтын әдетің ғой шамасы.

Л у к а. Көп жатқан тастыд астыда суда жүгірмейді дегенді естімеппең...

К о с т ы л е в. Ол — тасқой. Адам бір жерді мекен-

деу керек... Адам кете беретін таракан емес кой. Адам... Адам өзіне мекен сайлап алуы керек... Жер аралап кадғыра бергеннің несі жақсы...

Л у к а. Жер талғамайтын адам болса қайтеді?

Қ о с т ы л е в. Онда ел кезбе... пайдасыз адам болғаны да... Адам... Пайда келтіру керек... Едбек етуге тиіс...

Л у к а. Кердід бе, өзін!

Қ о с т ы л е в. Ия. Енді қалай деп ед?.. Кезбе дегеніміз кім? Баскаләрға ұсамайтын... Елден ерек сопы... Егер нағыз сопы болса, білетіні болса ерекше ешкімге хажеті жоқ... Мүмкін бір шындықтың сырын ашқан боларсың... Шындық біткеннід бәрі бірдей адамға хажет бола бермейді... Ия. Ішідде сақта... Үндеме. Нағыз сопы болса... Ол — сыр шашпайды. Немесе айтса да елге түсініксіз етіп айтады!.. Ол ешкімді есіркемейді, ешнәрсеге араласпайды, жұртты құдай тегін желіктірмейді. Елдід қалай туратынын да оныд жұмысы жоқ. Тура жолдан таймайды ол... Орман ішінде... Үдгірде жұрт кедінен еркін турады. Ешкімнід жолына да көлденед түспейді... Сен көпірме деуді білмейді... Жұрт үшін хайыр дуғасын оқып... фани жалғанныд күнәкарлығына кешірім сұрап... Мына менід күнәм үшін... Сенід күнәң үшін... барлығы үшін, дуғасын оқып отыра береді. Ол тіршілік харекетінсн... Сол намаз үшін безеді. Міне қалай... *(тым-тырыс)*. А, сенше... сенід қай жерід сопы... Паспортыд да жоқ... жақсы кісінің паспорты болмақ керек... жақсы кісілердід бәрінід де паспорты бар... ия...

Л у к а. Ия-ия. Адамда бар, адамсымақтар да бар...

Қ о с т ы л е в. Сен... әуліесуді қой. Керегі жоқ жумбағыдныд... мен ақмақ емен... Адамыд кім, адамсымағың кім?

Л у к а. Қайдағы жумбақ? Кей жерге егін өксең түк шыкпайды... Енді бір жер болады, не өксең де қаулап шыға келеді... Соны айтам...

Қ о с т ы л е в. Ал, оны неғыл деп айттып тұрсыд?

Л у к а. Мысалы, мына сен... Михайло, дурыс адам бол деп кудайдыд өзі айтса да бәрі бір түкте шыкпайды... Осы қалпында қала бересід!

Қ о с т ы л е в. Әй, әу, сен езід білемісід. Менід әйелімнід ағасы полицейский екенін білемісід! Байқа!

В а с и л и с а *(көрінеді)*. Михайла Иванович, шай даяр.



Қ о с т ы л е в (*Лукаға*). Сен... бері кара: жөнел аулақ. Жоғалт көзінді.

В а с и л и с а. Ия, жалтырат табаныдды, шал... Тілің тым узын керінеді... кім біледі... Қашқынбысыд әлде..

Қ о с т ы л е в. Бүгіннен қалма, жоғалт көзінді. Әйтпесе.. байқа.

Л у к а. Қайнағанды шақырамысың. Шақыр қайнағанды... Қашқын устадым, де . Қайнағад сыйлық алып қалсын үш-төрт тыйын.

Б у б н о в (*терезеден*). Саудалап жатқандарың не? Үш тыйын туратын не ол?

Л у к а. Мені сатпақшы ..

В а с и л и с а (*күйеуіне*). Жүр кеттік...

Б у б н о в. Үш тыйынға ма?... Байқа шал!.. Булар біртыйынға да сатып жібереді...

Қ о с т ы л е в (*Бубновқа*). Печтід астынан шыққан құбыжықтай, көзінді бадырайтып... саған не жоқ... (*әйелімен екеуі кетіп бара окатады*).

В а с и л и с а. Осы қадғыбас, жүліктер-ақ қаптап кеткен екен...

Л у к а. Ішеріңіз ас болсын.

В а с и л и с а (*артына бұрыла*). Қысқарт тілідді... Сасық неме. (*Күйеуімен бйрышты айналып кетеді*).

Л у к а. Бүгін түнде жүремін...

Б у б н о в. Соныд жақсы. Кезінде жүріп кеткеннен асылы жоқ.

Л у к а. Дұрыс айтасыд ..

Б у б н о в. Білемін, мүмкін, сол кезінде тайып отырғандықтан айдаудан аман қалған шығармын мен.

Л у к а. Қойшы?

Б у б н о в. Рас айтам. Былай болды: әйелім бір мастермен жүретін. Жақсы мастер еді, ит терісін жанатқып бояуға келгенде жеткізбейтін еді! Мысық терісін кенгур ғып шығаратын... Істемейтіні жоқ еді. Епті ақ еді. Әйелім сонымен әуре болды да кетті. Бірінсіз бірі отыра алмайды... Байқаймын, әйтеуір менің көзімді жоятын... У беріп өлтіруге де бар. Мен әйелімді урсам... Мастер мені урады... Өлердей төбелесетін еді. Бірде сақалымның жарымын жулып алып, бір кабырғамды сындырды. Менде өштесіп алдым... Бір күні әйелімді темір кезбен бастан періп қалдым... Несін айтасын — канмайдан күнде болып туратын. Байқайым — онымнан еш-

теңе шығатыд емес... Медзеп барады мені. Әйелімді өлтірмекші болдым... Өлтір деген ой, билеп алды. Әйтеуір дер кезінде ақылым кіріп бойымды тежеп калдым да тайып отырдым...

Л у к а. Сөйткенің жақсы болған. Ит терісін жанатқып шығара берсін... Қайтесід...

Б у б н о в. Бірақ, дүкенім әйелімнід атында еді... Журдай болып шыға келдім. Бірақ, бәрі бір, мен оны арақка салып жіберер ем ғой. Бір ішсем бас алмай ішіп кетем...

Л у к а. Бас алмай, деймісід?

Б у б н о в. Бас алмағанда қандай! Тек іше бастасам болды, бәрін де сатынам... Тыр жаладаш қалам... Оның үстіне—жалқаумын. Жұмыс дегенді жаным сүймейді-ақ.

*Таласа, керілдесе Актер мен Сатин кіреді.*

С а т и н. Бос сөз. Еш кайда да бармайсың... Бәрі де түкке тұрса бұйырмасын. Шал мына мақаудыд кулағына мықтап куйған екесің.

А к т е р. Жалған. Ата. Жалған, айтып тұрғаныд деші—айтшы мынаған, барамын, барамын. Бүгін жұмыс істедім, көше сыпырдым! Ал арақ ішкенім жоқ, көрдід бе міне екі бес тыйындық, қалтамда, ал өзім сап сау-мын.

С а т и н. Түсініксіз бірдеңе. Бер. Мен ішіп көзін жояйын... Немесе утқызып жіберейін.

А к т е р. Аулақ. Жол қаражатым болады!

Л у к а (*Сатинге*). Ау, сен муны неге жолдан тайдыра бересід.

С а т и н. Тәдірінід сүйген қулы. Көреген болсад айтшы алдағы өмірден не сый көреді екем. Бәрін де утқыздым... Таза тақыр калдым. Бірақ, кария үмітсіз емеспін, менен көрі ақылдырақ та карташылар бар.

Л у к а. Жайдары-ақ жігітсід, Константин... Сүйкімді...

Б у б н о в. Актер. Бері келші! (*Актер терезенің алдына барып, жүгіне отырады. Екеуі сыбырласа бастайды*).

С а т и н. Мен, туған, жас кезімде жігіттің гүлі едім. Еске түсірудід өзі жақсы. Сегіз қырлы жігіт ем... билеп кетсем аяғыма шад жұқпайды, сахнада да ойнадым, жұртты күлдіруді жақсы көретін ем... тамаша.

Л у к а. Бүйтіп кетуіде не себеп болды, сонда?

С а т и н. Өзід неткен әуесқой шалсыд. Бәрінде біле қойсад. Ал, не үшін?

Л у к а. Адам атыны байланысты істід бәрін де түсінгім келеді... саған келгенде түсінбеймін! Жігіт-ақсыд, ақылсыз да емессід... ал турған бойыд мынау...

С а т и н. Абақты, қария. Терт жыл жеті ай абақтыда отырып шықтым... ал абақтыдан сод қайда бармақсыд!

Л у к а. Ә-е. Не үшін отырдыд?

С а т и н. Бір одбаған үшін... қызу, ашу үстінде бір одбағад азғынды өлтіріп жібердім де... карта ойнауды да сол абақтыда үйрендім...

Л у к а. Дәуде болса — қатын үшін өлтірдің ғой ә?

С а т и н. Туған қарындасым үшін... қой, болар енді...—жетер. Тақымдап әрнені бір сурай беретін кісіні жек көрем. Және бәрі де алда қашанғы уақыға... Қарындасым болса өлді... тоғыз жыл болды... өтті-кетті қарындасым тамаша еді... кара... тамаша!

Л у к а. Әмір тауқыметін сен көтересін ғой. Осындағы әлгі у станы айтсадшы а-а-яй-яй.

С а т и н. Клеш пе?

Л у к а. Дәл өзі. Жумыс жоқ, ештеде де жоқ... деп безектеп еді...

С а т и н. Іштеде етпес! Не істесем екен?

Л у к а (ақырын). Кара. Келе жатыр...

*Клеш шығады — басы темен салбырап кеткен, ілбін, келеді.*

С а т и н. Әй, сер бойдақ. Таңауың тым салбырап кеткен екен. Не ойлап таппақсын.

К л е ш. Не істеу керек деп... соны ойлап келем. Сайманнан журдай болдым... бәрі де әйелімнід жаназасына усталып кетті.

С а т и н. Менід ақылымды ал: түкте істеме. Тек ас ішіп аяқ босатта жүр.

К л е ш. Айтарсын! Менід уятым бар адаммын, журттан уялам.

С а т и н. Неғылған уят. Сенен ғой бұралқы иттід көрген күні артық... соған кім уялып тур? Ойлап қарашы сен жумыс істемейді екенсід... мен істеймін... тағы жүздеген... мыңдаған... адам бар, істемесем уғып турмысыд. Бәрі де жумысты тастаса. Ешкімнід де... ешнәрсе істегісі келмейтін болса не болар еді сонда?

К л е ш. Журттыд бәрі тегіс аштан қырылады да...

Л у к а (Сатинге). Мына сөзіңе қарағанда сен жүгір-

мешілерге барып косылуыд екен... сондай адамдар бар, жүгірмешілер дейді оларды...

С а т и н. Білемін... олар — ақымақ адамдар емес, кария. *(Костылевтердің терезесінен Наташаның: «Тоқташы... не жазоым... жазығым не» деген қатты даусы естіледі).*

Л у к а *(сабырсыздана)*. Наташа. Мынау соныд даусы, а... Енді, кайттік.

*(Костылевтердің үйінде — айғай шу, асыр-тұсыр, сын-ғап ыдыс-аяқтың даусы, Костылевтың баохылы: «А-а... діннен безген... арам тамақ...).*

В а с и л и с а. Тоқта... қоя бер мені... мен берейін сазайын... мә... мә...

Н а т а ш а. Өлтірді! Өлдім!..

С а т и н *(терезе жаққа айғайлап)*. Эй, қойсандаршы!

Л у к а *(абыроки)*. Василийді шақырар ма еді... Васяны шақыру керек еді... я, тәдірім. Жігіттер, балалар.

А к т е р *(жүгіре жөнелсді)*. Міне, мен... оны... қазір...

Б у б н о в. Ұрулары тым жиілеп кетті...

С а т и н. Жүр, — карт... куә болайық.

Л у к а *(Сатиннің артынан ере)*. Мен куә болып не жарытар дейсід. Куә болу қайда... Тезірек Василий келсе де...

Н а т а ш а. Апатай... Апатай... Уа-а-а...

Б у б н о в. Аузын баса қойды... Барып көру керек.

*Костылевтердің үйіндегі дабыр, бөлмеден сснскке шығып кеткендей, алыстап барып, басылды. Шалдың «тоқта». Деген даусы естілді. Есік тарс етеді, содан пышақ кескендей дабыр тына калады. Сақына тым-тырыс. Кешкі ала көлеңке уақ.*

К л е ш *(еш нәрсемен ісі жоқ, қолдарын уқалай түсіп, бөрененің үстінде отыр. Бір мезгілде бірдеңені былдырап сөйлеген болады, соңынан)*. Қалайша... жан сақтау керек... *(қатты)*. Бас панада жоқ... жә. Бас пана болмаса... не болмақ. Жалғыз басым... соқа басым. Жәрдем де жоқ...

*Ақырын, бүгежеңдеп, шығып кетеді. Бірнеше секунд қара түнек басқан тыныштық. Аздан соң, екі үйдің арасынан даң-дуң дауыстар естіледі. Дабыр көтеріле жақындай түседі. Жеке дауыстар да естіледі.*

В а с и л и с а. Сідлі — менікі. Қоя бер...

К о с т ы л е в. Не ақыл бар?

В а с и л и с а. Қашқын неме...

С а т и н. Васьканы шақыр... Шақыр тез... Зоб урыи жіберші өзін. *(Полицейский ысқырады)*.

Т а т а р и н *(жүгіре шығады. Оң қолын байлап, мойнына асып алған)*. Тапа тал түсте кісі өлтірсін деген қандай зад.

К р и в о й З о б *(артынан Медведев шығады)*. Оддам турып менде бір пердім.

М е д в е д е в. Саған не жоқ төбелесіп.

Т а т а р и н. Ау, сен. Сенід міндетід не?

М е д в е д е в *(Крючникті қуалай жөңгледі)*. Токта. Бер, бері әкел.

К о с т ы л е в *(жүгіре шығады)*. Абрам. Уста... әкет. Өлтірді... *(Бұрыштан Квашня мен Настя шығады — шашы дуда-дуда Наташаны екеуі қолтығынан сүйеп келеді. Сатин артынан шегіншектеп келеді, қолын құлаштай сермен, сіңлісін ұрмақшы боп келе жатқан Василисаны итермелеп жолатпайды. Алешка Василисаны шыр айнала, қутырған адамдай-ақ, ысқырып айқайлап, даланы басына көтеріп жүреді. Жыртық киімді тағы бірнеше еркек, әйел)*.

С а т и н *{Василисаға}*. Қайда барасын? Қарғыс атқан жапалақ.

В а с и л и с а. Аулақ, қашқын ит. Өлсем өлдім, өлмесем құртамын...

К в а ш н я *(Наташаны қағажулап)*. Ау, Карповна, жетті ғой... уялсадшы. Айуандық қой мынауыд.

М е д в е д е в *(Сатинді у стап алады)*. А а... түстід бе қолыма.

С а т и н. Зоб. Ур иттерді... Васька... Васька... *(Бәрі қызыл дуалдыд жанындағы тар өткелдің аузында үйме-жүйме болып калады. Наташаны одға карай апарып, үйілген ағаштыд үстіне отырғызады)*.

П е п е л *(аржактан жүгіре шығады, үндеместен журтты серпе кимелей алға ұмылды)*. Наталья қайдасын?

К о с т ы л е в *(бұрышқа қарай тығыла)*. Абрам. Уста Васьканы... Жігіттер устаддар Васьканы. Урыны... Қарақшыны.

П е п е л. А, сенбісід... кәрі қақпас. Қулаштай бері жібереді, шалды. • Костылев кулап түседі, бұрыштан кеуде жағы ғана керінеді. *(Пепел Наташаға карай умтылады)*.

В а с и л и с а. Урыцдар Васьканы. Жігіттер урындар... қарақшыны.

М е д в е д е в (*Сатинге ақыра*). Кіріспе үй ішінің ісіне. Екеуі болса апалы-сідлілі... Ал сенід не жұмысың бар?

П е п е л. Не болды?.. немен урды! Пышак па?

К в а ш н я. Неткен, айуандар деседші. Аяғына ыстық су куйып жіберіпті...

Н а с т я. Самауырды ақтара салды үстіне.

Т а т а р и н. Мүмкін аддаусызда төгілген шығар... анығын білу керек... бекерге сөйлемеу керек!

Н а т а ш а (*талықсып бара жатады*). Василий... әкет мені өз қолыднан кем...

В а с и л и с а. Ойбай. Қарандар. Көрдіндер ме. Өлтіріп кетіпті.

*Бәрі де Қостылевтың қасына жыйнала қалады. Көптің ішінен Бубнов бөлініп, Василийге қарай жүгіреді.*

Б у б н о в (*ақырын ғана*). Васька. Қылжыйыпты ғой, шаруасы бітіпті.

П е п е л (*түк түсінбегендей, аңыра қарайды*). Бар... шақыр... дәрігерге апару керек... ия, мен берейін оларды сазайын...

Б у б н о в. Шалды біреу сілейтіп кетіпті соны айтам...

*Сақынада дабыр су сепкендей басыла қалады. Күбір-күбір сөздер естіледі: «қойшы». «Мә-с-саған». «Кой кетелік, туған» «а, сайтан». «Енді сақ бол» «полиция келгенше, тайып отырыңдар». Топ азая түседі. Тарай бастайды. Бубнов, Татарин, Настя мен Квашня өліп жатқан Қостылевтың қасына барады.*

В а с и л и с а (*түре келеді, дегенім болды ма дегендей масаттанған дауыспен айғай салады*). Өлтіріп кетті... күйеуімді. Мынау өлтірген, осы өлтірген Васька. Өз көзіммен көрдім. Қудай біледі анық көрдім. Қалай екен Вася. Полиция.

П е п е л (*Наташадан алыстан*). Қоя бер, аулак... (*шалға бір, Василисаға бір қарайды*). Жә, қуанарсың. (*Өлікті аяғымен түртеді*). Жат солай... Кәрі төбет. Дегеніде жеттід.. Сенің де көзіңді бір-ақ жола жоя аламын. (*Василисаға қарай умтылабы. Сатин мен Куривой Зоб жалма жан ұстап алады. Василиса бұрышты айналып көрінбей кетеді*).

С а т и н. Тоқта.

К р и в о й З о б. Тируу. Кайда барасыд?

В а с и л и с а (*қайта шығады*). Вася, калай екен досым? Дағдырдан кашып кутыла алмайсың... Полиция... Абрам... ыскырсайшы...

М е д в е д е в. Сайтандар... ысқырғышымды қолымнан жулып әкеткені...

А л ø ш к а. Міне (*ысқырады, Медведев қуа жөнеледі*).

С а т и н (*Пепелді Наташаның қасына алып барады*). Васька саспа. Төбелес үстінде кісі өлтіру дәнеме емес. Ондайдыд онша қымбатка түспейді.

В а с и л и с а. Байлаңдар Васьканы елтірген сол... Қөз алдымда өлтірді.

С а т и н. Шалды, менде екі-үш рет қойып қалдым... Кайбыр қауқарлы кісі, ол. Мені куәлікке гарт, Васька...

П е п е л. Мен... танбаймын... Мен Василисаны ала кетсем болды, ала кетем оны да. Тілеп жүргені осы еді... Күйеуімді өлтір деп айдап салған өзі болатын... Өзі болатын...

Н а т а ш а (*кенет, қатты дауыстап*). А-а... мен енді түсіндім... Солай де, Василий. Қайда журт естіндер. Екеуі бір. Менід апам мынау... екеуі бір. Бәрін де істеп жүрген екеуі. Солай де, Василий... Мана менімен сөйлескенде... әдейі Василиса естісін деп істеген ғой. Уа рақымды журт. Менід апам Мынаумен жүреді... білесің ғой өздерің де... оды журттың бәрі де біледі... екеуі бір. Күйеуімді елтір деп айдап салған өзі... күйеуі аяқтарына оралғы еді... менде оралғы едім... міне сорлатты мені де.

П е п е л. Наталья! Не деп тұрсын?.. не деп тұрсын?

С а т и н. Мына сайтанды, қарашы.

В а с и л и с а. Жалған. Жалған айтып тұрғаны... Мен... ол, Васька, елтірген.

Н а т а ш а. Екеуі бір. Қарғыс атсын. Екеуід де...

С а т и н. Мә, саған керек болса... Васька, берік бол. Құртар сені мыналар.

К р и в о й З о б. Түсінсем бұйырмасын... Шатасқан бір... іс.

П е п е л. Наталья. Шыныд мен-ақ солай деймісің. Шын-ақ нанғаның ба... мен Анамен...

С а т и н. Құдай үшін, Наташа, өзің... түсінші Наташа!

В а с и л и с а (*тығырықта*). Күйеуімді урып өлтірді... тақсыр... Васька Пепел уры... елтірген сол... пристав мырза. Өз көзіммен көрдім... бәрі де көрді.

Н а т а ш а (*есінен тана, алас урады*). Жан ашыр қайсың барсыд... елтірген менід апам мед Васька. Полиция тыдда менід айтатынымды; мынау турған менід апам, жүретін жігітін үйретіп, айдап салып істетіп отыр, жігіті мына турған, қарғыс атсын оны. Өлтірген осы екеуі. Әкетіддер екеуін де... соттаддар... Мені де әкетіддер... жабыддар абақтыға. Қудай үшін... жабындар мені де абақтыға.

*Ш ы м ы л д ы қ.*



## ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші пердедегі көрініс. Бірақ Пепелдің бөлмесі жоқ, бөліп тұрған тақтайды алып тастаған. Клеш отыратын жердегі тесте жоқ. Пепелдің бөлмесі тұрған бұрышта Татарин жатыр, қозғалып андасанда ыңқылдап қояды. Үстелдің басында Клеш отыр. Гармон жамап отыр, тілін басып та көреді. Үстелдің екінші жақ басында Сатин, Барон, Настя отыр. Алдарында бір бөтелеке арақ, үш бөтелке сыра, үлкен кескен қара нан. Пештің үстінде жатқан актер қозғалып жөтеліп қояды. Түн. Сахнаға жарық үстелдің орта шенінде тұрған лампадан түседі. Дала қатты жел

К л е ш. И-ия... Сол опыр-топырдың үстінде жоқ болып кетті...

Б а р о н. Жалыннан серпілген түтіндей... полициядан сызып отырды...

С а т и н. Иманды кісілер келгенде.. күнәкарлылар осылай сызып отырады.

Н а с т я. Жақсы шал еді... А сендерме... сендер адамбысындар... сендер шіріксіндер!

Б а р о н (*ішеді*). Сіздің денсаулығыңыз үшін, ханым.

С а т и н. Одды шал еді... ия. Мына Настенька ғашық боп қапты...

Н а с т я. Ғашықпын, ал.. жақсы көремін. Дұрыс. Көрмегені жоқ, бәрінде білетін, бәрінде түсінетін...

С а т и н (*күле*). Көп адамдар үшін... тіске жумсак... май шелпек еді...

Б а р о н (*күле*). Жараға жапсыратын балауыз еді... де...

К л е ш. Ол... кісіні аяғыш еді.. мына сендер... аяу дегенді білмейсіндер...

С а т и н. Ал, мен сені аядым, сонда маған түсері не...

Қ л е ш. Сен кісіні ренжітпейсін оныд жақсы...

Т а т а р и н (*сәкінің үстінде, басын көтеріп, баланы әлдилегендей, ауру қолын тербеп отырады*). Шал жақсы адам еді... ар уяттыд адамы еді. Ар уят бойынша жүрген кісі жақсы кісі. Ар уяттан айрылғаның қурығаның...

Б а р о н. Кандай ар уят, князь?

Т а т а р и н. Сондай... Әртүрлі... білесід ғой қандай екенін:

Б а р о н. Сонан сод?

Т а т а р и н. Адамды ренжітпе, кейітпе, міне зад сол!

С а т и н. Оныд «қылмысты істері жазалау туралы қағида»... емеспе?..

Б а р о н. «Халық соттары кесетін жазалар туралы ереженіде» қос...

Т а т а р и н. Қуран... сендердід қурандарың болу керек... закод дегенім сол қуран, ия!

Қ л е ш (*гармонды байқап көріп*). Жел шыға береді, сайтаннан. Князь дурыс айтады... Законның айтқаны мен... Енжілдід айтқанымен туру керек.

С а т и н. Турып көр...

Б а р о н. Байқап көрсейші...

Т а т а р и н. Мухаммед куранды бергенде, айтып берген: осында не жазылса соны істеңдер деген. Куран аз болса жада заман, жада закон берер... қандай заманныд болсын... өз законы болады деген.

С а т и н. И-ия! Сол заман жетіп «Жазалау туралы қағиданы» берген ғой... Мықты закон жуық мадда тоза қоймас.

Н а с т я (*стакан мен үстелді қойып қалып*). Не бар... не алғалы турам осында... мен сендермен. Кетемін... кетемін аулаққа... көз көріп, кулақ естімеген жаққа кетем.

Б а р о н. Жалад аяқ жүре бересіз бе?

Н а с т я. Жаладаш кетсем де кетем. Жүруге халім келмесе, төрт тағандап, едбектеп кетемін.

Б а р о н. Әрі жаладаш, әрі төрт тағандап едбектеп кетседіз... журт талып түсер, ханым!..

Н а с т я. Ия, едбектеп кетемін! Тек сенід жүзінді көрмесем болғаны... бәрінен де жиреніп болдым. Барлық өмір... барлық журт та тойдырды!

С а т и н. Қетсең, — актерді ала кет... Ода сол жаққа

барам деп, жыйналып жүр... Дүниенің шетінен бар болтаны жарты ақ шақырым жерде, органондарды емдейтін аурухана бар деп, естіпті...

**А к т е р** (*пешиң үстінен басын қылтыйта*). Организм! ақымақ!

**С а т и н.** Араққа уланған, органондар үшін...

**А к т е р.** Ия! Ол — кетеді. Кедеті ол... Көрерсіңдер!

**Б а р о н.** Оныдыз кім мырза?

**А к т е р.** Мына мен!

**Б а р о н.** Рахмет, кудайдың сүйген қулы... кім еді. Драманың, трагедияның кудайы... аты кім еді.

**А к т е р.** Муза, ақымақ! Кудай емес,... Муза!

**С а т и н.** Лахеза... Гера... Афродита... Атропа... Саятаным білсінбе. Білемісід .. Барон... Актерді желіктіріп кеткенде шал ғой.

**Б а р о н.** Шалма, ақымақ адам!

**А к т е р.** Өншенің надан! Өдшед тағы! Мельпо-Мегна. Жүрек барма сендерде! Көрерсіңдер — кетеді ол! «Тойыныңдар түнек басқан, ақылдар»... дейді Беранжерді бір өлеңінде... ия. Ол — табады өз орнын... онда... онда... бар ғой онда...

**Б а р о н.** Түкте жоқпа, мырза.

**А к т е р.** Ия. Түкте жоқ! «Осы шудқыр... көрім болар менің де. Әлсіреп, арып-ашып өлемін де»... не үшін емір сүресіңдер, сендер! Не үшін?

**Б а р о н.** Әй сен. Жолдан тайған данышпансымақ. Дауыстама!

**А к т е р.** Сандалма. Дауыстаймын!

**Н а с т я** (*үстелге сүйей отырған басын көтеріп алады, қолдарын сермен*). Айғайлай бер! Тыңдасын!

**Б а р о н.** Одан не шығады, ханым.

**С а т и н.** Қойшы соларды, Барон. Таста... Айғайлай берсін... мейлі... тауға урама бастарын, тасқа урама, мейлі. Онда да мән бар... шал айтпакшы бөгеме қолын адамның... осыларды бәрінде ашындырып кеткен, кәрі кәрі қақпас шал ғой Барон.

**К л е ш.** Қопақтатып, желіктіруін желіктірсе де... барар жөнін айтқан жоқ...

**Б а р о н.** Шалма алдаушы ғой жүрген...

**Н а с т я.** Жалған оның. Алдаушы өзінсің.

**Б а р о н.** Сабыр, хадым, сабыр.

**К л е ш.** Шындықты... сүймейтід еді, шалды өзін... шындыққа қаны қас еді... солай болуы керек те. Рас-ау,

қайдан келсін шындық мунда. Онсызда — тыныс тарылып бітті... Әне князь... жұмыста жүргенде қолы езіліп қалды. Кесіп тастайтын болар енді дәрігерлер... естіп отырмысыд... міне саған, шындық.

С а т и н *{жудырығымен үстелді бір қойып}*. Өшір үнінді бәрінде. Малсыддар седдер. Тигізбеддер шалға тіл, өңшен, сыйыр. *(Байсалдылау)* Сен, барон бәрінен де, фасыксыд... Түсінерід шамалы, айтатыныд өтірік. Шал—алдаушы емес. Шындық деген не? Шындық дегенід адам. Ол муны түсінетін... Ал, сендер түсінбейсіндер. Сендер — топассыддар, седдерде бір мына кірпіште бір... Мен шалды түсінемін... ия мен түсінемін. Ол жалған айтса... сендерді аяғандықтан айтатын. Жақынына жаны ашығандықтан, жалған айтатын адамдар да болады... білемін. Оқығаным бар. Олар өтірікті әсем етіп, шабыттана, қызықтыра айтады... Өтірікпен жұбатуға жарастыруға да болады... Өтірік жұмысшыныд қолын езіп кеткен ауыр затты ақтау үшін де керек... аштан өліп бара жатқан адамды не үшін өлесід деп айыптау үшін де керек. . Мен өтірік сырын жақсы білемін. Өтірік жаны жарым... басқаныд шірінін сорумен күн көретін адамдарға ғана керек, — олардың қайсы бірі өтірікті сүйеніш етеді, екіншілері—жамылыш етеді... Өзіне өзі, не кісіге тәуелді емес басқаның несібесіне кол сукпайтын адамға өтірік неге керек. Өтірік қожайындар мен кулдардың гана тәдірісі. Азат адамдыд тәдірісі шындық.

Б а р о н. Сөз-ақ. Тамаша айтылған сөз. Мен де қосыламын. Сен кәдуілгі есі бар адамша сөйлеп тұрсыд.

С а т и н. Сол есті адамдар деп жүргендердід өмірінен қарташыша сөйлесе кейде қарташыныд да есті адамша сөйлеуіне болмай ма. Ия мен көбін ұмытып қалыппын, бірақ-әлі есімде қалғандары да бар. Шал ма? Шал ақылды адам. Тот басқан, ескі бакыр акшаны куммен тазарткандай әсер етсе, олда маған сондай әсер етті Шалдыд денсаулығы үшін ішелік. Куй... *(Настя стакан-ға сыра құйып, Сатинге береді)*. *(Күлімдеп)*. Шал өзімен өзі жүрген адам... бәріне де емір тұрғысынан қарайды. Бір күн мен ата осы, жұрт не үшін емір сүреді, деп сурадым... *(Луканың даусына сала, Лукаша)*. «Жұртпа жұрт жақсыға қолым жетсе екен деп талаптанады, сүйіктім. Мысалға айталық, балташыларды алсақ, бәріде кер-жер халық... Міне солардыд ортасыдан кейде бір балташы туады... бұрын-соңды жер үстінде ондай бал-

ташы болмағандай, өнерпаз болып туа салады, бәрінен де озып кетеді. Ешбір балташы оған пара-пар келе алмайды. Балташының өнеріне өзінше түр береді. Оның өнері жыйырма жылды бір-ақ аттап ілгері басады. Бәріде сол сыяқты усталарда... айталық етікшілерде... былайғы жұмыс адамдары да... барлық шара біткенше... ед аяғы бай мырзаларда жақсылық бола берсе екен деп өмір сүреді. Кім болмасын өзім үшін өмір сүріп жүрмін деп ойлайды, байқап қарасаң жақсылыққа жора өмір сүріп жүрген болып шығады. Жүз жылдай... Мүмкін одан да артық жақсы адам үшін өмір сүреді жұрт» *(Настя Сатиннің бетіне тесіле қарап қалады. Клеш те гармонды жамауын қойып, тыңдайды. Барон, басы төмен салбырап кеткен, ақырын саусақтарымен үстелді тықылдатып отыр. Актер, пештің үстінен сәкінің үстіне түсуге тырмысуда).*

С а т и н. «Бәріде, сүйіктім, адам біткеннід бәрі де, сол тұрған калпы, жақсылық үшін өмір сүреді. Сондықтан адам атаулының бәрінде қадірлеу керек... Кім екенін, не үшін дүниеге келгендігін, қолынан не келерін білмеседе қадірлеу керек. Мүмкін бізді бағымызға тұрған адам болар... бізге зор пайдасы тиер... Әсіресе, балақайларды қадірлеу керек... балаларды. Балаларға кедшілік керек. Балақайлардың өмір сүруіне бөгет болмағандар.. Қадір тұтығдар балақайларды». *(Тым-тырыс).*

Б а р о н *(ойлана)*. И-ия... Жақсылық үшін. Бізді туқымды еске түсіретін сөздер екен... мынау туқымым. Ертеден білетін ата... Екатерина заманынан бері аксүйек... жауынгер... Арғы тегі Франциядан шыққан... Қызмет етіп, бірден бір жоғарылай беріпті... І Николайдың кезінде менің атам, Густав Дебиль... үлкен төре болыпты... байлық... жүздеген басы байлы шаруа... пар-пар ат... ас басшылар.

Н а с т я. Жалған. Өтірік бәрі де.

Б а р о н *(атып тұрып)*. Не дейсін? Ал... содан сон?

Н а с т я. Өтірік дейім бәрі де.

Б а р о д *(айғайлап)*. Москвада да үйі болған. Петербургта да үйі болған. Пауеске... атамызды гербы бар Пауескесі болыпты...

*(Клеш, гармонның алып, тұрып кетіп, біржақ шеттен байқап тұрады).*

Н а с т я. Жалған бәріде.

А к т е р (*түнере*). Аумин!

Т а т а р и н. У-у. Орыстардың қатыны көк долы келеді. Көк долы. Бетімен кеткен татардың қатыны жоқ. Татардың қатыны законды жақсы біледі.

К л е ш. Дүрелеп алу керек өзін!

Б а р о н. Суркия...

К л е ш (*гармонды тартып көріп*). Дайын. Қожайының әлі жоқ... Күйіп жүр ол жігітте.

С а т и н. Енді — ішіп кой ананы.

К л е ш. Рахмет. Жатар кезде болды білем...

С а т и н. Бізге үйреніп келемісід.

К л е ш (*арағын ішіп, бұрыштағы сәкіге таман кетеді*). Әрине... қайда болса да адам... әуелі байқамайсын... ссдынан баға келсед, бәріде адам болып шығады, Оқасы жоқ.

*(Татарин сәкінің үстіне киімін жәйіп, намаз оқый бастайды).*

Б а р о н (*Сатинге, татарды нұсқап*). Көрдің бе?

С а т и н. Тиме. Өзі бір жақсы жігіт... Бөлме намазын. (*Қарқылдап күледі*). Неге екенін білмеймін.. бүтін өзімді бір қайырымдылық билеп тұр.

Б а р о н. Сен ішіп алсаң, қашан болсын осындай қайырымдысың... Ақылды да боп кетесід...

С а т и н. Мас болдым болғаны... маған бәріде унап кетеді... и-ия... Ол ғой намаз оқып отыр. Тамаша. Намазды оқуға да, оқымауға да... адамның еркі бар. Адам бәріне де ерікті... Құдайды бар десе... жоқ десе... махаббат, ақыл үшін де адам өзі жауап береді. Адам бәріне де жауап береді... Сондықтан да адам неге болса да ерікті... Адам, шындық дегенің міне осы. Адам дегенің кім... Ол сенде емессід, менде емеспін, мыналар да емес, ...жоқ. Адам дегеніміз сен, мен, мыналар, шал, Наполеон, Мухаммед... бәрін қоса алғанда адам келіп шығады (*саусақтарымен ауаны нұсқап адамның бейнесін көрсетеді*) Уқтың ба. Адам деген ұлы сөз, әуелі де ақыры да міне осында... Бар нәрсе адамнан табылады, бәрі де адам үшін. Әмір суретін тек адам ғана, қалғанының бәрі де адамның қолымен істелген. Мыйынан туған жеміс. Адам деген қандай асыл, қандай тамаша сез! Адам, адамды қадірлеу керек. Аяма... аяймын деп кемсітпе... Қадірлей біл. Адам үшін, ішелік, кел Барон. (*Түре келеді*). Өзіңді адаммын деп санау, қандай жақсы. Мен арестантпын, кісі өлтірдім, қарташымын—ия-ия. Көшеде

кеде жатсам, жұрт маған, — жұлік деп қарайды... Жан-жағына алақтап, бұрылып кетіседі... қазаш деп тілдеп кететіндері де жиі кездеседі. Сұмырай. Жұмыс істе деседі. Жұмыс істеу. Неге істеймін жұмысты? Қарын тондыру үшін бе? (*Қарқылдап күледі*). Қарынның қулы болып өткен жаннан жиренем мен. Мәселе «ада емес, Барон! Мәселе онда емес» 'Адам бәрінен де жоғары. Адам жоғары жатыр темшицеІдаіішеЕ.

**Барон** (*басын шайқап*). Сен ақылға сап айтасын... оның жақсы. Мұның өзі жүректі жылыта түсетін болу керек... Менде см жоқ... Менің қолымнан келмейді (*жан жағына қарайды және, ақыры негізге қана*) Мен, туған, қорқамын... келде, уқтың ба.. Қорқып кетемін... Не болтайны алдағы күнім.

**Сатин** (*жүріп кетеді*) Сөз емес. Кімнен қорықпақшы адам.

**Барон**. Ес білгелі... басымнан бір туман арылған емес. Мен, өзімнің бір нәрсенің байыбына барыға, түсінген кезімді білмеймін. Кашан болсын влшсынаашгн да турамын... Өмірім киім ауыстырып киюмен гана өткен сыяқты... себеп. Түсінбеймін. Оқу оқыдым, — Аксүйектер институтінің мундирін киіп жүрдім... не оқыдым! Есімде жоқ... қатын алдым, — фрак кидім, бара-бара халат кидім... Алған әйелім онбаған адам болып шықты, себеп, түсінбеймін... Барымды, шашып күрттым, — сур шиджак, жирен шалбар киіп жүрдім .. нағып отқа қарап қалдым. Байқамайда қалдым... казна палатасында қызмет еттім .. мундир, маңдайында шокпардан кокарды бар фуражка кидім... казна ақшасын шашып жібердім, — абақты түстім... содан кейінгі кигенім осі. Қаржанның шекпенін алдым бәріде түс секілді ә. Қызық-ау езі...

**Сатин**. Қызық дейтін не бар .. қайта ақымақтық болар...

**Барон**. Ия... өзімде, солай ма деп ойлаймын... Ау, дегенмен мен бір керекке жарау үшін туған шығармын ау?

**Сатин** (*куле*). Ғажап емес... Адам жақсыға жора гуады. (*Басын шайқап*) Солай де... жақсы.

**Барон**. Әлгі... Настька... қайда кетті. Барып, көрейін... қайда жүр екен. Не дегенмен ол өзі... (*Шығып кетеді. Тым-тырыс*).

**Актер**. Әй, татар. (*Тым тырыс*). Князь. (*Татарин мойнын солай бұрады*). Меніде дуғана қосшы.

Т а т а р и н. Нә дейсід?

А к т е р (ақырын). Қоса сал... мені де дуғаңа, уқтың ба...

Т а т а р и н (аз үндемей отырып). Өзің істе қулшылықты!

А к т е р (жылдам пештің үстінен түсіп, үстелдің қасына келеді, қолдары қалтырап арақ қуып алады, іше сала сенекке карай жүгіреді). Кеттім.

С а т и н. Әй, сен, сикамбр. Қайда кеттің?  
(Ысқырады. Әйелдің мақта сырған кеудешесін киген Медведев пен Бубнов кіреді, екеуі де ішіп алған, бірақ они их мас емес. Бубновтың бір қолында жіпке тізген крендель, екінші қолында белке нан, қолтығында бір бөтелке арақ, қалтасынан екінші бөтелке кереді).

М е д в е д е в. Түйе — есекке уксас болады. Тек кулағы ғана болмайды.

Б у б н о в. Қой деймін, сен өзідде есекке усаймысың калай.

М е д в е д е в. Түйеде кулақ атымен болмайды... танау арқылы естиді, дауысты...

Б у б н о в (Сатинге). Достым! Сені іздемеген трактирім — қабағым жоқ. Ал, бөтелкені, қолымның бос емесін көріп тұрсың...

С а т и н. Кренделді үстелдід үстіне кой, бір қолың босайды.

Б у б н о в. Дұрыс ақ. Ау, сенбе... көрдің бе? Мынаны, а? Ақыл-ақ.

М е д в е д е в. Жүліктердід бәрі ақылды... білемін. Ақылсыз олар аяқ баса алмайды. Жаксы кісі, ақымак кезінде де жаксы. Ал жаман кісіге ақыл керек ондайда. Ал, түйе жайында сен қателесесід... түйе жегін малы... мүйізі болмайды... тісіде болмайды...

Б у б н о в. Қайда кеткен — журт. Адамдары қайда кеткен бул үйдід. Ей, турыддар... Қонағымсың бәридде. Бурышта қайсың барсың.

С а т и н. Барыдды ішіп бітіріп қашан тынасың. Каракшым.

Б у б н о в. Мен бе көп узамас. Бул жолғы жыйған тергенім көп емес... Зоб. Зоб қайда?

К л е ш. (Үстелдің қасына келеді). Ол жоқ...

Б у б н о в. Ы-ы-ррр. Жолды аяқ. Ы-ы-р-ыр-ыр. Индюк. Үрме, шәуілдеме. Іш, соқ голяйтті, қапы қалма... қонағымсың бәридде. Мен, туған, қонақ шакыруды өте жаксы



көрем. Бай болсам... медбе... тегін асхана устар ем. Кудай біледі. Ән, күй... кеш, іш, жат ән тыдда... жаныд сая тапсын. Кедей біткен... Менің тегін асханама келшдер. — дер ем. Сатин. Мен бе... саған ба... ал жарымын бар капиталымның. Жарымын саған берем, қалай екен!

С а т и н. Сен маған қазір бер, бәрін бер...

Б у б н о в. Бар капиталымды ма? Қазір. Мә. Міне бір сом... міне... және... жыйырма тыйын... бес тыйындық мыналары... жеті тыйындықтар... бары осы.

С а т и н. Ал, енді жарады. Менде турса жоғалмайды... Ойнап көрейін бір...

М е д в е д е в. Мен қуәмін... сақтай тур деп берілген ақша... қанша өзі!

Б у б н о в. Сен. Сенбісід қара атан... бізге қуәнің керегі жоқ...

А л е ш к а {кіреді, жалаң аяқ} Жігіттер. Аяғымнан су отіп кетті білем, осы менід.

Б у б н о в. Кел, көмейідді сула... сол ғана бар болғаны сүйіктім сен... әрі әнші, әрі гармоншысыд... Жақсы-ақ оныд. Ал, бекерге ішесід. Ол, тұрған зыян, ішу қыпқызыл зыян...

А л е ш к а. Сені алса да болады мысалға. Сен тек мас кезідде ғана адамға ұқсайсың... Клеш. Гармонымды жамадыд ба? *(Билеп жүріп ән салады).*

Әх, шіркін бетім  
Әдемі болмаса етті.  
Қудашам онда мені  
сүйместө еді.

Тоңып кеттім, туғандар. Суық-ақ!

М е д в е д е в. Мм... Қурдасыд кім деп сураса қайттид.

Б у б н о в. Доғар. Сен, туған, енді — сен енді полицай да емессід... бітті. Полицай да емессід, аға да емессің.

А л е ш к а. Тек қана жедешемнің күйеуісід.

Б у б н о в. Бір қарындасыд абақтыда, екінші қарындасыд өлейін деп жатыр...

М е д в е д е в *(тәкаббірлене)*. Өтірік оның. Өлейін деп жатқан қабар-ошарсыз жоғалып кетті.

*{Сатин қарқылдап күледі}.*

Б у б н о в. Бәрі бір, туған. Қарындастары жоқ кісі аға саналмайды.

А л е ш к а. Тақсыр. Сіз енді мүйізінен айрылған са-  
сық текесіз.

Қудашаның ақшасы бар  
Менде күреш, тиін де жоқ  
Дегенмен көңілді жігітпін  
Дегенмен жақсы жігітпін.

Тодыш барам.

*(Зоб кіреді, содан перде жабылғанша тағы бірнеше еркек, әйел кіреді. Барі де шешініп сәкінің үстіне орналаса бастайды, мінгірлеп сөйлеп жүреді).*

К р и в о й З о б. Бубнов. Сен неге қашып кеттің әй.

Б у б н о в. Бері кел. Отыр... елец айталық кел, туған. Менің жақсы көретін әнімді айталық кел.

Т а т а р и н. Түн, уйықтау керек, түнде. Өледі күндіз айту керек.

С а т и н. Дәнеме етпейді, князь. Өзід бері кел.

Т а т а р и н. Дәнеме етпейді не. Шуылдақ, өлед айтса шуылдап кетеді, журт...

Б у б н о в *(Татариннің қасына барады)*. Князь, қолың қалай? Кестірме қолыңды?

Т а т а р и н. Неге кеседі. Тоса турамыз... Мүмкін кеспей-ақ, жазылар... Қол темір емес қой кесуге оңай!

К р и в о й З о б. Іс жаман Асанка. Қолсыз сен неме жарайсың. Біздерді қолыңа, күшіне қарап бағалайды... Қолдан айрылды адамның қорқығаны. Жаман, жаман Кел арақ іш... сөзді қой.

Қ в а ш н я *{кіреді}*. А... сүйікті патершілерім сендермісід. Даланы айтам-ау, даланы. Әрі суық, әрі булғаныш... Бізді полицай осында ма?

М е д в е д е в. Менбе, мундамын.

Қ в а ш н я. Тағы менің кофтамын киіп алғанбысың. Өзід аздап нетіп алғансың қой дейім, а, әй, саған не жоқ.

М е д в е д е в. Туған күні болғасын... Бубнов... әрі — суық... булғаныш.

Қ в а ш н я. Байқа... жігітім. Булғаныш. Ойнама... Бар... уйықта!

М е д в е д е в. *(ас үйге шығып кетеді)*. Уйықтауға болады... Өзімнің де, ұйқым кеп тур... Уақыт та жеткен білем.

С а т и н. Өзің қалай... тым қатты устайсың білем, сорлыны.

К в а ш н я. Басқаша устауға болмайды, шырақ. Ондай еркекті қатал устамай болмайды. Мен ғой оны қолыма кіргізіп алдым: пайдасы тиер деп кіргізіп алдым... ол болса әскери адам, сендер болсаңдар, — шетіңнен әпер-бақан, сал сойылсың... мен болсам әйелмін... көрдім бе оның ішуін. Ондайын менен аулақ әкетсін.

С а т и н. Тадап алған көмекшід мынау болса...

К в а ш н я. Жақсыны таппасам ше... Сен ғой мені алмайсың жүрген түрің мынау. Бірге тура қалсаң... бір жумаға да жетпес... бар мұкаммалыммен картаға утқызып жібересін.

С а т и н (*қарқылдап күледі*). Оныд рас, хозайка. Утқызып жіберем...

К в а ш н я. Бәсе, бәсе. Алешка!

А л е ш к а. Міне мен, мундамын.

К в а ш н я. Сенің мен туралы шатпырақтап жүргенің не?

А л е ш к а. Мен. Мен айтсам, шынын айттым. Айтқаным, рас. Ғажап. Сүйек басы, ет-майы, он пут болар, ал мый десең, бір мысқлда мый жоқ, осы қатында дегенім рас.

К в а ш н я А, судай өтірік муныд. Мен мыйсыз қатын емеспін. Шалын урады дейсід ғой соны айтам!

А л е ш к а. Мен шашынан сүйреп жүргеніңді көрген сод... урған шығар деп ем...

К в а ш н я (*кулін*). Ақымақ. Көрмегенсін жүре бермейсін бе? Сыртқа сөз тасып керегі не? Және көңіліне ауыр алып қалыпты, ішіп кеткені де сол сенід сөзіңнен...

А л е ш к а. Тауық екеш, тауықта ішеді деген сөз, рас болғаны ғой онда...

(*Сатин мен Клеш қарқылдап күліседі*).

К в а ш н я. О, тілің кесілгір! Қандай адам деуге болады сені, Алешка!

А л е ш к а. Оң қолынан өнер тамған нағыз бірінші сорт адамыңыз біз боламыз... Көзім түскен жаққа, басым да ауып кете барады.

Б у б н о в (*Татариннің сәкісінің қасында*). Жүр. Бәрібір ұйықтатпаймын. Түнімен... ән саламыз. Зоб.

К р и в о й З о б. Ән салума. Ән салуға болады...

А л е ш к а. Мен гармонымды қосайын.

С а т и н. Тыңдалық.

Т а т а р и н *(күлімдеп)*. Ал. Бубна шайтан... әкел арағынды. Ішеміз, соғамыз төләйтті, ажал келсе бәрібір өлеміз.

Б у б н о в. Куй анаған Сатин. Зоб отыр! Әй жігіттер. Қанағатшыл ғой адам баласы. Міне мен — ішіп алып ем — екі езу екі қулағымда. Зоб... Баста... менің әнімді. Ән салам... ән саламда жылаймын...

К р и в о й З о б. *(бастайды)*. Күн шығады, батады.

Б у б н о в *(қосылады)*. Абақтым менің қараңғы.

*(Жылдам есік ашылады)*.

Б а р о н *(босағада тұрып, дауыстайды)*. Әй... жігіттер, жүріңдер... бері жүріңдер. Ана аланда Актер асылып өліп қалыпты.

*(Жұрт үнсіз тұрып қалады. Бәріде Баронға қарайды. Баронның тұсыртынан Настя керінеді, көзі бадырайып кеткен ептеп басып, үстелге жақындай береді)*.

С а т и н *(ақырындау)*. Әх... ақымақтың... әнді бөлігі жібергенін көрдім бе.

*Ш ы м ы л д ы қ.*

ЕГОР БУЛЫЧОВ  
ЖӘНЕ  
' БАСҚАЛАР

## КАТЫНАСУДЫЛАР

*Егор Булычов*  
*Ксения* — оның әйелі  
*Варвара* — Ксениядан туған қыз  
*Александра* — басқа әйелден болған қызы  
*Мелания* — әйелінің апасы  
*Звонцов* — Варвараның күйеуі  
*Тятин* — оның немересі  
*Мокей Башкин*  
*Василий Достигаев*  
*Елизавета* — оның әйелі  
*Антонина* і  
*Алексей* — Бірінші әйелінен қалған балалар  
*Павлин* — поп  
*Доктор*  
*Кернейші*  
*Зобунова* — тәуіп әйел  
*Пропотей*— дуана  
*Глафира* — қызметші әйел  
*Таисья* — Меланияның күтуші әйелі  
*Мокроусов* — полицейский  
*Яков Лаптев* — Булычовтың кіндік баласы  
*Донат* — тоғайшы.

## БІРІНШІ АКТЫ

Бай купец үйінің асқанасы. Үй ішінде ебетейсіз үлкен мебельдер Үлкен былғары диван, оның қатарында екінші этажға шығатын басқыш. Оң, мүйісте фонарь, баққа шығатын есік. Қыстың ашық күпі. Ксения стол жанында аяқ-табақ жуып тұр. Глафира фонарь маңында гул қойып әуреленіп жүр. Үстіне шапан киген, жалаң аяғына туфли киген Александра келіп кереді, ол шашын тарамаған, шашы Егор Булычовтың шашындай, шикіл сары.

К с е н я. Ох, Шурка, әлі күнге уйықтап...

Ш у р а. Ызындамадыз босқа, Глафира — кофе! Газет қайда?

Г л а ф и р а. Жоғарыға, Варвара Егоровнаға апардым.

Ш у р а. Әкел. Бүкіл үйге бір ғана газет жаздырып одбағандар!

К с е н и я. О кім, одбаған?

Ш у р а. Папам үйде ме?

К с е н и я. Жарақат болғандарға кетті. Одбағаның — Звонцовтар ма?

Ш у р а. Я, солар (*телефонға барып*) 1 — 17 — 53.

К с е н и я. Жақсы сыйлайды екенсід, Варвараға да, күйеуіне де айтайын!

Ш у р а. Тоняні шақырыңызшы.

К с е н и я. Бара-бара сен өзің не болар екенсід.

Ш у р а. Бул сенбісід, Антонина? Лизамен барамыз деймісід? Неге? Спектакль? Қой оны! Ех, Антонина — некесіз жесір!.. Ал, жарайды.

К с е н я. Күйеуге шықпаған қызды неге жесір дейсің?

Ш у р а. Алмақ боп жүргей жігіті өлсе не болады?

К с е н и я. Сүйтседе ол әлі қыз ғой.

Ш у р а. Оны қайдан біле қойдыңыз?

К с е н и я. Түу, уятсыз!

Г л а ф и р а. (*кофені беріп жатып*). Газетті Варвара Егоровнаның өзі әкеледі.

К с е н и я. Жасыда жетпей білгірсің. Қара жан-жағыда — білгенід аз болса, ұйқың жақсы болмақ. Сенід жасыңда мен білмеуші ем...

Ш у р а. Сіз қазірде де...

К с е н и я. Сен, Александра, кіммен сәйлесіп тұрсыд?

Ш у р а. Әкемнің некелі зайыбы мен — дағы...

К с е н и я. Тфу, бетіде!

Ш у р а. Әне, біздід апатайдыд мад-мад басып жүрісін-ай! Бонжур, Мадам! Комман са ва?

В а р в а р а. Сағат II болды, сен әлі киінбегенсің, таранбапсың да...

Ш у р а. Ал, басталды енді.

В а р в а р а. Әкең еркелеткен сайын, арсыздана түсіп барасыд...

Ш у р а. Ал, кетті енді уласып.

В а р в а р а. Және оныд сырқаттанып жүргені де...

К с е н и я. Әкесінің ауырғанын не қылсын?

В а р в а р а. Сүйтседе мына қылығынды әкеде айтам...

Ш у р а. Оныша күн алды алғыс, қоямысың өзің?

В а р в а р а. Ақымақсың!

Ш у р а. Қой, жалған болар. Ақымақ мен емес.

В а р в а р а. Шикіл сары ақымақ сенсің!

Ш у р а. Варвара Егоровна, босқа қара тер болмадыз.

К с е н и я. Ал, қойдыра ғой енді муны.

Ш у р а. Сіздід де мінезіңіз бұзылып барады. Шап етіп урыса кететінді жуырда шығардыдыз.

В а р в а р а. Жарайды... жарайды жарықтығым! Апатай кетейік, асқанаға барайық, ашпазшы да ол жакта күйіп-пісіп жатыр.

К с е н и я. Қасретте жүр сорлы, бишараныд баласын өлтіріп кетіпті.

В а р в а р а. Қойықызшы әрі, күйінетін несі бар. Осы күні екінід бірін өлтіріп кетіп жатқан жоқ па? (*ШығадЫ*).

Ш у р а. Егер өзінід Андрюшасын' сүйтсе, қандай зарлар еді.

Г л а ф и р а. Сіз соларды босқа ызаландырасыз. Іші-



дізші тезірек. Осы жерді жыйнастырайын деп ем (*Самауырды алып шығып кетеді*).

(*Шура столдың аркасына басын арта тастап, көзін жұмып, екі қолымен ода-дода болған, үпелек сары шашын тарақтап отыр*).

Звонцов (*басқыштан, туфлясімен урланып барады да, Шураны артынан келіп құшақтайды*). Қандай арманға шомдың сары ешкі?

Шура (*көзін ашпай, орнынан қозғалмай тұрып*). Мазамды алмадыз.

Звонцов. Неге? Осыным саған унайды емес пе? Я -- деші? Унай ма?

Шура. Қойыңыз арман. Өп-өтірік жақсы көргенсіз. Мен сізге унамаймын.

Звонцов. Маған унағың келе ме?

(*Басқыштан Варвара көрінеді*).

Шура. Егер Варвара біліп қалса...

Звонцов. Тише... (*кейін жылжыңқырап барып, өсиет айтып тұрған кісімсиді*). Я, Өзінді өзід берік ұстауың тиіс. Оқуың керек.

Варвара. Оқу емес, ол шабаланып Антонинаның бетінен алғанды, аузы көпіріп салғыласқанды жақсы көреді.

Шура. Салғыласам. Ауыз көпірткенді жақсы көрем. Сенід нед кетті, сабының шығын болды ма?

Варвара. Сені аяймын. Осы сен қашан адам болар екенсің? Гимназиядан болса сені тайдырды...

Шура. Ол өтірік.

Варвара. Подругаңның болса есі жарым.

Звонцов. Ол музыкаға үйренгісі келеді.

Варвара. Кім?

Звонцов. Шура.

Шура. Өтірік Музыкаға үйренгім жоқ.

Варвара. Музыка оқыды дегенді қайдан таптың?

Звонцов. Шура, сен музыка үйренем демеп пе едің?

Шура (*шығып бара жатып*). Деген жерім жоқ.

Звонцов. Мм... ғажап! Ойдан шығарып тұрма екем! Варя, Шура десе шат-бутсың-ау...

Варвара. Оныд есесіне сен айрықша жұмсақсың.

Звонцов. -Айрықшаңның жөні қалай? Менің не ойлап жүргенімді езің де білесің ғой...

В а р в а р а. Ой — ол өзіне баска, жылы-жұмсақ кылығында бір сыр бар тәрізді.

З в о н ц о в. Мұның барып тұрған сөлекет.

В а р в а р а. Я, солай ма? Селекет пе?

З в о н ц о в. Өзід ойлашы: осыддай зор істід тусында қызғаныштық етудің қандай орны бар?

В а р в а р а. Сен осында, төменге неге түстід?

З в о н ц о в. Мен бе? Мунда... газетте бір жарнама бар екен. Онсод әлгі тоғайшы келген, мужиктер тоғайда аюларды камапты дейді.

В а р в а р а. Донат осында — ас үйде. Жарнама — ол не жайында?

З в о н ц о в. Сен өзід не шатып тұрсын. Мені мен калай-калай сөйлесесід? Немесе мені бір бала ғой деймісің?..

В а р в а р а. Қызба! Әкем келген тәрізді. Сенід сыйқың болса мынау.

*{Звонцов асып-сасып жоғары қарайкетеді. Шура жылы кофтасы бар, басында көк қалпағы бар — телефонға жүгірді, оны жолдан у стай алып, үн-түн жоқ. Булычов бауырына қысады, Булычовтың артынан ілесіп, үстінде кекшіл рясасы бар поп Павлин келе жатады}.*

Б у л ы ч о в *(столға отырып, Шураны белінен ғушақтайды, Шура оның ақ кірген шашын сыйпайды)*. Халықты әбден бузып біткен, жүздеріне кісі шыдап қарарлық емес...

П а в л и н. Күн сайын гүлденіп барасыз, Шурочка. Амандаспаптын, ғафу етідіз...

Ш у р а. Жок, амандасу менід жолым еді. Павлин атай, бірақ әкемнің аюдай қапсыра кушақтат алгадын көрмейсіз бе...

Б у л ы ч о в. Тырп етпе Шура, тур осылай. Бул халық қайда барады?

П а в л и н *(ауыр дем алып)*. Ұлық үкіметтід қалауы солай...

Б у л ы ч о в. Жапондар мен де жете ойламай килікті де, дүние жүзінід алдында күлкі, маскара болды...

П а в л и н. Әйтсе де соғыс дегенідіз күйзелтіп қана қоймайды, тәжрибесімен байытады, баска да...

Б у л ы ч о в. Біреу — соғысып, біреулер байып жатады.

П а в л и н. Алла тағаланың қалауынан тыс еш нәрсе болмақ емес. Дөмек, күңкілдеуге қандай орын бар?

Б у л ы ч о в. Сен Павлин, Савелев, үгітідді қоя тур әрі. Шуратай сен лыжа тебуге дайынданып жүрмісід?

Ш у р а. Я, Антонинаны күтіп тұрмын.

Б у л ы ч о в. Жарайды... Қоя тур оныңды! Еш қайда бармайсың, бес минут шамасында сені шақыртам. (Шура жүгіріп шығып кетеді).

П а в л и н. Бой жетіп қапты...

Б у л ы ч о в. Тулғасы келген, қыймылы епті-ақ, ал бет-әлпіне келгенде—әнтек жетіспеген. Шешесі ажарсыз адам еді. Ақылға дегенде мол болушы еді де, ажарсыз еді.

П а в л и н. Александра Егоровнаның бет әлпінде бір ерекшелік болушы еді... Тартымсыз да болмайтын. Со кісінід шыққан жері қай жақ еді?

Б у л ы ч о в. Сібірдікі болатын. Сен айтасың — улық үкіметтен, күдіреттен дейсід... тағы әрдеде дейсід, ал мына Думаşe — бул қалай? Қайдан шыққан өзі?

П а в л и н. Дума, бул өзі өкіметтің қадірід түсіруге істелген нәрсе ғой, жұрттыд көбі муны тіпті қате болған ас деседі, бірақ қасиетті дін, шеркеу адамдарына мундай істі сөз қылу жол емес. Оның бер жағында, бул заманда -жұрттыд рухын көтеру, патша тағына, отанға әлеуметтің сүйіспендігін көтеру міндеті бізге, дін адамдарына жүктеліп отыр ғой...

Б у л ы ч о в. Я, рухын көтерді де, қайта әкеліп батлаққа жықты...

П а в л и н. Сізге аян — Храм бастығын шеркеуде хор айтушылардың санын көбейтуге көндірдім, онсоң генерал Ботлингмен, жарықтық Егориядыздыд намына жаңадан салынып жатқан шеркеудің қодырауына деп қудайы садақа беру жайын әңгімелескен едім...

Б у л ы ч о в. Немене, қоңырауға ол ештеде бермеді ме?

П а в л и н. Бермеді, онымен де қоймай, ретсіз әзілге шаптырды: мыс атаулыны гсолктың оркестріне бергенді де унатпаймын деді! Сырқаттанып жүргеніңізді ескеріп, шеркеу қоңырауына қудайы-садақаны өзіңіз-ақ беретін жолыңыз бар ғой.

Б у л ы ч о в. (орнынан тура келіп). Қоңырау дауысымен сырқат емделмейді.

П а в л и н. Кім білсін. Аурудың себебі ғылымға қу-

пья нәрсе. Шет елдердід кейбір санаторияларында ауруды музыкамен де емдейді деп естимін. Бізде де өрт сөндіретіндер бар ғой, олар кернейін тартып пайдаға асыратын болса керек...

**Б у л ы ч о в.** *(күліп).* Қандай керней?

**П а в л и н.** Мыс керней. Өте зор керней деседі.

**Б у л ы ч о в.** Е, зор... керней болса... Немене, жазама екен ауруды?

**П а в л и н.** Өте жақсы жазатын болса керек. Бәрі де ықтымал, құрметті Егор Васильевич! Жан-жағымыз бәрі купья сыр, ұшы-қыйырсыз, шешіліп, беті ашылып бітпеген жасырын сырдың қарадғы түнегі ғой. Бізге айналамыз жарық сыяқты, бұл жарық шынында біздід ой-парасатымыздан туады, ол біздің көзіміздід шарасына ғана жарық сықылды болып көрінеді ғой, мүмкін, рухты қарадғы ететін, керек десе сөндіріп те тастайтын біздің ой-парасатымыз ғана шығар.

**Б у л ы ч о в** *(курсініп).* Апырай, сөзге дегенде булақсыд-ау.

**П а в л и н** *(еліге түсіп).* Мәселен, дуана Прокофийді алыдыз — оның өмірі неткен шаттық десеңізші, о бишараны біреулер аладғасар, ақмақ дейтін тәрізді.

**Б у л ы ч о в.** Ал, жетер енді, сен тағы да үгіттеп барасың. Ал, қош бол. Мен шаршадым.

**П а в л и н.** Сау-саламат болғаныңызды ақ ниетпен тілек етем. Сіздід дуғагейдіз... *(шығады).*

**Б у л ы ч о в** *(оң жақ бүйірін у стап, диванға жақындап барып, күңкілдейді).* Қабан! Христостыд қан мен тәніне семіріп бітіпті... Глафира. Ей...

**В а р в а р а.** Не, әке?

**Б у л ы ч о в.** Тук емес. Глафираны шақырдым. Әбден жасанып алыпсың. Қайда бармаксыд?

**В а р в а р а.** Аурудан жазылып келе жатқандар үшін қоятын спектакльге...

**Б у л ы ч о в.** Мурныдның үстіндегі ана көзәйнек те бара ма? Көзім ауырады дейтінід өтірік болар, жай сән үшін саласын ғой...

**В а р в а р а.** Папатай, Александраға айтсаңыз еді, тіпті жағымсыз, мінезіне кісі шыдарлық болмай барады.

**Б у л ы ч о в.** Бәрің де жетісіп тұрған жоқсың. Бар. *(күңкілдеп)* Шыдарлық емес дейді. Осыдан жазылып алайын, шыдамағанды көрсетермін. Глафира!

**Г л а ф и р а.** Шақырдыдыз ба?

Б у л ы ч о в. Я, шақырдым. Пай, Глашам, сен өзің не деген жақсысың. Деде мынау шыныққан, таза. Біздің Варвара қу сүйек қой әшейін.

Г л а ф и р а. *(жоғары, басқышқа қарап алып)*. Ол оның бахыты дағы. Сулу болса сіз оны да төсегіңізге карай тартқан болар едіңіз.

Б у л ы ч о в. Кет — әрі, қызым емес пе? Ес бар ма езд де, не деп тұрсыд?

Г л а ф и р а. Не деп тұрғанымды білем. Бөтендей-ақ. Шураны қушақтайсыз ғой. Нақ бір солдат сыяқты.

Б у л ы ч о в *(таңданып)*. Сені, Глафира, жын соққан болар, сенікі не, қызыма қызғанамысыд? Шураны арамдыққа жүгіртпе. Солдат сыяқты... Бөтендей-ақ... Сенің солдаттың қолына түскенід бар ма еді? Айтшы.

Г л а ф и р а. Орынсыз сөйлеп тұрсыз... Бул әңгіменің уақыты емес. Мені неге шақырдыдыз?

Б у л ы ч о в. Донатты жіберші. Тура тур. Қолыңды әкел, әйтсе де сүйемісің мені. Сырқат та болсам.

Г л а ф и р а. *(умтыла жығылып)*. Қасіретім менің... Ауырмашы... *(босанып алып, жүгіріп кетеді)*.

*(Булычов күлімсіреді, еріндерін жалайды. Басын шайкайды. Қайтадан жатады. Донат кіреді)*.

Д о н а т. Есен-саумысыз, Егор Васильевич.

Б у л ы ч о в. Өзің саумысыд. Кәне, не хабарыд бар?

Д о н а т. Жақсы хабарым бар әкелген: аюларды қамауга алдық.

Б у л ы ч о в. *(күрсініп)*. Ой, тәйірі... Енді оныа қуанбаймын, қайта ыза болам. Қазіргі күнде маған аю ермек болудан қалған. Немене, ағаш кесіп жатыр дей ме?

Д о н а т. Я, бірақ адам азырақ боп тур.

*(Ксения кіреді. Сәндініп киінген. Колдарында жүзік)*.

Б у л ы ч о в. Сенікі не?

К с е н и я. Әшейін, Егор. Сен аю дегенге желікпесең еді, ад аулайтын хәлің бар ма!

Б у л ы ч о в. Тоқтат. Адам аз деймісід?

Д о н а т. Шалдар мен жас өспірімдер ғана қалды ғой. Қнязьға елу шамалы пленге түскен адамдардан берген еді, олар ағаш кесуге' орашалақ көрінеді.

Б у л ы ч о в. Кесуге орашалақ, ал қатындарға қалай епті екенін көрсең еді.

Д о н а т. Ол жағы бар.

Б у л ы ч о в. Я — Қатындардыд шөлдеген кезеді ғой.

К с е н и я. Деревнялар әбден бузылған деседі.

Д о н а т. Неге бузылған дейсіз, Ксения Яковлевна. Мұжықтардың бәрін қырып бітті, бала тудыру да керек емес пе. Өлтірдід, қырдыд — ендеше, орнын толтыр деген болып шығады ғой.

Б у л ы ч о в. Я, тәрізі солай.

К с е н и я. Қойшы әрі, плендерден кай дурыс бала болушы еді. Бірақ, әрине, мықты дене, таза еркектер болса...

Б у л ы ч о в. Қатындар — кіл ақмақ, ал сол катындардан балалы болуға солар өзі кумартпайтын болар.

К с е н и я. Бізде қатындардыд қайсы біріді ақылды. Ал, дені таза, мықты мужықтардыд бәрі соғысқа айдалды, бармай қалғандар... кілең адвокаттар ғана.

Б у л ы ч о в. Халық одбай бузылды-ау...

К с е н и я. Оныд есесіне басқалары байып алды емес пе?

Б у л ы ч о в. Тауып айттыд, әбден байыды.

Д о н а т. Патшалар халыққа тояды деймісіз.

Б у л ы ч о в. Қалай дедің?

Д о н а т. Патшалар еш уақыт халыққа тоймайды ғой деймін. Өзіміздід халықты тойдыра алмай жатқанда, басканың елін басып алмақ.

Б у л ы ч о в. Рас. Ол — рас.

Д о н а т. Неге соғысып жатқанымызды баскаша түсініп болмайды. Міне, бізді осы тойымсыздық үшін соқжылап отыр.

Б у л ы ч о в. Дурыс айтасыз, Донат. Менід кіндік балам Яков та осыны айтады: барлық қайғы-қасірет осы тойымсыздықтан басталады дейді. Я, айтпақшы, біздід Яков қалай турады?

Д о н а т. Жаман емес, сіздід соныңыз бір есті бала-ау!

Б у л ы ч о в. Есті кісіді тапқан екенсід. Ақылды емес, тентек.

Д о н а т. Оныд тентектігі де естіліктен. Ол онда, -Егор Васильевич, солдаттан қашқан оншақты адамды жыйнап, жұмысқа салған, жаман істеп жүрген жок. Болмағанда әбден урлыққа салынып кеткен адамдар еді.

Б у л ы ч о в. Жетер, жетер. Мокроусов есітіп қояр да, жанжал шығарар.

Д о н а т. Мокроусов муны біледі. Қайта қуанады. Ұйткені оның өзіне жеделдік келтіреді ғой.

Б у л ы ч о в. Қой, байқа дегедмен... *(Звонцов жоғарыдан түсіп келе жатады)*.

Д о н а т. Сөйтіп аюларды...

Б у л ы ч о в. Аю — ол сенід бақытыд...

Д о н а т. Сіз рұхсат етідіз, аюларды Бутлингге ұсыннайық, ол бізге көп көмек...

Б у л ы ч о в. Білем, білем. Ұсына ғой. Немесе архерейге бер.

К с е н и я *(күліп)*. Архерей аюды қалай атар екен, көрер ме еді.

Б у л ы ч о в. Ал, мен әбден шаршадым. Кош бол,, Донат! Я туысқан, істід соті келмейтід боп жур. Қалай ауырдым, солай-ақ істід берекесі кете бастады...

*(Донат үнсіз басын иіп, шығып кетеді)*.

К с е н и я. Шурканы маған жіберші. Сен неге қыйпақтап тұрсыд, Андрей. Айтсадшы бірден.

З в о н ц о в. Айтайын дегенім Лаптев туралы еді.,

Б у л ы ч о в. Я, не айтпақсың?

З в о н ц о в. Естідім, ол бір сенімсіз... күдікті адамдармен байланысқан дейді және Колосевтегі жәрменкеде мужыктарға үкі метке қарсы сөздер сөйлепті деседі.

Б у л ы ч о в. Қой арман. Осы күні қайдағы жәрменке? Қайдағы мужыктар? Бәрің де осы Яковтың үстіне шағым айта беретін болғандарың не?

З в о н ц о в. Е, ол осы үйдің бір адамындай болып кеткен соң...

*(Шура жүгіріп кіріп келеді)*.

Б у л ы ч о в. Солай болса жарар еді-ау... Сендер соны өзіміздід бір адам дей қоймайсыддар ғой. Ол, міне, жексембі сайын асқа келіп тұратынын да қойып кетті... Бар, Андрей... Кейін тағы бірде айтарсын...

Ш у р а. Немене, Яковтың үстінен сөз жеткізіп жүрмісің?

Б у л ы ч о в. Ол — сенід жұмысыд емес: Отыр мунда. Сенід үстіңнен де бәрі бірдей шағым айтуда.

Ш у р а. Бәрі дегенде — кімдер?

Б у л ы ч о в. Ксения, Варвара...

Ш у р а. Булар әлі бәрі емес.

Б у л ы ч о в. Шынымен айтып отырмын, Шуратай!

Ш у р а. Шынымен айтқанда сен булай айтпайсың.

Б у л ы ч о в. Сен түк бітірмейсід, журттыд бетінен де бетінен аласыд, тентексід...

Ш у р а. Түк бітірмейтін болсам, журттыд бетінен алатын тентектігім қайсы?

Б у л ы ч о в. Еш біреудід сөзін елең қылмайсың, тылдамайсын.

Ш у р а. Бәрінде тыңдаймын. Бірақ жерігем әбден, жирен.

Б у л ы ч о в. Жирен өзің — сен менен де сарысыд. Міне, менімен де... жөн сөйлескід келмейді. Өзіде бір урысу керек-ақ, бірақ урыскым келмейді.

Ш у р а. Урыскыд келмейді екен — керегі де жоқ.

Б у л ы ч о в. Қарай ғой! Урыскың келмесе керегі де жоқ. Урыспағанға не жетсін, ол бір рахат кой, бірақ оған больш жатыр ма!

Ш у р а. Болдырмайтын кім?

Б у л ы ч о в. Бәрі де... бәрі де. Бірақ сен оны уқпайсың.

Ш у р а. Сед уқтыр, үйрет мені, айт аналарға — алмасын мазамды...

Б у л ы ч о в. Қой, буған үйрете алмайсыд. Сен не, "Ксения. Неге кезіп жүрсід, не іздедің?"

К с е н и я. Доктор келді, Башкин дә күтіп отыр. Александра, жап етегідді, отырған сыйқыд қалай?

Б у л ы ч о в (*орнынан турып*). Ал, шақыр докторды. Жата берудің де пайдасы жоқ, жатсам ауырлап қалам. "Бар, қайқай, Шуратай! Аяғыд шығып кетіп жүрмесін, байка.

Д о к т о р (*кіреді*). Саламатпысыз. Халідіз қалай?

Б у л ы ч о в. Мәз емес. Нашар емдейсід, Нифонт Григорьевич.

Д о к т о р. Кәнеки, сіздід бөлмеге баралық...

Б у л ы ч о в (*қатарласа кетіп бара жатып*). Маған ең күшті, ед қымбат дәріден берсед еді, маған кайткенде де жазылу керек, туысқан. Осыдан мені жазып шықсад, — больница салдырып берем, бастығы өзің болсаң, не қаласаң соны істейсід. (*Шығып кетеді*).

(*Ксения, Башкин*).

К с е н и я. Доктор не айтады?



Б а ш к и н. Бауырына рак деген жара шығыпты дейді.

К с е н и я. О, Жаратқан! Не дейді тағы!

Б а ш к и н. Қатерлі ауру дейді.

К с е н и я. Я, әрине! Өз жұмысын әркім де ед ауыр дәмек кой.

Б а ш к и н. Ауыратын кез емес-ақ еді. Айнала толған ақша, тесі к қалтадан ақтарылғандай ағыл-тегіл, кешегі кайыршылар бүгін мың-мыңдап ақша устайтын болды, ал бул болса...

К с е н и я. Я, я. Байып барады, байып барады журт.

Б а ш к и н. Достигаевтыд семіргені еонша, омырауы алақ-далақ ағытылып жүреді, мылдап сөйлейтін болған. Ал, Егор Васильевичтід ақыл-парасатын тозад баса бас-таған тәрізді. Ол анау күні: өмірді босқа' өткізіп алдым, түк бітірмедім дейді. Ол не деген сөз?

" К с е н и я. Я, мен де байқадым — сыйқы жаман.

Б а ш к и н. Ол сенід ападмен сомасын бірге қосып, ортақ болды ғой. Осыдан кейін оныд сомасы көбеюі керек еді.

К с е н и я. Қаталасыппын мен, Мокей, қателескенімді көптен білем. Прикащикке күйеуге шығамын деп, дурысында, бул емес еді. Әттед, саған күйеуге шыққанымда — тыныш кана өмір сүрген болар ек. Ал, ол... Алла сақтасын. Не деген тентек деседші. Мен' басымнан не кешірмедім. Шеттен қыз таптырып, оны менің мойныма артты. Күйеудінде дурысын тадамады... Нашар адам боп шықты. Қорқам, Мокей Петрович, Варварамен бірігіп мені билеп әкетеді де, ел ақтатып жібереді-ау деп коркам.

Б а ш к и н. Бәрі де ыктымал! Соғыс! Соғыстыд тұсында уят та, аяныш та қалмайды ғой.

К с е н и я. Бізге ескіден едбегід сіңіп еді, сені біздің атай адам қылып еді ғой, менід халімді ойлан...

Б а ш к и н. Я, өзім де ойлап жүрмін... *(Звонцов келе жатады).*

З в о н ц о в. Немене, доктор кетті ме?

К с е н и я. Әлі осында.

З в о н ц о в. Мокей Петрович, Шұға қалай?

Б а ш к и н. Беттинг алатын емес.

З в и ц о в. Оған қанша беру керек екен? .

Б а ш к и н. Бес мың, кемі жоқ.

К с е н и я. Міне жауыз! Шал деп кім айтар.'

З в о н ц о в. Жанна арқылы ма?

Б а ш к и н. Я, сол уәде бойынша ғой.

К с е н и я. Бес мыд! О неге? А?

З в о н ц о в. Ақша арзандап қалды емес пе!

К с е н и я. Басканыд калтасынан шығатын болған соң солай демек қой...

З в о н ц о в. Атай қарсы емес пе?

Б а ш к и н. Мен соны білгелі келдім.

Д о к т о р *(шығады Звонцовты қолтығынан алып)*. Бері жүрші...

К с е н и я. Ох, қуантыңыз бізді...

Д о к т о р. Мүмкін кадерінше жүре бермесін, жатсын. Күйгелектеу, ызалану оған тіпті зыян. Тыныштық керек. Онсоң... *(Звонцовка сыбырлайды)*.

К с е н и я. Маған неге айтпайсыз? Әйелі емеспін бе?

Д о к т о р. Кейбір істід жайын әйелдерге айту ыңғайсыз болады *(қайтадан сыбырлай түсіп)*. Осы бүгінгі кештен қалдырмаймыз.

К с е н и я. Ол не нәрсе?

Д о к т о р. Консилиум, докторлардың кедесі.

К с е н и я. Астапыралла...

Д о к т о р. Қорқатын түгі жоқ. Ал, қош болыңыздар. *(Шығады)*.

К с е н и я. Қалайша қатал өзі... Бес минутка бес сом алды. Сағатына алпыс сом...

З в о н ц о в. Муньд айтуы... Операция керек дейді.

К с е н и я. Кеседі? Жоқ, оның реті келмес. Баскасы өз алдына, ал, кесу дегенді атама, істетпеймін...

З в о н ц о в. Қойыдыз, оныдыз надандық болады. Хирургия, ғылым...

К с е н и я. Ғылымыда түкіргенім бар! Ал, ендеше! Мені надан дегенде әдептілігің осы ма?

З в о н ц о в. Әдеп, спайігершілікті айтып тұрғам жоқ, қараңғылығыңызды айтам.

К с е н и я. Сен де жап-жарық болып тұрған жоқсын. *(Звонцов қолын бір сілтеп, жүріп кетеді. Глафира жүгіріп бара жатады)*. Қайда барасыд?

Г л а ф и р а. Спальнядан қоңырау соқты. *(Глафирамен бірге Ксения күйеуіне кетеді)*.

З в о н ц о в. Ауыратын кез емес-ақ еді.

Б а ш к и н. Я. Ауыратын кез еместі. Ақылды адамдар, фокусниктер тәрізді, қараздан-ғұқ ақша жасап алып жатқан кез ғой.

**З в о н ц о в.** М-м! Және оныд үстіне революция болғалы тур.

**Б а ш к и н.** Жоқ мен оныды макулдамайым. Бул революция бесінші жылы да болған. Мунан гүк шыкпайды.

**З в о н ц о в.** Бесінші жыл — ол революция емес, бунт еді ғой. Онда шаруалар мен жумысшылар үйінде отырған болатын, ал қазір олар — майданда. Ендігі революция чиновниктерге, губернаторларға, министрлерге қарсы болатын революция.

**Б а ш к и н.** Ондай болатын болса, революциядды берер кудайым! Чиновниктер тас кенеден де жаман, бір қадалса, айрылмайды...

**З в о н ц о в.** Патшаңыз анық басқара алмауға калды.

**Б а ш к и н.** Купецтердід іші де солай десіп жүр. Бір мужық патшаның көзіне шөп салып кетіпті дей ме?  
*(Басқышта Варвара тыңдап турады).*

**З в о н ц о в.** Я, ол әлгі Григорий Распутин ғой.

**Б а ш к и н.** Сол мужық дуалап жүр дегенге сене алмаймын.

**З в о н ц о в.** Тамыры болады дегенге ше—сенемісіз?

**Б а ш к и н.** Ертегі сыякты нәрсе. Оныд генералдары да жетіп жатыр емес пе?

**В а р в а р а.** Сөкет әңгіме буларыд.

**Б а ш к и н.** Журттыд бәрі осылай дейді, Варвара Егоровна. Сонда да мен патшасыз болмайды-ау деп, шамалаймын.

**З в о н ц о в.** Патша Петербургта емес, әркімнің өз басында болу керек. Спектакль бітті ме?

**В а р в а р а.** Баска күнге көшірілді. Бір ревизор келіпті, бүгін кешке жарақаттанған солдаттардыд бір эшелоды келмекші екед, бес жүздей болса керек. Соларға орын жоқ деседі.

**Г л а ф и р а.** Мокей Петрович, сізді шақырады.

*(Столүстіне бөркін тастап, Башкин шығып кетед).*

**В а р в а р а.** Буған сырыдды ақтара төгіп турғаның калай? Біздід үстіміздед апама сөз жеткізіп, шпиондык жүргізетінін өзід де білесід ғой. Ол мыда бөрікті он жыл сүйреткен болар, қатыбас сарад. Тер майы әбден сідіп біткен. Түсінбеймін, калайша сен осы жуликпен...

**З в о н ц о в.** Әй, койшы ары. Мен мунан бес мыд сом ақша алғалы жүрмін, Беттлингге параға беру үшін.

**Варвара.** Оныд бәрін Жанна арқылы Лиза Достигаева реттеп беред дегенім қайда! Және бул арзанға да түседі...

**Звонцов.** Сенід ол Лизаветаң отырғызады әлі өзінді...

**Ксения (күйеуінің бөлмесінен).** Қойдырындаршы ананы, жатсын. Төсегінен турып алып, Мокейге урсып жатыр... Ей, жаратқан.

**Звонцов.** Баршы сен, Варя...

**Булычов (үстінде шапан, аяғында киіз байпақ етік).** Ал, тағы не? Бахытсыз соғыс.

**Башкин (артынан ере жүріп).** Оған кім талассын?

**Булычов.** Соғыс кім үшін бахытсыз?

**Башкин.** Біз үшін.

**Булычов.** Біз үшін дегендегид кім? Сен, журт осы соғыстан миллиондап пайда тауып жатыр дейсің ғой? А?

**Башкин.** Халық үшін бахытсыз соғыс дегенім ғой.

**Булычов.** Халық, халық дегенде мужықтар емес пе, оларға бәрі бір: өмір сүру де, елу де. Міне, сенід шындық дейтінің осы.

**Ксения.** Ашуланба енді өзід. Зыян саған...

**Башкин.** Сізге не болған? Мұндай да шындық бола ма?

**Булычов.** Нағыз өзі. Шындық дегенід осы. Мен тік айтам, менід білетінім — баю, мужықтардікі — жұмыс істеу, сатып алу. Осыдан басқа тағы қандай шындық бар?

**Башкин.** Әрине, солай екені солай ғой... дегенмен де...

**Булычов.** Ал, немене, дегенмен де? Сен ғой мені урлаумен жүресід, сондағы сенід ойыд де?

**Башкин.** Муныд кыянат.

**Ксения.** Варя, сен не карап турсыд, ойбай-ау! Қойдырсадшы әкенді. Жатсын деген оған.

**Булычов.** Сен — халықты ойлаймысыд езід?

**Башкин.** Мені журт алдында да ренжітесіз. Урлайсыд дейсіз, оны дәлелдеу керек әлі.

**Булычов.** Дәлелдейтін түгі жоқ. Бәрі біледі. Урлық деген задды нәрсе. Сені ренжітетін түк те жоқ. Ренжітіп жөнге салам дейін бе, онымен жөнге түспейсід. Ал, урлағанда урлайтын сен емес — сом, урлайды. Урының үлкеді сомның өзі...

**Башкин.** Муны айтса айтатын тек Яков Лаптев.

**Б у л ы ч о в.** Я, айтып жүрген сол. Ал, енді жөніңе бар. Бетлингге пара беруші болма. Бере-бере болдық әбден, ол кәрі какпастыд табыты мен кәбініне осы күнге дейін алғаны да жетеді. Сендер неменеге топылдындар? Не күттіңдер?

**В а р в а р а.** Ештеде күтіп тұрғамыз жоқ...

**Б у л ы ч о в.** Ештеде? Солай ма? Ендеше барындар, жумыстарыңа барындар. Тіршіліктерід бар емес пе? Кседия, айтшы менің ана бөлмемді желдетсін. Капырық, дәрінің қышқыл исі дем алдырмайды. Онсод Глафираға айт, клюкваның қвасын әкел берсін.

**К с е н и я.** Саған қвас ішуге болмайды ғой.

**Б у л ы ч о в.** Бар, бар! Ненің болып, ненің болмайтынын өзім білем.

**К с е н и я** (*кетіп бара жатып*). Білген болсаң... (*Бәрі шығады*).

**Б у л ы ч о в** (*столдың жиегінен ұстап, столды айналып шығады. Айнаға қарап, бар даусымен*). Жаман, жаман сенің ісід, Егор. Мына бет-ауыз да өзіндікі емес, әлде не боп кеткен.

**Г л а ф и р а** (*қолында поднос, онысында сүт құйған стакан*). Міне сізге сүт.

**Б у л ы ч о в.** Оныңды мысыққа бер. Маған клюкваның қвасы керек.

**Г л а ф и р а.** Сізге қвас беруге қоспайды.

**Б у л ы ч о в.** Олар қоспай-ақ қойсың, сен әкеле бер. Тура-тур! Сеніңше қалай, өлер ме екем мен?

**Г л а ф и р а.** Мүмкін емес.

**Б у л ы ч о в.** Неге?

**Г л а ф и р а.** Сенбеймін.

**Б у л ы ч о в.** Сенбеймісің? Жоқ, туысқан, менің ісім жаманға айналды. Білем, тіпті жаман.

**Г л а ф и р а.** Сенбеймін.

**Б у л ы ч о в.** Қасакы! Жарайды, қвасыңды әкел. А мен памеранцевый ішем... Сол пайдалы. (*Буфетке барады*). Жауып тастапты, сайтандар! Ай, додыздар-ай! Тыққыштайды да жүреді менен. Мен бір қамаудағы адам. Арестант... нақ бір...

*Пердө*

## ЕКІНШІ ПЕР ДЕ

Булычовтың қонақ үйі Звенцов пен Тятин мүйіштегі кішкене дөңгелек столдың жанында отыр, стол үстінде бір бөтелке вико.

З в о н ц о в. Сен осы пальсапа сокпай, ойлансаң еді қайта.

Т я т и н. Ойлап турмын. О қыздың өзі әбден ерке, қыйынырақ болар.

З в о н ц о в. Ондай болғанда айрыларсыд.

Т я т и н. Ол кезде акша оныд өзінде қалады — тағы.

З в о н ц о в. Акшаны сенід қолыда түсетін етеміз. Ал Шураны көндіру жағын өзіме қалдыр. Саған оныд бәрі бір ғой — қыз ба, немесе баяғыда-ак...

Т я т и н. Адалын айтқанда...

З в о н ц о в. Міне, сол кезде шешесі де қызын тезі рек күйеуге беріп жіберуге асығады, қыздыд жасауы артады.

Т я т и н. Сен муны... тауып айттыд. Жасауы нендей езі?

З в о н ц о в. Елу.

Т я т и н. Мыд?

З в о н ц о в. Түйме.

Т я т и н. Шын ба?

З в о н ц о в. Бірақ сен маған он мыддыд вөкселіне қол қоясын.

Т я т и н. Мыд ба?

З в о н ц о в. Жок, сом. Мегас.

Т я т и н. Оның көп...

З в о н ц о в. Олай болса, әдгімені доғарамыз...

Т я т и н. Сен осыны шыныд мен айтып турмысыд?

З в о н ц о в. Ақшаныд сөзін ойынға айналдыратын ақымақтар ғана.

Тятин (*сықақпен күліп*). Қайтсем екен... Шебер ойланылған.

Звонцов (*шылымын сорып*). Түсіндід бе?

Тятин. Шынын айтсам, осының маған **унамайды**, Андрей.

Звонцов. Ақша-ше—унай ма?

Тятин. Ақшасы курғыр унайды ғой.

Звонцов. Сенід кімге рақымды түседі осы?

Тятин. Өзіме дағы, сөз бар ма оған...

Звонцов. Әрине, аяуға тургандайсың!

Тятин. Дегенмен осы сен білемісід — маған бірден бір дос медід өзім.

*(Достиғаев кіред).*

Звонцов. Осының өзіне ырзамын — **өзің** де түсінетін тәріздісің. Саған, пролетар — интеллигент адамдарға, мына қып пат ауыр заманда...

Тятин. Я, я, әрине! Ал енді кетейін, **сотқа** баратын кезім бопты.

Достиғаев. Сен неге ренжулісід Степа?

Звонцов. Біз әлгі Распутинді әдгіме етіп отыр едік **қой**.

Достиғаев. Әніки, тағдыр деген, а? Сібірдід карапайым мужығы епископтармен, министрлермен дойбы ойнады-ау. Ақша дегеніңізді жүз мылдап пералатты. Он мыңнан кем пара алмады. Аныңын білетін жерден естідім, — он мыднан тіпті кем алған емес дейді. Ішіп отырғандарыд не? Бургунское? Ауыр вино ғой, **муны** ас алдында ішеді, ай, аюан халық.

Звонцов. Сіз атайды калай таптыдыз?

Достиғаев. Табатын несі бар, жасырынған ол жсқ кой. Сен Степа, маған бір стакан әкелсең еді. (*Тятин аспай-саспай турып кетеді*). Бульчов, **турасын** айту керек, жаманға айналыпты. Қатерлі күйде екен...

Звонцов. Маған да солай тәрізді о кісі...

Достиғаев. Я, я. Сол, соның өзі. Және **оның** үстіне өзі өліп кетер ме екем деп қорқады **екен**, сондықтан да өледі ол. Осы айтқанымды сен де ескер. Біздід **заманымыздың** өзі солай: адырып аңқау калма, екі **қолды** калтаға салып жүру болмайды. Мемлекет **торын** доңыздар шурық-шурық тесумен жатыр, ал революцияның болатыны сөзсіз, оны губернатордыд өзі де бідеді...

**Тятин** (*кіріп келе жатып*). Егор Васильевич ас үйге шықты.

**Достигаев** (*стаканды алып*). Рахмет, Степа. Шықты деймісід? Олай болса, біз де со жаққа барайық.

**Звонцов**. Өнеркәсіп иелері өз міндетін уғатын тәрізді.

*(Варвара мен Елизавета келе жатады).*

**Достигаев**. Москвалықтар ма? Енді олар уқпасын ба!

**Елизавета**. Булар бул жақта қылқылдатып жутып жатыр, ана жақта болса Бульчов өкіріп жатыр — дәтін шыдар емес.

**Достигаев**. Америка неліктен гүлденіп барады? Себебі, оларда үкімет басындағылар қожайындардын өзі...

**Варвара**. Жанна Беттлингова Америкада ас пісіруші әйелдер базарға автомобильмен қатнайды екен дегенге шынымен-ақ сенеді.

**Достигаев**. Әбден мүмкін Әлде... суқыйт өтірік болуы да ықтымал. Ал сен, Варюша, әлі сол әскери адамдармен жүрмісід? Подполковник болғыд келе ме?

**Варвара**. Ой, баяғыдағы әңгіме ғой. Сіз нендей хыялға кеттідіз, Тятин?

**Тятин**. Жай... әшейін...

**Елизавета** (*айна алдында тұрып*). Кеше Жанна маған керемет тамаша анегдот айтты. Тамаша болғанда — бір керемет!

**Достигаев**. Ал, айтшы кәнеки, кандай анегдот?

**Елизавета**. Еркектердід алдыдда айтуға болмайды.

**Достигаев**. Олай болса керемет екед!

*(Варвара Елизаветаға тағы бірдеңені айтып, сыбыр ете түседі).*

**Елизавета**. Ау, күйеу! Сен осында бутылканын гүбіне жеткенше отырмакпысыд?

**Достигаев**. Немене, мен біреуге тусау болдым ба?

**Варвара**. Андрей.

**Елизавета** (*Тятинге*). Степа, сен «Зұлымның азғыруына ермейтін, күнәлінің жолына түспейтін күйеу жақсы» деген кітап сөзін білемісің?



**Тятин.** Я, сол сыякты бірдеңе есімде бар.

**Елизавета** (*қолтықтап алып*). Ал, мыналар, осы отырғандарды бәрі де күнаға белшеден батқан күйеулер, ал, сен болса аймен жулдыз, сүйіспеншілік тағы сондайлар үшін жаратылған момақан, жас боз баласыд, солай ма? (*Шығып кетеді*).

**Достигаев.** Ай, мылжыц-ай!

**Варвара.** Василий Ефимович, апам мен Башкин Мелания жедгейді шақырған.

**Достигаев.** Игумения ма? У-у, ол осал хайуан емес. Достигаев пен Звонцов фирмасы дегенге ол — қарсы. Ол Ксения—Булычов пен Достигаев деген фирма болса дейді.

**Звонцов.** Ол обороттағы ақшасын шығарып алуды да талап етуі мүмкін.

**Достигаев.** Меланиянід ақшасы — қанша? Жетпіс мың бола ма?

**Звонцов.** Тоқсан.

**Достигаев.** Дегенмен көп нәрсе Өзінікі ме, немесе монастырьдікі ме?

**Варвара.** Оны қалай білерсід?

**Достигаев.** Білуге болады. Білуге болмайтын нәрсе жоқ. Міне, мәселен, немістер майдандағы біздің солдаттарымызды ғана санын біліп қана қоймайды, керек десед әр солдаттың бойыда неше биттен барында біледі.

**Варвара.** Сіз енді байсалды бір әңгіме айтсаңыз еді...

**Достигаев.** Қалкам Варюша, қалтада қанша ақшаң барын санай білмейінше, сауда жасауға да, соғысуға да болмайды. Меланияларды ақшаларын былай білуге болады: оларды үйінде Секлетей Полубаяринова бар, ол ақша иесі Никандрды жұрт уйқыға кеткед кездегі ісінде араласа жүреді, ал Никандр ақша санағанды жақсы көреді. Епорхиал советінде онан басқа тағы біреу бар, біз оны әзірге тыд сақтай туралық. Сен бар ғой, Варюша сол Полубаяриновамен ебін тап та сөйлес, егер ақша монастырьдікі болса... онда ар жағы өздеріңе де түсідікті емес пе? Медід әлгі сулуым қайда кетті?

**Глафира.** Ас үйге шақырады.

**Достигаев.** Отырмалық. Жүрсек қайтеді?

**Варвара** (*креслоға көйлегі ілініп қалғандай, кіді-*

pin). Андрей, ажыратып жібер дағы. Сен осыған сенемісің?

Звонцов. Тапқан екенсід ақмақты.

Варвара. Апыр-ай, не деген жулик. Мелания жеңгейді шақырды дегенім табылған ой болды-ау. Ал, Тятинді кайттид?

Звонцов. Көндірем ғой оны...

Варвара. Тездету керек...

Звонцов. Неге?

Варвара. Ойбай-ау жерлегеннің артынан узақ күтуге тура келеді ғой. Ал, әкейді білесід — көділшек адам... Онсод буған баска да бір себебім бар.

*(Бұлар шығады, қарсы алдарынан Глафира кездеседі, бұрылып жаңағы екеуіне жек көріп қарайды, ыдыс-аяқтарды жыйыстырады, Лаптев кіреді).*

Глафира. Яков, кеше сені қамалып қапты деп лакап тарағанды.

Яков. Койшы? Өтірік болар.

Глафира. Сен қашан да әзіліңді қоймайсыд.

Лаптев. Қарын — аш, Әмір — шат.

Глафира. Осы әзілід түбінде жетеді ғой, ана жакта, Шуранікінде Тонька Достигаева отыр.

Лаптев. Тсс, ойбай оны атама!

Глафира. Шураны осында шақырайын.

Лаптев. Оның ақыл. А, Бульчов калай?

Глафира *(ашумен)*. Саған ол калайша Бульчов болады? Ол сенід кіндік әкең емес пе?

Лаптев. Ашуланба, апатай.

Глафира. Оның халі нашар.

Лаптев. Нашар? Тура тур. Біздід балалар аш, апатай, маған бір-екі путтай, болмаса тіпті бір каптай ун тауып бере аламысыд.

Глафира. Немене, сен үшін урламақпын ба?!

Лаптев. Алғаш урлағаныд емес еді ғой. Күнәға бұрын да батып болғансыд, менід-ақ мойныма арта бер. Кудай ақына, балалар мүлдем аш. Еңбегің үшін осы үйден сенің алатын аласыд қожайындардыд үлесінен де көп емес пе.

Глафира. Бұл көкейдді талай естігем. Ертең Донатка ун жібермек, сонда бір қабын аларсыд. *(Шығады)*.

Лаптев. Рахмет! *(Көзінен жас шыққанша есінейді, көзінің жасын сүртіп, жан-жағына қарайды)*.

К с е н и я (бурқ-сарқ сөйлеп келе жатады). Бәрі де дуғадан кашқан сайтандай, тым-тырақай кашады...

Л а п т е в. Сәлем бердік...

К с е н и я. Ой, сен мунда не ғып отырсың?

Л а п т е в. Немене, жүру керек пе еді?

К с е н и я. Кейде тіпті іздесед таппайсың, кейде ойламаған жерде келіп қалғаныдды көреміз. Нак бір жасырынбақ ойнап жүрген кісі тәрізді. Саған дуға оқып ат қойған әкең болса ауырып жатыр, ол сенің ойыда кіріп те шығатыд емес...

Л а п т е в. Ендеше мен де ауруым керек пе екен?

К с е н и я. Бәрің де естеріднен адасқансыддар, сендер басканы да жынды қыласындар. Түк уғып болмайды. Тыңдашы сен әлі, патшаны камап койғалы жатыр дейді. Емелка Пугачов сыякты темір торға салмақ дейді. Немене, өтірік айта ма осы журт, айтшы, сауатыд бар ғой.

Л а п т е в. Шын көрінеді.

Г л а ф и р а. Ксения Яковлевна, бір минутка шығып кетідізші.

К с е н и я. Тағы не болып қалды. Бір тыньштык жоқ... (Шығады).

Ш у р а (жүгіріп кіріп). Амансыз ба!

Л а п т е в. Шуратай, Москваға бара жатырмын, ақтам жоқ — көмектесіп жібер.

Ш у р а. Менде отыз-ақ сом бар...

Л а п т е в. Елу сом болар ма еді,"ә.

Ш у р а. Табайын.

Л а п т е в. Кешке поезға жеткізіп бере ғой. Жарай ма?

Ш у р а. Жарайды. Әй, революция болады дей ме осы?

Л а п т е в. Басталды да ғой. Сен өзің газет оқымаймысың?

Ш у р а. Газетіде түсінбеймін. Яков, адалыцды айтшы, Тятин қандай адам?

Л а п т е в. Бәрекелде. Осы жарты жылдың ішінде сен соны күн сайын көріп жүрген жоқпысың!

Ш у р а. Адал ма ©зі?

Л а п т е в. Я... жаман жігіт емес, адал.

Ш у р а. Сен неге батыл айтпайсыд?

Л а п т е в. Ол туйықтау кісі. Ренжулі ме әлде.

Ш у р а. Кімге ренжулі.

Л а п т е в. Оны университеттің екінші курсынан шы-

ғарып жіберген. Хатшы болып ағасының қолында істейді, ал ағасы...

Ш у р а. Звонцов жулик пе?

Л а п т е в. Ол лебирал, кадет — олар өзі жалпы алғанда жуликтеу болады. Акшаны сен Глафираға берерсің, маған сол жеткізіп береді.

Ш у р а. Глафира мен Тятин саған көмектесіп жүре ме осы?

Л а п т е в. Несімен?

Ш у р а. Жөгіленбе, Яшка. Уғамысыд, саған мен дә жәрдем бере алам.

Л а п т е в (*таңданып*). Сенікі не, қыз-ау, мені нак бүгін көргендей болғаныд не?

Ш у р а. Мені үйтіп мазағыңа айналдырушы болма. Акмаксың сен.

Л а п т е в. Мүмкін акмақ та шығармын, бірақ неге екенін түсінгім келеді...

Ш у р а. Варвара келе жатыр.

Л а п т е в. Қой, мен оны көргім келмейді.

Ш у р а. Жүрейік, тез енді.

Л а п т е в (*иығына қолын сала құшақтап*). Шынында да — осы сенікі не?

*(Есіктің артынан жаба шығып кетебі).*

В а р в а р а (*есіктің кілті салдыр еткенін есітеді, есікке барып тутқасын айналдырып қарайды*). Бұл сенбісід, Глафира? (*Пауза*). Осында біреу бар ма? Бір купья сыр... (*Тез шығып кетеді*).

*(Башкин мен Булычов кіреді). Шура Донатты қолынан жетелеп келе жатады.*

Д о н а т. Ал, мені қайда жетелеп барасыд, Шура-тай...

Ш у р а. Токта. Кәне, біздід әкейді осы каладағылар сыйлай ма?

Д о н а т. Бай адамды қайда болса да сыйлайды. Сен әлі күнге тентек екенсід ғой...

Ш у р а. Сыйлай ма, болмаса корка ма?

Д о н а т. Қоркпаса сыйламас та еді.

Ш у р а. Ал енді жақсы көргенде неліктен жақсы көреді?

Д о н а т. Жақсы көреді? Оншасын білмейім.

Ш у р а. Өндеше — жақсы көретінін білесің бе?

Д о н а т. Оны ма? Калай деп айтуға болар екен?

Арбакештер унататын тәрізді, үйткені ол саудаласып турмайды, не сураса сонысын береді. Әрине, онан сод сол арбакештердід өзі тағы басқа біреулерге... басқаша дейтін болар, кім біліпті...

*Ш у р а (аяғымен жерді теуіп қалып). Сен күлкіге айналдырасың.*

*Д о н а т. Неге? Шын айтып турмын.*

*Ш у р а. Сен ашулысыд ғой өзің. Сен өзің өзгеріпсід.*

*Д о н а т. Қой, мен қайдан өзгерейін. Өзгөретін кезден өттік қой.*

*Ш у р а. Сен маған біздід әкейді мақтағансың.*

*Д о н а т. Казірде жамандап турғам жоқ. Әр балықтың өзінше кабыршығы болады.*

*Ш у р а. Сендер бәрің де суайт, өтірікшісіңдер.*

*Д о н а т. Сен ашуланба, ашуыд дәлел бола алмайды.*

*Ш у р а. Бар едді, кет. Глафира... Біреу келе жатыр... (Перденің артына жасырынады).*

*(Алексей Достигаев кіреді, сәнденіп киінген, бұтында галифо, үстінде швед куртешесі, өн бойы белбеу, толып жатқан қалта).*

*А л е к с е й. Сіз тіпті сулуланып барасыз, Глаша.*

*Г л а ф и р а (жабыңқы) Естімекке жақсы сөз екен.*

*А л е к с е й. Маған ендеше жақсы емес. (Глафираның жолын тосып). Өзімдікі болмаған жерде қандай бір жақсы нәрсе болса да маған жақсы емес.*

*Г л а ф и р а. Жіберідізші.*

*А л е к с е й. Жіберелік, жіберелік. (Сағатына қарап тұрып, есінейді).*

*(Антонина кіреді, аздан соң Тятин кіреді).*

*Ш у р а. Сенід қызметші әйелге де көзің түсуші ме еді?*

*А н т о н и н а. Оған бәрі бір, оған балық та болса жарай береді.*

*А л е к с е й. Қызметші әйелді шешіндіріп қараса, бай қызынан кем түспес еді.*

*А н т о н и н а. Естіп тұрмысың? Бул ылғый осылай сөйлейтін болған, майданда емес, нақ бір кабақта болып қайтқан адамдай.*

*Ш у р а. Бурын да нақ осындай жалқау-ақ еді, бірақ сөзге мундай батыл еместі.*

*А л е к с е й. Мен істе де солаймын.*

А н т о н н а. Ә, өтірікті қалай суқытады. Сонан келген өзі мейлінше қоян жүрек қорқақ. Өгей шешеме көңілім кетіп жүреме деп жаман қорқады.

А л е к с е й. Сен не деп тұрсың? Дәйду!

А н т о н и н а. Оныд үстіне сарад-ак. Маған одбаған жаман сөз айтпаса, мен бұған күніне бір сом жыйырма тыйын төлеп турам. Бул оны уялмай алады.

А л е к с е й. Тятин! Сізге Антонина унайма?

Т я т и н. Я. Әбден унайды.

Ш у р а. А, мен ше?

Т я т и н. Шынын айтканда ..

Ш у р а. Я, әрине, шынын айтыдыз.

Т я т и н. Сіз — онша емес.

Ш у р а. Солай ма? Шынымен бе?

Т я т и н. Я.

А н т о н и н а. Сенбе, жадғырық сыяқты айта салады.

А л е к с е й. Тятин, сіз осы Антонинаға үйленседіз еді. Тіпті мазам кетті өзінен.

А н т о н и н а. Неткен дөкір! Кет әрі! Сен нағыз жүкті катын сыяқтысыд.

А л е к с е й *(белінен қушақтап алып)*. Пай шіркін ақ сүйек болар ма!

Не гризе па ле семиячки, се моветон.

А н т о н и н а. Кет, жола ма!

А л е к с е й. Кеткенде кандай. *(Билеп жөнеледі)*.

Ш у р а. Мүмкін, сізге мен тіпті унамайтын болармын, Тятин?

Т я т и н. Сіз оны неліктен білгіңіз келді?

Ш у р а. Керек. Білгім келеді.

А л е к с е й. Не былжырап тұрсың? Саған күйеуге шыккысы келіп, тиісіп тур. Осы күні қыздардыд бәрі геройлардыд жесірі болсақ екед деп арманда. Үйткені паек, құрмет пенсия.

А н т о н и н а. Өзінше тауып айттым деп тур!

А л е к с е й. Мен өз жөніме кетем. Тонька, есік аузына шығарып салшы.

А н т о н и н а. Шығармаймын!

А л е к с е й. Керексід. Шын айтам, жүрші.

А н т о н и н а. Тағы да бір сөлекет бірдеде айтпақсың ғой.

Ш у р а. Тятин, сіз — шыншыл адамбысыз?

Т я т и н. Жок.

Ш у р а. Неге?

Т я т и н. Шыншыл болу тиімсіз.

Ш у р а. Булай деуіңізге қарағанда, шыншыл боларсың. Енді өзідіз тура айтыдызшы: сізге жұрт маған үйлен деп кедес бере ме?

Т я т и н (*Шылымын тартып тұрып, кідіріңкіреп*). Я, кедес береді. »

Ш у р а. Бул кедестід жамад кедес екенін сіз түсінемісіз?

Т я т и н. Түсінем.

Ш у р а. Қойыдызшы... Мед булай деп күтпеген едім. Мен ойлап ем, сіз...

Т я т и н. Жаман ойдама едідіз?

Ш у р а. Жок сіз... тамаша адамсыз! А мүмкін, сіз ку боларсыз? Ә? Шыншыл болғансып, ақмақ етіп тұрған боларсыз? •

Т я т и н. Жок, менід колымнан ол келмейді. Сіз ақылдысыз, сізде ашу да бар, тентексіз, нақ әкеңіз тәрізді, шынын айтқанда, мен сізден коркам. Егор Васильевич сыяқты, сіз де жиренсіз.

Ш у р а. Тятин, сіз азаматсыз. Немесе бір сумдык кусыз...

Т я т и н. Сіздід бет әлпіңізде ерекше...

Ш у р а. Муны жуып-шаю үшін айтып тұрсыз ғой. Жок. сіз кусыз.

Т я т и н. Қалай деп ойласадыз да еркідіз. Менідше, сіз түбі бірдеде жасайсыз, қылмыс жасайсыз. Ал мен қылмыс істеп қойған күшікше, аяғымды тарбаддатып, жата калуға үйренген жанмын.

Ш у р а. Неге кінәлі болып... дейсіз?

Т я т и н. Білмеймін. Күшік тәрізді болғанымнан, тістеуге әлсіз болғандығымнан шығар.

А н т о н и н а (*кіріп келіп*). Ақмақ Алеша, кулағымды ауырттып тартты да, жуликтер сыяқты, ақшамды тартып әкетті. Білемісід, ол ішкілікке салынады, — ақиқат! Оны мен біздер көпестің түкке тұрғысыз дәйду балаларымыз ғой. Саған күлкі-ау?

Ш у р а. Тоня, сен мынау туралы жамандап айтқан сөздерімді умыт!

А н т о н и н а. Тятин туралы ма? Не айтып едід? Есімде жоқ.

Ш у р а. Бул маған үйленгісі келеді деп ем ғой.

А н т о н и н а. Оныд несі жаман?

Ш у р а. Ақшам үшін дегенмін.

А н т о н и н а. Я, я! Сенің оныд иттік Тятин!

Ш у р а. Әттең, менің сурақтарыма муньд не айтқандарын сен естімедің ғой.

А н т о н и н а. Варум сөздер ғой. Шуберттің «Варумы» есінде ме?

Т я т и н. Шуберттікі ме екен?

А н т о н и н а. Варум деген мараба кус сыяқты қара пейіл кус болады. Африкада болады.

Ш у р а. Не деп тұрсың өзің?

А н т о н и н а. Мен каншалықты, катерлі, сумдықты болғанды унатам. Катер бар жерде ішің пыспайды. Мен түнектей қарадғы жерде отырып, зор жыланның иреддеп келуін күткенді жаксы көрем...

Т я т и н (*сықақтап*). Ол қайсысы — пейіште болғаны ма?

А н т о н и н а. Жок, онан,; гөрі коркыньштысы.

Ш у р а. Сен кызыксың өзің! Қашанда жада бірдеңені шығарып жүресід, ал баскалары бір әңгімені қайталай береді: соғыс, Распутин—патшаның әйелі—немістер, соғыс — революция...

А н т о н и н а. Сен не актриса, не монахиня боласың.

Ш у р а. Монахиня? Бос сөз!

А н т о н и н а. Монахиня болу қыйын, ылғый бір ғана ролді ойнау керек болады.

Ш у р а. Мен әлгі Золянід Нанасы тәрізді, назкөй болғым келеді.

Т я т и н. Сендердід әңгімелерің осы екен ғой! Тфу!

Ш у р а. Мен ылғый біреуді аздырсам деймін, кек алсам дейім.

Т я т и н. Кімнен? Не үшін?

Ш у р а. Өзімнід жирен болғаным үшін, әкемнің ауру болғаны үшін... бәрі, бәрі үшін. Міне осыдан революция басталсын... Құлашымды мен сонда жаям! Көрерсід?

А н т о н и н а. Сен осы революция болады дегенге сенемісід?

Ш у р а. Я, сенем.

Т я т и н. Революция — болады.

Г л а ф и р а. Шура, Мелания шешей келді. О кісіні Егор Васильевич осы бөлмеде қабылдамақ.

Ш у р а. Ойбай, апай келіпті. Менің бөлмеме кетелік. Тятин, сіз ағаңызды сыйлаймысыз?

Т я т и н. Ол маған — немере.

Ш у р а. Муньд жауап емес.



**Тятин.** Меніңше, — туыс адамдар бір-бірін кем сыйлайды.

**Шура.** Міне — жауап осы!

**Антонина.** Қойындаршы. Іш пыстыратын нәрсені айтасындар.

**Шура.** Сіз өзідіз қызықсыз деймін, Тятин!

**Тятин.** Ал, қайту керек?

**Шура.** Сізді киім киісіңіз де қызық.

*(Шығып кетеді. Глафира пердемен тутылған есікті ашады. Жастар еніп кеткен есіктен Булычов көрінеді. Аяғын салтанатпен басып, жайымен, Неумения Мелания кіреді, қолында орамал қалта. Қолымен пердені көтеріп басын иіп, Глафира тур).*

**Мелания.** Қыстырылып әлі күнге сен осында жүрмісің, сайқал? Сені қуып шыққан жоқ па әлі? Ендеше, көп узамай-ақ қуып шығарады.

**Булычов.** Сен онда мұны монахияға ал, мұнда ақша көп.

**Мелания.** Ә, сен мұнда ма едің әлі? Әй, Егор, сені қалай алып соққан, аяйгөр кұдайым!

**Булычов.** Глаша, есікті жап та, айт аналарға — мұнда ешқайсысы келіп соқтықпасын. Отыр... Кәні, қай жағынан әдгіме қозғаймыз.

**Мелания.** Докторларды жәрдемі болмады ма? Көрдіңбе, міні: алла тағала күн шыдайды, жыл шыдайды, ғасырлар шыдайды...

**Булычов.** Алладды кейін сөйлерміз іс жайын айталық. Білем, ақшад жайында келдід ғой.

**Мелания.** Ақша менікі емес, монастырьды ақшасы.

**Булычов.** Қойшы соны — бәрі бір: монастырдікі ме, біреуді ренжітіп алдың ба, талап алды ба. Ақша сені қай жағынан ойландырып жүр? Өліп кетеді, ақшам қурыйды деп қорқасыд-ау, ә?

**Мелания.** Қурыйды екен демеймін, бірақ басқаның қолына түскенін каламаймын.

**Булычов.** Солай де.. Обороттан шығарып алам де? Маған — бәрі бір, — ала бер. Бірақ, байка — утыласың! Бүгінде сом дегенідіз солдаттыд битіндей балалайтын болды ғой. Ал мен... өліп қала қойғандай ауру емеспін, оны да ескер.

**Мелания.** Өлімнід кашан келетін күнін, сағатын

алдын ала болжап болмайды. Завещание жаздың ба?

Б у л ы ч о в. Жоқ.

М е л а н и я. Жазатын уақыт жетті. Жаз! Ойламаған жерден алладыз шақыртар да алар...

Б у л ы ч о в. Мен оныд несіне кажет боппын?

М е л а н и я. Қыйсық сөйлегенді кой арман! Білесін ғой, мундай сөзді сүймеймін, менід дәрежем дағы...

Б у л ы ч о в. Жетер, Малаша! Бір бірімізге сырымыз мәлім ғой. Алам десед, акшадды алуыда болады, оған Булычовтың акшасы мол!

М е л а н и я. Акшаны обороттан шығарып алғым келе қоймайды, бірақ вексельдерді Қсенияның зтына көшіріп жазғызайын деп едім, саған осыны ескертем.

Б у л ы ч о в. Солай де. Я, ал, ©з ықтыярыд! Бірақ мен өле кеткендей болсам, Звонцов Қсенияға курамай кадтыртады. Варвара бул жөеде оған көмектеседі.

М е л а н и я. Солай сөйлей бастадыд ба? Бурынғы Булычов емессід ғой? Сөзідде жауыздық естілмейді.

Б у л ы ч о в. Ал ендігі жерде кудай туралы, жаратушы туралы, жан туралы әңгіме қозғалык.

«Жасында көпті соғып, көп талады,  
Жас жеткенсод о дүниесін ойланады...»

М е л а н и я. Ал... сөйле ендеше!

Б у л ы ч о в. Сен кұдайға, күндіз-түні, Глафиранын маған қызмет еткені сыякты, қызмет етесід.

М е л а н и я. Мазактама кудайды! Жын соқты ма? Глафира саған түнде кызмет етуші ме еді?

Б у л ы ч о в. Айып берейін бе?

М е л а н и я. Тоқтат мазағыдды! Шатыспа!

Б у л ы ч о в. Жекіме! Жаттап алған шарифаттыд тілімен емес, адамның жай тілімен айтып отырмын. Сен Глафираға узамай-ак қуыларсың дедід ғой. Менід көп узамай өлетініме көзід жетеді-ау.- Оны неге айттыд? Васька Достигаев менен тоғыз жас үлкен, оныд жуликтігі де менен астам, ал сонда да оныд дені сау, тіршілігін етіп жүр. Оныд катыны мына деген қатын, бірінші сорт. Рас, мен кұнаға батқан адаммын, талайды ренжіттім, қыскасы күнәлі адам кандай болатын болса, мен сол. Бірақ, жұрттың бәрі тағы бірін-бірі ренжітпек, онсыз болмайды, өмірдің ©зі солай.

М е л а н и я. Сен менід алдымда емес, адам алдында емес, тәубанды кудай алдында айт! Адам — кешірмейді,

алла тағаланың өзі кешіреді, оныд кедшілігі мол. Өзід де білесің ғой. Мына ескі замандарда каракшылар күнаға белден бататын, сосын кудайы-садақасын беретін де күнасынан пәк болатын.

Б у л ы ч о в. Я, ол рас, урлап алып, оны тағы шіркеуге берсед, онда сен уры емессің — сопысың ғой.

М е л а н и я. Его-ор! Дінді арамдап отырсыд! Тындамаймыд сөзідді. Ақымақ емессің, уғуың керек: алланың өзі жібермесе, шайтан азғырып жолдан тайдыра алмайды.

Б у л ы ч о в. Жарайды, мұныда рахмет!

М е л а н и я. Мұнысы несі тағы?

Б у л ы ч о в. Жаным жаңа жай тапты-ау. Булай деуіде карағанда бізді азғыру үшін сайтаның тәңірім өзі босатып қоя береді екен ғой, онда кудайыңның Сзі шайтанға да, маған да компаньон болып шықты-ау...

М е л а н и я (орнынан тұрып). Сенің осы сөздерід-ай... осыныңды Никандр бастыкка жеткізер болса...

Б у л ы ч о в. Мен неден қаталастым сондай-ақ?

М е л а н и я. Дінсіз! Ойланшы өзің — ауру басыңа нендей пәленің барып енгенін? Уғынамысыд, егер кудай шайтанды саған азғыруға жіберсе — онда оныд сенен \* түңілгендігі дағы.

Б у л ы ч о в. Түңілді ме екен, ә? Неге? Ақшаны жаксы көргендігім үшін бе, катынды жаксы көргендігім үшін бе. ақшасы үшін сенід сіңліңе үйленгенім үшін бе, сенід ойнасыд болғадым үшід бе, осыларға түңілді ме екен? Ех, кемиек қарға. Қарғаша қарқылдайсыд келіп — дәмі жок, татуы жок.

М е л а н и я (ренжіп). Не болды саған, Егор? Ақылыднан жаздыд *ра*? Е, жараткан сактай гөр...

Б у л ы ч о в. Кодыраудыд астында тұрып алып, табынасыд келіп, табынасыд келіп, кімге табынатыныдды өзің де білмейсід.

М е л а н и я. Егор! Кеттің ғой күз түбіде! Жаддыд ғой енді дозаққа... Міне, енді осындай күндерде... Бәрі де кыйрап барады... арам күш патша тағын тедселтіп барады... мүмкін әлде заман ақыр, қыл көпір жақын калды ма...

Б у л ы ч о в. Есіңе жаңа кірдіме! Қыл көпір... Ех, қарға! Ушып келді де қарқ-қарқ етті ме! Бгір, қайкай, ана кызкырқының мен жер уяда бар. Ақша! Аларсыд мынаны! (Бармағын шығарады).

**Мелания** (талады, креслоға қулап түседі). **Ах, жексүрн!**

**Булычов.** Глафираны сайкал дедің ғой? Өзід ше? Өзің кімсің?

**Мелания.** Жалған... жалған... (*Ушып тура келеді*). Мошенник! Ома кабарсыд әлі узамай! Додыз!

**Булычов.** Жоғал! Тарт бойыдды күнадан...

**Мелания.** Оқ жылан... албасты...

**Булычов** (*бір өзі, ыңыранады, сол бүйрін уалайды, бақырады*). Глафира! Эй...

**Ксения** (*кірпн келін*). Не болды? Мелания кайда?

**Булычов.** Ушып кетті.

**Ксения.** Тағы урысып калдыддар ма?

**Булычов.** Неге келдід, отырмакпысыд жайғасып?

**Ксения.** Егор, мені де бір тындашы! Сөйлеспейтін боп кеттід, адам санына алмайсыд. Ал, бажбыйып неге қарадың?

**Булычов.** Айтатын болсад айт енді.

**Ксения.** От басымыз не боп барады? Нақ қыз ойнақ сыяқты. Күйеуід Звонцов жоғарғы үйді трактирға айналдырды, ертеднен кешке дейін опыр-топыр болады да жатады, мәжіліс курады, кеше осы кызылдыд жеті бөтелкесін босатты, ішілген ак арақта есеп жок... Күзетші Измайыл, полиция маза бермейді, мунда кімдер келеді? — деп сурап коймайды. Олар болса ана жоғарыда патшаны, министрлерді сөз қылумен жатады. Күн де, түн де — трактир. Сенід тағы едсед түсіп кеткені несі?

**Булычов.** Бар, бар, қайқай! Жас шағымда музыкалатып трактирда отырғанды мен де тәуір көретінмін.

**Ксения.** Малаша неге келіпті?

**Булычов.** Сенід өтірік айту да қолыңнан келмейді! Өтірікке ебің жоқ мәгәссін.

**Ксения.** Мен өтірік айтыпшын ба, қай жерде?

**Булычов.** Нак осында. Өздеріддід уәделесулерін бойынша акша жайын сөйлесуге келіпті.

**Ксения.** Кашан уәделесіппін, саған не болған?

**Булычов.** Жарар — енді! Жап аузыдды...

(*Көңілденіп, жылдам басып Достигаев, Звонцов, Павлин келеді*).

**Достигаев.** Егор, Павлин ағзамның Москвадан әкелген хабарын тындашы...

**Ксения.** Сен жатсаң еді, Егор...

**Булычов.** Ал, кулағым сенде... пірім!

**Павлин.** Анау айтқан жақсы хабар жок, жақсы дегеніднід өзі жаман-ау деймін, өйткені соғыстан бұрынғы турмыстан жақсы турмысты калай ойлап та табуға болмайды.

**Достигаев.** Жок, мен оған қарсымын! Жо-оқ!

**Ксения.** Жылай ма біреу?

**Достигаев.** Ол кім жылаған?

**Ксения.** Игумения ғой.

**Достигаев.** Оған не болған?

**Булычов.** Барындар, неден қорқып жылапты? Ал, ямам Ағзам, отыр, сөйле.

**Достигаев.** Мелания неге ренжіп жылады екен!

**Павлин.** Москвада аламан тасыр басталыпты. Керек десе ақылға жетік адамдардың өзі ел бастауға шамасы келмеген патшаны түсіру керек дегенді айтады.

**Булычов.** Жыйырма жыл бойы бастап-ақ келді ғой...

**Павлин.** Уақыт озған сайын қайрат та кеми бермек емес пе.

**Булычов.** Он үшінші жылы, романовтарды үш жүз жылдығын тойлағанда, Николай мені қолымды қысқанды. Бүкіл халық, бүкіл Кострома қуанып еді.

**Павлин.** Я — болған, халық қуанған, рас айтасыз.

**Булычов.** Ал енді сонан бері не бола қалыпты? Міне Дума деп еді; Дума бар. Жок, мәселе патшада емес... түп-тамырының өзінде.

**Павлин.** Түп-тамыры дегенде — самодержавие ғой.

**Булычов.** Әр біреу өзіне мықты... өз күшіне сүйенеді. Күш, міне сонда. Ал соғыста — күш болмай шықты.

**Павлин.** Дума — күштің қыйрауына себепкер болды ғой.

**Елизавета (есіктен).** Сіз, Павлин ағзам, уағыз айтып отырмысыз?

**Павлин.** Әрине, оныд несін сұрайсың.

**Елизавета.** Менің күйеуім қайда?

**Павлин.** Осында.

**Елизавета.** Бүгін, Павлин ағзам, сіз мүлде қатұланьш отырсыз ғой (*шығып кетеді*).

**Булычов.** Ағзам...

**Павлин.** Не айтасыз?

**Булычов.** Бәрі де — ағзам. Қудай — ағзам, патша — ағзам, сен — ағзам, менде — ағзам. Ал сонан кел-

ген бізде күш қуат жоқ. Бәріміз де өлім үшін өмір сүреміз. Өз басымды айтып отырғам жоқ, соғысты, нағыз үлкен өлімді айтып отырмын. Цирктағы тәрізді — айуандарын, жолбарыстарын адамға шабындырып, темір торынан босатып жібергендей.

**Павлин.** Сіз, Егор Васильевич, сабыр айладыз...

**Булычов.** Қайдағы сабыр. Неме сеніп сабыр етем. Мені сабырландыратын кім? Ал, сабырландыра койшы... имам ағзам. Көрсетші күшідді!

**Павлин.** Шарифат жазуын, тәуратті, мәселен мына, Иса Науинді есідізге түсірініз... Соғыс — задды нәрсе...

**Булычов.** Қой арман! Зад ба екен осы? Зад емес — ертегі. Күннід айдалысын токтатып қара. Қаталасасыд.

**Павлин.** Жазмышқа карсы келу — зор күнә. Алла тағаланыд салған таксіратіне көнуге тиіспіз.

**Булычов.** Имамдарыд, Алексей Губин, сені ренжіткенде, өзід соған көніп пе едің? Сен оны сотка бермеп пе едің? Звонцовты адвокаттыққа шақырмап па едің? Архиерей сенің жағында сөлеймеп пе еді? Ал, мен ауруымды кімге шағап. Қәрілік жетпей өлуімді кімге шағам? Сен осы өзің — қыңқ деместен өле кояр ма едің? А? Жок. Өкіресід, ыңкылға саласыд.

**Павлин.** Менід дәрежем бул сыяқты сөзді естуге қоспайды. Үйткені бул сөз...

**Булычов.** Қой әрі, Павлин. Сен де адамсыд. Үстідегі шапан ол сенід сыртқы бояуың, ал оныд астындағы — мен кандай болсам, нақ сондай адам... Доктор айтады — сенід жүрегід жаман, майланған... дейді.

**Павлин.** Бул сөздер неге соктырмак? Ойланыдыз, қорқыңыз кудайдад. Ежелгі заманнан бері жол болған...

**Булычов.** Я, жол болған, бірақ берік болмағаны міне көрініп те калды...

**Павлин.** Лев Толстой дінсіз болған, дінге сенбегені үшін, дін адамдары оны қауымнан қуған, ол өлімнен қашып, аюанша тоғайға тығылған.

**Ксения.** Егор Васильевич, Мокей келді: өткен түні Яковты жандармдар қамауға алыпты...

**Булычов.** Ал, Павлин әкей, уағыздарыңа рахмет! Әлі тағы талай мазадды алармын! Ксения, Башкинді шақыр! Глафираға айт — тамағымды әкелсін. Померанцовый әкелсін.

**Ксения.** Саған арақ ішуге болмайды...

**Булычов.** Бәрі де болады. Бар... *(жан жағына қа-*

*ран, күлін*) саған, Егор, темекі тарту керек еді. Көз алдыдды түтін қаптаса, көзің түкті кермес еді тағы... Ал, немене, Мокей?

Б а ш к и н. Саулығыңыз калай, Егор Васильевич?

Б у л ы ч о в. Тәуір. Немене, Яковты қамаған ба?

Б а ш к и н. Я, өткен түні. Шатақ!

Б у л ы ч о в. Бір өзін бе?

Б а ш к и н. Осында тағы бір сағатшыны қамапты десеңді. Александра Егоровнаға сабақ берген Калмыкова деген муғалім әйелді, онысын кочегар Ерихоновты қамапты, Ерихонов әлгі семинаристерден болатын... Барлығы ондаған кісі болса керек.

Б у л ы ч о в. Булар —әлгі патша жоғалсын дейтіндерден ғой.

Б а ш к и н. Солардың Өзі әркыйлы: біреулері — патша жоғалсын дейді, тағы біреулері — мемлекетті жұмысшыларды өздері басқару үшін, барлық бай атаулы жоғалсын дейді.

Б у л ы ч о в. Бос сөз!

Б а ш к и н. Әрине.

Б у л ы ч о в. Мемлекетті олар араққа сап жібереді.

Б а ш к и н. Дәл өзі.

Б у л ы ч о в. Я... Ал егер араққа салмайтын боп шықты, сонда не болмақ?

Б а ш к и н. Тәйір, қожайынсыз олар не істемекші?

Б у л ы ч о в. Рас, Сенсіз, Васька Достигаевсыз тіршілік бар ма?

Б а ш к и н. Сіз де қожайынсыз ғой.

Б у л ы ч о в. Әрине, мен де. Я, олар не деп елең айтады дейсің әлі.

Б а ш к и н. «Ескіліктен бой тартамыз...

Б у л ы ч о в. Койшы — әй?

Б а ш к и н. «Күлін көкке ушырамыз».

Б у л ы ч о в. Сөзі аяттың сөзіне ұқсайды екен.

Б а ш к и н. Кайдан аяттай болсын? Патшаға... ордасына... бәріне де қарсымыз дейтіні тағы бар...

Б у л ы ч о в. Қарашы өздерін... *(ойланып)* н-да... сайтандар өңкей... *(ойланып)*. Ал, сағад не керек?

*(Глафира боша мен арақ, алып кіреді).*

Б а ш к и н. Маған ба? Ештеде де керек емес.

Б у л ы ч о в. Ендеше неге келдің?

Б а ш к и н. Яковтың орнына кімді қоямыз деп **сурау-**ға келдім.

**Б у л ы ч о в.** Потапов Сергейді.

**Б а ш к и н.** Ол да әлгі кұдай да, патша да жоғалсын дейтіндерден ғой...

**Б у л ы ч о в.** Ол да солай ма?

**Б а ш к и н.** Урықсат етседіз Макроусовты усынар едім. Ол — полицейский околодошник, коймастан суранып жүр. Сауатты адам, кісіні жумсай да біледі.

**Г л а ф и р а.** Тамак суып барады.

**Б у л ы ч о в.** Полицейский деймісід? Әлігі бір қарана? Басына не күн туыпты?

**Б а ш к и н.** Қазірде өзі полицейскиде қызмет ету қауыпты ғой. Бәрі де кетіп жатыр.

**Б у л ы ч о в.** Солай де! Қауыпты де! Ай иттер-ай! Жарайды. Потаповты маған жіберерсід. Ертед ертеңгісін. Ал, бар енді... Глаша, кернейші келді ме?

**Г л а ф и р а.** Асқанада отыр.

**Б у л ы ч о в.** Ботқаны қазір жеймін. Кернейшіні шақыр. Бул не, жым-жырт бола қалғаны несі?.

**Г л а ф и р а.** Бәрі де жоғарыда.

**Б у л ы ч о в** *(арақ ішеді)*. Мейлі, жарайды. Сенікі не... еңсең салынып кеткені қалай?

**Г л а ф и р а.** Ішпеші, зыян, ауырмашы?.. Таста бәрінде, кет булардан. Булар сені сүліктей соруда, курт сыяқты етінді тірілей жейді. Кетейік... Сібірге кетейік...

**Б у л ы ч о в.** Жібер, ауырттың ғой...

**Г л а ф и р а.** Сібірге кетейік, мен онда жұмыс істеймін... Бул жерден не бітіресің, не керек осы? Сені бәрі жек көреді... тек өлгенінді күтіп жүр...

**Б у л ы ч о в.** Жетер енді, Глаша... Бузба көңлімді. Бәрінде көріп, біліп отырмын. Мен үшін сенід кім екенінді де білем. Сен, онсод Шурка — мендік осы екеуін ғана қалғандары — өлуімді күтуде... Бәлкім әлі де жазылармын. Кернейшіні шақыр, бар...

**Г л а ф и р а.** Тамағыңызды ішіңіз.

**Б у л ы ч о в.** Жауалсын тамағыдды. Шурканы шақыр..

*(Жалғыз қалады, рюмканы бірінен соң бірін қомағайланып, жута түседі). Кернейші кіреді. Бейнесі кісі күлгендей, арық, усқыны аянышты-ақ, ыйығында қайыспен таңған, қапқа салған үлкен кернейі бар).*

**К е р н е й ш і.** Сіздің улық кұрметіңіздің саулығына тілектесмін.



**Б у л ы ч о в** (*таңданып*). Бәрекелде, отыр. Глаша, есікті жап. Е, сен әлі осындайға ед?

**К е р н е й ш і**. Дәл өзі.

**Б у л ы ч о в**. Я... Көрнекті сыйқың жоқ! Айта түс кәні, қайтіп емдейсің?

**К е р н е й ш і**. Менің емдеуім ондайлық кыйын емес, курметті тақсыр, осы жұрттың бәрі дағы аптекпен дәрі алып ішіп үйренген, маған сенбейді, сондықтан ақысын алдын ала сураймын.

**Б у л ы ч о в**. Сен муны дұрыс ойлап тапқансың. Ал енді наукасты жазуың қалай?

**К е р н е й ш і**. Жүздеген кісіні жаздым.

**Б у л ы ч о в**. Сүйтседе байың алмапсың.

**К е р д е й ш і**. Адал жұмыстан кісі байымақ емес.

**Б у л ы ч о в**. Қарай ғой өзін? Ал, қандай ауруларды жазасың?

**К е р д е й ш і**. Ауру атаулы қарындағы бузылған ауадан болады, сондықтан қай ауруды да жазамын.

**Б у л ы ч о в** (*күліп*). Мықты екенсің онда! Кәні, кернейіді көрсетші!

**К е р н е й ш і**. Бір сом төлеймісің?

**Б у л ы ч о в**. Бір сом ба? Ол — табылар. Глаша сен де бар ма? Ал ананы. Арзан алады екенсің.

**К е р н е й ш і**. Бул тек тырдақ алдысы ғана. *Қабының аузын шешіп, бас кернейді алады.*

*Жүгіріп Шура кіріп келеді.*

**Б у л ы ч о в**. Самаурын ғой өзі бір... Шуратай, қалай екен ем кернейі? Ал, үрлеші кәні! (*Кернейші бір жөтеліп алып, жайымен үрлейді, жөтеледі*). Болғандағысы осы ма?

**К е р н е й ш і**. Сөткесіне бес минуттан төрт рет үрлеу керек, сонымен бітеді!

**Б у л ы ч о в**. Кісі туншыға ма? Өле ме сосын?

**К е р н е й ш і**. Тіпті де өлмейді! Жүздеген кісіні жаздым!

**Б у л ы ч о в**. Солай де. Ал енді шыныңды айтшы, өзінді кіммін деп таныйсың, ақымақпысың, болмаса жулікпісің?

**К е р н е й ш і** (*ауыр дем алып*). Міне, сіз де сенбейсіз, енді.

**Б у л ы ч о в**. (*мазактап күліп*). Кернейіді жасырма. Турадды айт — ақмақпысың, болмаса жулікпісің? Ақшадды берем!

К е р н е й ш і. Атым жай ғана ат... ешкім күлмейді өзіне.

Б у л ы ч о в. Сонымен кімсің сен өзің: ақымақпысың, алдамшымысың?

К е р н е й ш і. Он алты сом беремісіз?

Б у л ы ч о в. Глаша, әкел! Спальнеда... Неге он алты, Гаврило?

К е р н е й ш і. Қаталасыппын! Көп сурауым керек еді.

Б у л ы ч о в. Олай болса, мегас болғаның ғой?

К е р н е й ш і. Жоқ ойбай, ақмақ емеспін...

Б у л ы ч о в. Ендеше жуликпісің?

К е р н е й ш і. Жулик те емеспін... Өзіңіз білесіз ғой... алдамай күн көруге болмайды.

Б у л ы ч о в. Міне осының шын! Бул, туысқан жақсы емес-ақ, бірақ рас нәрсе.

Ш у р а. Алдаған уят болмай ма екен?

К е р н е й ш і. Журт сенетін болған сод уяты бар ма?

Б у л ы ч о в (*еліріңкіреп, көтеріліп*). Бул айтқаны да орынды! Уғамысың Шуратай? Мұнысы рас! Поп Павлин мұны айта ал мас еді! Оныд мұны айтуға дәті шыдамайды!

К е р н е й ш і. Шындықты айтқаным үшін аздап қосу керек. Міне сізге крест! — Кей біреулерге бул керней бірден бір дауа.

Б у л ы ч о в. Дұрыс айтады — жыйырма бес берші өзіне, Глаша. Тағы бер! Бәрін бер!

К е р н е й ш і. Мінекей, қулдық пен алғысымды айтам... Мүмкін, әлдө кернейді байқап көресіз бе? Сайтан білеме қалайша екенін, қудай ақына, әсер етеді өзі!

Б у л ы ч о в. Жоқ, рахмет! Әй, сен Гаврило, Гаврило! (*Күледі.*) Сен... нетші, көрсетші өзін, ал, кәні үрле. Жуандатып үрле!

*(Кернейші бар күшін салып жаңғырттыра үрлейді. Глафира шыдамсызданып, ренжіп Булычовқа қарайды... Шура құлағын басып, сақ-сақ күледі).*

Б у л ы ч о в. Бас, өкірт!

*(Достигаевтар, Звонцовтар, Башкин, Ксения жүгіріп кіреді).*

В а р в а р а. Бул не, папаша?

К с е н и я. Егор, бул не пәле тағы?

З в о н ц о в (*кернейшіге*). Сен маспысың, өзід?

Б у л ы ч о в. Тиме оған! Тиюші болма! Гаврило, мы-

налардың шуын баса, өкіртші кернейінді. Бул Гаврило, дажал ғой, заман ақырды кернейлетіп жатыр.

Қ с е н и я. Ой, ой, ауыскан, ауыскан өзі...

Б а ш к и н (*Звонцовқа*). Міне, көрдіңіз бе?

Ш у р а. Папа, естимісің? Мыналар сені жын урды деп тур! Кетіңіз бул жерден, кернейші кетідіз!

Б у л ы ч о в. Жоқ, керек емес сөздері! Бас кернейінді, кернейлет заман ақырды, кернейлет...

*П е р д е.*

## ҮШІНШІ АКТЫ

Ас ішетін үй. Бөлме ішіндегі заттар бұрынғы орындарынан ауысқан тәрізді. Стол үстінде жыйналған аяқ-табақтар, самауыр, магазиннев әкелінген пакеттер, бутылкелер. Мұйісте шамадандар, оның бірі монастырдың күтуші әйелі — Таисья жайғастырып жүр... Оның жанында — Глафира, қолында поднос, үстел үстінде шам жанып тур.

Глафира. Мелания шешей біздікінде көп болмак па?

Таисья. Онысын білмеймін.

Глафира. О кісі өз қорасына барып неге түспейді?

Таисья. Білмеймін.

Глафира. Жасыд дешеде сенід?

Таисья. Он тоғызда.

*(Звонцов басқышта турып).*

Глафира. Түк білмейсід? Қалайсыд езід — жаба-йымысың!

Таисья. Бізді қарапайым кісілермен сөйлестірмейді.

Звонцов Игуменья шай ішті ме?

Глафира. Жоқ.

Звонцов. Ендеше самауыр қойып кой, керек болар

*(Глафира самауырды алып шығып кетеді).*

Звонцов. Немене, сендерді солдаттар қорқытып жіберді ме?

Таисья. Солдаттар.

Звонцов. Қалай қорқытты?

Таисья. Сыйырларды соя бастады, монастырды өртеп жіберемін деді. Ғафу етіңіз. *(Толып жатқан ким-кешекті алып шығып кетеді).*

**Варвара** (*сенектен*). Күн калай сілідгір! Сен бу жерде монашкамен сөйлесіп тұрмысың?

**Звонцов**. Біздід үйде осы Игуменьяның болуы ыңғайсыз-ақ, сед оны сеземісің?

**Варвара**. Үй әлі біздікі емес кой... Немене, Тятин көнді ме?

**Звонцов**. Тятинің есек қой Өзі бір? Әлде адал болып көрінгісі келе ме?

**Варвара**. Оны сурап турғаным жок... Токтай тур. Ана жакта әкем айкай салып жаткан сыякты. (*Әкесінің бөлмесіндегі есікке қулағын тосып тындайды*).

**Звонцов**. Докторлар оны есінен адаскан жок десе дағы! Анаугі кернейшінің тусында болған у-шудан кейін-ақ...

**Варвара**. Ол, ол-ма, онан да зорын жасаған. Александрмен Тятиннің арасы жақсарып қалған сыякты ма, қалай?

**Звонцов**. Я, бірақ — онан қайырлы ештеде күтпеймід. Сенід сол сідлід бір пәлекет сум, сонан... бір зор пәле күтуге болады.

**Варвара**. Оныд жаңалық емес. Саған соның қылмындап жүрген кезінде, әттед осыны ойламағаныд ай. Бірақ саған соныд өзі жаксы болған.

**Звонцов**. Оның маған қылмындап жүргені тек сені ызаландыру үшін ғой.

**Варвара**. Сен өкпелеп қалдың ба? Ал тағы да Павлин келе жатыр. Үйден шықпайтын болып алды әбден!

**Звонцов**. Діни адамдар біздікінде онсыз да жетіп жатқан жок па.

*(Елизавета, Павлин таласа кіріп келеді. Ізінше Мокей кіреді).*

**Павлин**. Әдетте газет дегенідіз өтірік айтады. Кеш жарық!

**Елизавета**. Ал мен айтсам, оныңыз теріс!

**Павлин**. Ол әбден анықталған нәрсе, патша өзінің орнынан еркімен түскен емес... Петроградка келе жатқан жолында кадет партиясының мүшелері устап алып қыспаққа алған сод түскен... Я солай!..

**Звонцов**. Ал, енді будан шығаратын қортындыңыз не?

**Елизавета**. Павлин ағзам революцияға карсы да, ол соғысты куаттайды... Ал мен соғысқа қарсымын! Ме-

нід Парижге барғым келеді... Осы соғысканымыз да жетер! Солай емес пе, Варя? Анри-Катрды «Соғыстан Париж жаксы» дегені есідде ме? Мен білем, ол булай деп айтпаған, бірақ — ол кателескен.

Павлин. Мен еш нәрсе дей алмаймын, үйткені бәрі дағы аумалы-төкпелі ғой.

Варвара. Бітім жасау керек, бітім, Павлин ағзам! Мына кара халықтың неғып жатқанын көріп отырсыз ба?

Павлин. Несін айтасыз оның, көрмей, неге көрмейін! Біздің наукастың хәлі қандай? Бул жағымыз қалай еді? *(Саусағымен мурнының үстін басады)*.

Звонцов. Докторлар алжасу белгілері жок деп тапты. Онысы — жаксы екен! Әдетте докторлар гонарар алу үшін ауру-сыркауды жамай беруші еді...

Елизавета. Докторға дегенде неткен ызалы едіңіз? Варя, жанна' бізді тамакка шақырды.

Башкин. Тұтқынға алғандарды босатып жіберіпті... жәбірді көретін полиция болып тур.

Павлин. Я: я... Ғажайып іс! Бул уақыттан не күтте болады, Андрей Петрович, ә?

Звонцов. Қоғам күші заңды жолмен ұйымдасып алады да, көп узамай-ақ өзінің үзілді-кесілді сөзін айтады. Менің қоғам күш деп отырғаным берік экономикалық... күшке сүйенген кісілер...

Варвара. Андрей, Жанна бізді... шақырады. *(Звонцовты шетке шығарып алып сыбырлайды)*.

Звонцов. Бірақ, маған Сте ыдғайсыз болады! Бір жағынан — Игуменья, екінші жағынан — сайқал...

Варвара. Я, — акырын сөйле!

Башкин. Андрей Петрович, — Мокроусов келіп тур, білемісіз, әлгі приставтың жәрдемшісі!

Звонцов. Я. Оған не керек екен?

Башкин. Ол қауыптанып қызметін тастағалы жүр, бізге, тоғай қызметіне суранады.

Звонцов. Оныд ыдғайы бола ма екед?

Варвара. Токтай тур, Андрей...

Башкин. Әбден ыдғайлы. Лаптев енді мастанады, ол бунт шығарады. Ал Донат болса, оны өзіңіз де білесіз, реті келмейтін адам, ол да сектант, ылғый осы шындық заңын айтып күңкілдейді де жүреді, езіңіз де көріп жүрсіз ғой... мунда қандай шындық болушы-еді!

Звонцов. Онысы буйым емес! Біз сол шындықтың

үстем бола бастаған кезінің басы-қасында өзіміз боламыз.

В а р в а р а. Токтай туршы енді, Андрей.

З в о н ц о в. Шындықтың және әделеттің үстем бола бастаған кезінде...

В а р в а р а. Өзідізді ойыңыз қалай, Мокей?

Б а ш к и н. Мен осы Мокроусовты жалдасак деймін, мен оны Егор Васильевичке ұсынған едім.

В а р в а р а. О кісі не деді?

*(Звонцов кекірейіп, бұрылып жүріп кетеді).*

Б а ш к и н. Ашып ештеде айтпады.

В а р в а р а. Мокроусовты алыдыз.

Б а ш к и н. Мүмкін, — оның өзін көрерсіздер әлде?

В а р в а р а. Не үшін?

Б а ш к и н. Танысу үшін дағы. Ол өзі де осында.

В а р в а р а. Мейлі, жарайды.

*(Башкин ауыз үйге шығады. Варвара өзінің қойын кишикесіне бірдеңені жазады. Башкин, Мокроусовпен қайта кіреді. Мокроусов — дөңгелек жүзді, қасы таңдана көтеріліп тұрған сыяқты, жүзінде күлкі бар, ұрысқалы тұрған адамдай. Үстінде полицей формасы, жанында револьвер, аяғын дік-дік басады).*

М о к р о у с о в. Қызметідізге қабыл алғаныңыз үшін алғыс айтам.

В а р в а р а. Өте қуаныштымын. Өз формадызда екенсіз ғой, мед полицияның құралын сыпырып алып жатыр деп естіп ем.

М о к р о у с о в. Оныдыз рас, біздерге өз киімімізбен көшеге шығуға қауыпты, сондықтан мен жай пальто киіп, қаруымды алып едім. Ал, қазірде, негізсіз тілектің қозуы болғандықтан оңбаған жамандар бір сыпыра басылды, сондықтан да... қылышсыз жүрмін.

В а р в а р а. Ал қызметке қашан кіріспексіз?

М о к р о у с о в. Ой жүзінде мен ертеден-ақ сіздердің құрметідізге бас ұрушы қызметкеріңіз едім. Ал тоғайға күні ертед болса да кетуге дайымдым, мен жалғыз басып, және...

В а р в а р а. Қалай деп ойлайсыз, мына бунт кепке созылар ма екен?

М о к р о у с о в. Жаз бойы болар деймін. Онсод жауын-шашын басы алады, аяз түседі, көше бойында кезіп жүру ыдғайсыз болады ғой.

**В а р в а р а** (*күлімсіреп*). Тек жазға дейін бе? Революция ауа райына карай кояр деймісіз?

**М о к р о у с о в**. Жоқ ойбай, ғафу етідіз! О не дегенідіз! Қыс салқындатады ғой.

**В а р в а р а** (*күліп*). Сіз өзіңіз батыл екенсіз.

**М о к р о у с о в**. Полициялар жалпы батыл болады.

**В а р в а р а**. Солай ма?

**М о к р о у с о в**. Әлбетте! Ол ©з күшіне сенгендіктен болады.

**В а р в а р а**. Сіз армияда болып па едіңіз?

**М о к р о у с о в**. Я, дәл солай. Бузулуктағы резерв батальонында болғам, подпоручиктік шенім бар.

**В а р в а р а** (*қолын беріп жатып*). Ал, қайырлы жақсы болуыңызды тілеймін!

**М о к р о у с о в** (*қолын сүйіп*). Алла рыйза болсын. (*Шегіншектен, аяғын дік-дік басып, шығып кетеді*).

**В а р в а р а** (*Башкинге*). Менідше осыныд акмақ сыяқты?

**Б а ш к и н**. Соныд өзі — жақсы. Ақылдысымактар, әні, анадай болады... Оларға тек ерік беріп қойсад болды, булар жер кыртысын калташа актарады.

**П а в л и н**. (*Башкинге, Елизоветаға*.) Дін адамдарына өз еркімен үгіт жүргізуіне сөзсіз ерік беру керек.

*Глафира мен Шура қолтығынан сүйеп Булычовті алып кіреді. Барлығы да түк үндемей қалады, қарайды кіржиді.*

**Б у л ы ч о в**. Ал? Неге үндерід өше қалды? Сандырақтадыңдар кеп, сандырақтадыңдар кеп...

**П а в л и н**. Ойда жоқ жерден шыға келгеніңізге ақырып калғанымыз ғой...

**Б у л ы ч о в**. Не ғыл дейсід?

**П а в л и н**. Көпті білетін кісі келіп калғанда...

**Б у л ы ч о в**. Көпті білетін дейді. Сүйткен білгір міне енді аяғынан айрылып, сүйемелмен ғана жүретін хәлге түсті. Білгір дейді-ау тағыда... Мокей — Яшканы босатып па?

**М о к е й**. Я, босатыпты. Арестанттардың бәрін де босатыпты.

**З в о н ц о в**. Барлық саяси тутқындарды.

**Б у л ы ч о в**. Яков Лаптевке ерік береді, ал патшаны тутқынға алады. Калай, а, Павлин ағзам! Буған не **айта-сың?**



**Павлин.** Бул жұмыстың жайын білмеймін... Бірақ, менің шолақ ақылым бойынша, осылардың не көздегені бар не істегісі келеді, соны білу керек еді өзі...

**Булычов.** Патша сайлау керек. Патша болмаған жерде — бірінді бірід түтіп жейсіндер ғой әлі...

**Павлин.** Бүгін жүзідіз жаркын екен, соған Караганда сыркатты жеңіп келесіз-ау сірә.

**Булычов.** Тәйірі, жедген осындай болама! Сендер, ерлізәйыптылар, сен Мокей, мені Павлин "мен одаша калдырындаршы. Шуражан сен кетпе.

*(Башкин ауыз үйге шығады. Звонцовтар мен Достигаевтар жоғарыға кетеді. Екі минуттай өткен шамада, Варвара басқыштың орта шеніне дейін келіп, құлағын салып тыңдап турады).*

**Шура.** Жатсадшы!

**Булычов.** Жаткым келмейді. Ал, сен неге келдід Павлин ағзам, әлгі қоңырау туралы ма?

**Павлин.** Жоқ, сіздід райыдызды жаксы уақытыңызда бір көрсем деп келіп ем, каталаскан жоқ екем. Бірақ, ерине, өзіңіздің өткендегі жомарттығыдызды, кіші пейілділігідізді ескеріп, қаламыздыд және қужырамыздың сәулетін көздеп...

**Булычов.** Сен менід дуғамды дурьыс оқымайсың, мініки, күн санап нашарлап барам. Құдайы садака бергім келмейтін болып барады. Не үшін берем, ойбай-ау? Берудей-ақ беріп ем, бірақ түк жәрдемі болған жоқ қой.

**Павлин.** Сіздід кудайы садақаларыдыз...

**Булычов.** Токтай тур! Сурағым бар: кудай неге уялмайды, осы? Өлімін неге жібереді?

**Шура.** Өлімді атамадыз, керегі жоқ атап!

**Булычов.** Сен араласпа! Сен тек тыдда. Мен бул жерде Өзім жайында сөйлеп отырғаным жоқ.

**Павлин.** Ондай пікірлермен сіз өзіңізді боска қый-яамадыз. Жан мәңгі өлмейтін болған сод, өлім деген не нәрсе!

**Булычов.** Жан осындай кір, ылас, тар тәнге неге қыстырылды екен?

**Павлин.** Шіркеу мундай әдгімені еріккеннің жұмысы деп ғана қоймайды, және оныд үстіне...

*(Варвара басқышта тұрып, орамалымен бетін бүркеп, тістеніп күледі).*

Б у л ы ч о в. Айтатыд болсад, мінгірлемей тура айт!

Ш у р а. Кернейші есінде ме?

П а в л и н. Александра Егоровна бар жерде...

Б у л ы ч о в. Қой арманыдды! Өмір сүру оған да керек, олай болса ол да білуі керек! Мен осы бір кыдыра жасадым, сонда да болса өзіме өзім осы сен не үшін тіршілік етесід, не үшін емір сүресін? — деп сурақ қоям.

П а в л и н. Храмға қызмет етем...

Б у л ы ч о в. Білем, білем — қызмет ететінідді! Осы өзін дағы бір уақыттары өлесің ғой. Сонысы несі? Бізге, өлу деген не нәрсе өзі, Павлин?

П а в л и н. Ғафу етісіз, мен айтты демедіз! Сіз боска, реті келмейтін әңгімені сөйлеп отырсыз! Сіз бу дүниеден жерідіңіз, о дүниедізді...

Ш у р а. Жок, олай деуші болмадыз!

Б у л ы ч о в. Мен осы дүниенід кісісімін! Мен жан тәніммен осы дүниенікімін.

П а в л и н *(орнынан тұрып)*. Бұл дүние опасыз дүние.

Б у л ы ч о в. Опасыз? Солай дедіз... Бул дүниенің опасыз екенін алдымен өздерің түсінулерід керек еді. Опасыз дейсіздер, сүйте тұрып жібек шапан киесіндер, опасыз дейсіздер — сүйте тұрып — крест тағасындар, опасыз дейсіндер—сараңдық жасайсыддар...

П а в л и н. Бой жеткен балаңыздың алдында тентек іске, теріс іске бастап отырсыз...

Б у л ы ч о в. Бой жеткен, бой жеткен...

*Варвара тез-тез басып жоғарыға кетеді.*

Сендерді, ақмақтарды, тазыны қоянға косып үйреткендей, үйретеді-ау... Сендер қайыршы Христостан байып кеттіддер...

П а в л и н. Сізді ызаландырып отырған сырқат, ызаланасыз да, бурқ-сарқ боласыз, нак бір...

Б у л ы ч о в. Кетіп барамысыд? а — а...

Ш у р а. Сен боска күйіп-пісесін, муның саған түк пайдасы жок кой. Қалайсыд езід... бір тыныш таппайсың...

Б у л ы ч о в. Іштеде етпейді! Аяйтын түк те жок! Ух, жаным сүймейді-ак осы поптарды! Сен, қарашы езід, мен жаңағыны әдейі айтып отырмын, көрсін деп...

Ш у р а. Өзім де байқап отырмын... жас емеспін ғой, мен де ақмақ емеспін!

(Басқышта Звонцов турады).

Б у л ы ч о в. Әнеугі кернейшіден кейін бәрі де мені ауысқан деп, өлшеп-пішіп қойды, ал докторлар оларға: сендердікі теріс дейді. Сен докторларға сенесің ғой, Шура? Докторларға деймін?

Ш у р а. Мен саған сенем... саған...

Б у л ы ч о в. Я, солай дегейсің! Жок, менің есім дурыс! Докторлар біледі. Ішіме бір қатты заттыд келіп қалуы рас Бірақ өлім дегеннің не екенін немесе тіршілік дегеннід не екенін кімнід де білгісі келеді ғой. Уғамысын?

Ш у р а. Сенің ауруың қатад дегенге мед сенбеймін. Саған бул үйден кету керек. Глафира дурыс айтады! Шындап емделу керек. Сен ішкімге кулак аспайсыд.

Б у л ы ч о в. Бәріне де кулак асам. Міне енді тәуіп қатынды байқап көру керек. Кім біледі. Ойламаған жерден соныд пайдасы тиер? Оныд келетін кезі болып еді ғой. Жанымды жегідей жеп... ауыртып барады!

Ш у р а. Қойшы енді! Соныд мүлде керегі жок! Жатшы езід...

Б у л ы ч о в. Жатқан — жаман. Жаттыд-ақ берілгеннің. Бул өзі жудырықтасып төбелескенмен бірдей. Ал менід сөйлегім келеді. Саған бәрін де айтуым тиіс. Түсінбейсід, ©з үйім дегеддегім, өзімдікі болмай шықканы қалай? Мен өзім баска журттыд арасында екенмін, отыз жыл боны жат адамдардыд ортасында боп келіппін ғой. Саған айтпайын-ақ дегенім осы еді! Әкем менід сал айдаған еді, ал менід ©зім міне енді... Муны саған тілмен айтып жеткізе алман...

Ш у р а. Сен онынды жайымен ғана, салкын қанмен айтшы. Бір кезде маған ертегілер айтып беруші едід ғой, сол сыяқты етіп айтшы

Б у л ы ч о в. Мен саған ертегі емес, ылғый ғана шындықты айтқам. Байқаймысың... Поптар, патшалар, губернаторлар... менің не сайтаныма керек олар? Мен кудайға сенбеймін! Құдайың қайда өзі? Өзіңде көріп отырсыд... жөні түзу адам да жок. Жақсы адамдар сирек, жалған акша тәрізді! Көремісің — қандай екенін олардыд? Міне енді солардың бәрі де қазір берекесі кетіп, бірімен бірі қағысып, есінен алжасып бітті. Ал, енді менід олардағы жұмысым не? Егер Булычовқа олардың

қандайлық керегі бар? Саған да... ал кәні, солармен.. қалай бірге турмақсың?

Ш у р а. Сен мені ойланып қынжылма...

Қ с е н и я (*кіріп келіп*). Александра, саған ағасымен бірге Тоня келіп тур, онсод тағы...

Ш у р а. Күте турар.

Қ с е н и я. Сен бара туршы ©зід! Мен әкедмен жеке сөйлесуім керек...

Б у л ы ч о в. Ал маған керек пе екен?

Ш у р а. Сіз — онша көп — сөйлеспеңіз...

Қ с е н и я. Үйрет, үйрет маған! Егор Васильевич — Зобунова келіп тур...

Б у л ы ч о в. Шуражан, кейін жастарды осында ертіп келерсің... Ал Зобуновадды шақыр!

Қ с е н и я. Қазір. Менід айтайын дегенім, Александра Андрейдід дәйду-бас немересімен тым жақыңдасып кетті. Ол оныд теңі емес екенін өзің де білесің ғой. Бір қайыршыны әкеліп паналатып едік, оныд билеп-төстеп кеткені мынау.

Б у л ы ч о в. Сен Ксения, ұйқыда енген сандырақ түс сыяқтысың өзің, шын айтам!

Қ с е н и я. Бір аллаға тапсырдым сені, көрген білгенід мені ренжіте беру болсын, әйтеуір! Сен соның Тятинмен қалжыддасуын қойғызсад еді.

Б у л ы ч о в. Ал, тағы не айтпақсыд?

Қ с е н и я. Біздікіне Мелания келіп отыр...

Б у л ы ч о в. Неге?

Қ с е н и я Басына іс түсіп қалыпты. Қашқын солдаттар монастырьге тиіп, сыйырын сойып тастапты, екі балтасын, бір шумақ жібін урлап әкетіпті, көрдің бе не болып жатқанын! Ал, Донат болса бір одбағандарды жыйнап алып, ағаш кесетін жерде барақта солармен бірге турады дейді.

Б у л ы ч о в. Я, белгілі, менід бір тәуір көретін кісім болса-ақ болғаны, баскаларға жақпай-ақ қояды.

Қ с е н и я. Сен онымен татулассаң еді...

Б у л ы ч о в. Меланиямен бе? Неге?

Қ с е н и я. Я, — неге татуласпайсың? Сенід болса ден саулығыд...

Б у л ы ч о в. Жарайды. Келсін... татуласайын. Мен оған: «Ал, қарызидды қалдыр біздерге» дейін.

Қ с е н и я. Сен сыпайылау бол. (*Шығады*).

Б у л ы ч о в (*міңгірлей*). «Үйткені қалдырмақпыз

біздөрдө)» дегенді айтайын Жан жағыңның бәрі алдау...  
Ой, сайтандар ай .

**В а р в а р а.** Папатай! Мен мамамныд Степан Тятин туралы айтқанын естідім...

**Б у л ы ч о в.** Я... Сен бәрін де естисід, бәрін біліп жүрсің енді...

**В а р в а р а.** Тятин момын, жуас адам, Александраға жасауды кеп те тілемейді және бір-біріне қандай тед.

**Б у л ы ч о в.** Қамқоршы-ақсың езід...

**В а р в а р а.** Я, мед оның жүріс-турысын байқап жүрмін. .

**Б у л ы ч о в** Сенід ойлап жүргенід кімнід қамқорлығы? Ай... үй сайтаддары-ай!

*(Мелания мен Ксения кіреді, есік алдында Таисья келіп тоқтайды).*

**Б у л ы ч о в.** Ал, калай Малаша? Татуласамыз ба калай?

**М е л а н и я.** Солай де, жауынгерім! Журттыд бәрін дағы кінәсіз ренжітесің де жүресід...

**Б у л ы ч о в.** «Ал, қарызды қалдыр біздерге» — Малаша!

**М е л а н и я.** Әңгіме қарызда емес. Тентек болма үйтіп! Не болып жатқанын көремісің. Тәңірі өзі қойған патшады болса тағынан түсірді. Бул не болды өзі? Тәңірі өз кулдарын астан-кестен заманға душар етті, журт обден алжасты, оз аяғыныд астынан өзіне көр қазады. Одбаған, аяқ асты жамандар бунт көтеріп жатыр. Копосовтыд жамад қатындарына шейін маған: Халық, деген де — халық бізбіз! Біздід күйеулеріміз солдаттар — міне халық солар» деп айқай салды. Көрдің бе! Ойланшы езід бір, о заманнан, бу заман, солдаттар қашан халыққа саналып еді?

**К с е н и я.** Муныд бәрін дәлелдеп беретін Яков Лаптев...

**М е л а н и я.** Губернатордыд билігін колынан алып, оныд орнына нотариус Осмоловскийді қойыпты...

**Б у л ы ч о в.** Ол да бір жуан еді ғой.

**М е л а н и я.** Кеніе монастырь бастығы Никандр айтады: біз осы күні ақырзаманныд алдыда турмыз; қарапайым журт үкімет болуға мүмкін бе еді, библия заманынан бері қарай халықтарды найза, кресті курал еткен қол ғана басқарып келгенді, дейді.

В а р в а р а. Библия заманында креске табынбайтын...

М е л а н и я. Сен араласпай-ақ қой шырағым... Евангелия мен библия бір түптелген кітап. Ал, крест дегенің — найза! Тағы оныд үстіне... монастырь бастығы елдің қай кезде неге табынғанын сенен тәуір білетін болар. Сендер, атак кумарлар, патша тағыныд қыйрағанына шаттанасындар. Осы шаттыктарыд қасірет жасына айналып жүрмесін тек. Егоржан, менід сенімен бір жеке сөйлескім келіп еді...

Б у л ы ч о в. Олай болса, тағыда урысып қаламыз ғой? Дегенмен сөйлесуге де болады, бірақ кейіірек! Қазір тәуір қатын келеді. Осы аурудан бір жазылсам деймін, Малаша.

М е л а н и я. Зобунова атакты тәуір ол. Докторлардыд оған жетуіне кеп бар! Сен дуана Прокопиймен сөйлесед еді.

Б у л ы ч о в. Ол әлгі балалар Пропотей деп атайтын кісі ғой. Ол өзі бір жулик дейді ғой?

М е л а н и я. Қой, саған не болған! Мүмкін емес! Шақыртшы, сен соны ..

Б у л ы ч о в. Я, Пропотейді де шақыртуға болады. Бүгін аздап тәуірмін... Тек осы аяғым ғана... көңлім де көтеріңкі сыяқты. Бәрі де бір күлкі сыяқты болып көріне ме... қалай! Әлігі тәуір қатынды шақыртшы, Ксения.

*(Ксения шығып кетеді).*

М е л а н и я. Ех, Егоржан, сенід бойыдда қалған нәрсе... кеп әлі!

Б у л ы ч о в. Я, солай, солай, бәрі де сол көптігінде болып тур ғой...

К с е н и я. Үйді босатып, басқалардың бәрі де шығатурсын дейді тәуір қатын...

М е л а н и я. Я, олай болса, шығу керек...

*(Басқаларының бәрі шығады. Булычов мазақ күлкімен езу тартып, бүйірін, төсін уалап отырады. Зобунова кіреді. Білдірмеген болып, бірақ көзге түскендей етіп, аузын қыйсайтып, оң жағына қарай үрлеп, оң қолын жүрегіннің тусына басып, сол қолының басымен балықтың канаты сыяқты сермен есіп келе жатады. Токтайды. Токтайды да оң қолымен бетін жай сыйпап өтеді).*

Б у л ы ч о в. Бул сенің шайтандарға табынғаның ба?  
З о б у д о в а (*әндеткен дауыспен*). Әй жауыз пәлекеттер, тән қасіреттері! Жоғалындар, серпіліндер, алланың сүйгед қулынан аулақ! Қазіргі күн, нақ осы сағатында өткір, катал тіліммен өмір бойына, сендерді мәдгі қуғынға ушыратамын. Сау саламат барсыз ба, Егорий атты, қайыр садағасы мол тәңірі қулы!..

Б у л ы ч о в. Еседсід бе, апай! Бул сенід шайтандарды қуғаның ба?

З о б у н о в а. Саған не болған, олармен істес болып бола ма?

Б у л ы ч о в. Қажет жерінде болады, неге болмасын? Кудайға поптар сыйынады, ал сен поп емессід, сен сондықтан шайтандарға сыйынуың керек.

З о б у н о в а. Қайдағы бір сумдықты айтқаның не? Мені жын-сайтандармен істес дегендер бір одбаған адамдар ғой.

Б у л ы ч о в. Ие, олай болса апай, сен түк те шығара алмайсың! Поптар мен үшін қудайына жалбарынған, бірақ қудай менен бас тартты — маған жәрдемін тигізбеді!

З о б у н о в а. Бул сенің тек әзілдеп отырғаның болар маған сенбегендігіңнен ғой.

Б у л ы ч о в. Сен жын-сайтандарды арасынан келген болсаң мен саған сенер едім. Сен әрине білесің, естідің де ғой, мед бузылған адаммын, адамға дегенде аянышым жоқ, ақшаға дегенде сараңмын.

З о б у н о в а. Оны естігем, бірақ, сені маған тәуір етіп ақша бермейді дегенге сене алмаймын.

Б у л ы ч о в. Мен, апай, зор күнәлі адаммын, қудайды менде тыйындай да жұмысы жоқ. Егор Булычовтач қудай безген болатын. Сондықтан сен жын-сайтандармен туысқан болмасаң — қыздарды баласын тастатумен болғайсың! Сенің кәсібің — сол, солай ма?

З о б у н о в а. Жұрттың сені бір бет, тентек адам дейтіні рас екен!

Б у л ы ч о в. Я? Не деп алдауға тұрсың? Бар, қайқай!

З о б у н о в а. Өтірік айтып үйренген емен. Сен айтшы өзің: қай жерід ауырады, қалай ауырады?

Б у л ы ч о в. Ішім. Қатты ауырады, қатты ауырады, міне, мына жерім.

З у б н о в а. Бірақ сен енді ешкімге айтушы болма.

Б у л ы ч о в. Айтпаймын, қорықпа.

З о б у н о в а. Қара сырқат болады, онсод сары сырқат деген болады. Сары сырқатты — докторлар да жаза алады, ал қара сырқатты поп та, монах та канша жалбарынғанмен жаза алмайды. Қара сырқат жын-сайтаннан келеді, оған қарсы бір ғана амал бар...

Б у л ы ч о в. Өлем бе, тірі калам ба, — айт мүдірмей. Соны айт!

З о б у н о в а. Ол амал қымбат амал.

Б у л ы ч о в. Әрине, түсінікті.

З о б у н о в а. Әрине, бул жерде жын-шайтандармен ғана істес болу керек.

Б у л ы ч о в. Нақ жын-перінід өзімен бе?

З о б у н о в а. Оныд нақ өзімен емес енді, дегенмен...

Б у л ы ч о в. Істей аламысың соныдды?

З о б у н о в а. Бірақ сен ешкімге айтып қойып жүрме...

Б у л ы ч о в. Жоғал арман, жын-сайтандарыңа!

З о б у н о в а. Токтай-тур...

Б у л ы ч о в. Жоғал деймін енді, болмаса күйретем бір жерінді.

З о б у н о в а. Тыдашы ©зід...

Г л а ф и р а (ауыз уйден). Айтылды ғой — кет деді емес пе!

З о б у н о в а. Сендер калайсындар өздерің...

• Б у л ы ч о в. Қу, ку мынапәлені!

Г л а ф и р а. Тағы оныд үстіне жалмауыз кемпір болғансыйды!

З о б у н о в а. Сен өзің жалмауыз! Көрдің бе — бет әлпетін... Не уйқы, не тыныштық көрмендер ылайым

*(Шығып кетеді).*

Б у л ы ч о в (жан оқағына қарап, ауыр дем алып). Тфу...

*(Мелания мен Ксения кіреді).*

М е л а н и я. Зобунова унамады ма, жақпады ма?

*(Тесіле қарап Булычов үндемейді).*

К с е н и я. Ол да бір өзі сүйкімсіз адам. Журт мактағанға дандайсып кеткен әбден.



Б у л ы ч о в. Малаша, қалай деп ойлайсың: құдайды Іші ауыра ма екен осы?

М е л а н и я. Үйтіп ақмақ болмағайсың...

Б у л ы ч о в. Ал Христостың іші ауырған болар. Өйткені ол балық жеген ғой...

М е л а н и я. Токтат Егор! Неге ызаландырасың?

Г л а ф и р а. Мазалағандарың үшін ақша бер дейді әлгі кемпір.

Б у л ы ч о в. Беріп жіберші, Ксения! Сен Малаша, кешір мені, мен әбден шаршадым, бөлмеме барам. Ақмақтармен әуре болсам-ақ... шаршап қалам... Ал, Глаша, сүйеп жібер...

*(Глафира сүйеп алып шығады. Ксения қайтып келеді, сөз күткендей апасына қарайды:).*

М е л а н и я. Есі алжасқан кісімсиді, өтірік онысы, ойла!...

К с е н и я. Әй, әдейі істей қояр ма екен? Қайдан ол...

М е л а н и я. Бірақ мұнысының бізге зыяны жоқ! Мейлі, ойнай түссін ойынын. Егер өлер алдындағы өсиетін сот алдында теріске шығару керек болғандай болса, оныд бул аяласы өзіне таяқ болып тиеді. Таисья да, Зобунова да, Павлин әкей де, Кернейші де осыған куә болады, куә болатындар аз ба? Өсиет етіп кетушінід есі дұрыс еместі деп дәлелдейміз...

К с е н и я. Ай, білмеймін-ау, қалай боларын...

М е л а н и я. Мен о жағын саған үйретем әлі. Сендағы шоштаддап осыған күйеуге шыға қалып ед! Башкинге тигейсің деп айтпап па едім саған.

К с е н и я. Қойшы... Қашан болған әңгіме, ол! От кез мұныд бүркіттей самырып тұрған кезі емеспе еді. . Ол кезде өзің де қызығушы едің ғой.

М е л а н и я. Мен бе? Саған не болған? Жынды болдыд ба?

К с е н и я. Қойшы, о жағын еске түсіріп керегі жоқ...

М е л а н и я. Алла сақтасын! Қызыққансың дейді! Мен қызығыппын!

К с е н и я. Прокофийді қайттік? Мүмкін. оныд керегі болмас.

М е л а н и я. Неге керек болмасын? Шақырып тұрып, сөйлесіп тұрып — енді келіп керек емес дейді! Сен маған

тусау жасама! Бар, даярла да, ертіп кел. Таисья! Ауыз үйден Таисья кіреді. Ал қалай?

Т а и с ь я. Іштеде біле алмадым.

*(Ксения шығады).*

М е л а н и я. Неге?

Т а и с ь я. Іштеңе айтпайды.

М е л а н и я. Ол кім, іштеде айтпайтын? Қадалып сурасаң еді, сен онан.

Т а и с ь я. Сурағандай-ақ сурадым, бажылдап, тіпті мадына жуытпайды. Бәрін де шарпып тілдейді.

М е л а н и я. Не деп тілдейді?

Т а и с ь я. Жуликтер дейді.

М е л а н и я. Не үшін екен, онысы?

Т а и с ь я. Кісіні жынды қылғыларың келеді дейді...

- М е л а н и я. Осыны саған айтты ма?

Т а и с ь я. Жоқ, дуана Пропотейте.

М е л а н и я. Ал ол — не деді?

Т а и с ь я. Ол сандырақтайды әшейін.

М е л а н и я. Сандырақтайды деймісің? Әй, аңқау сорлы! Ол дуана алдағыны болжап айтады, оңбаған! Ана асқанаға барып отыра тур, іш қайда кетпе. Асқана да тағы біреу бар ма еді?

Т а и с ь я. Мокей...

М е л а н и я. Бар, бар енді! *(Булычов бөлмесіндегі есікті қағады)*. Егор, дуана келді.

*(Ксения мен Башкин дуананы алып кіреді, Пропотейдің аяғында шабата, үстінде тізесіне дейін келетін қат көйлек, төсіне толып жатқан мыстан жасаған крестерді, калайларды қадап алған. Көргенде кісі шошығандай, шашы қалың, дода-дода. Ұзын, сирек сақалды, селк-селк, дір-дір қозғалады).*

Д у а н а Ух, түгін ғой толған! Кісі туншыққандай ғой...

К с е н и я. Мунда ешкім шылым тарытпайды, батюшка.

*(Кысқы боранды желге салып дуана гүлдейді).*

М е л а н и я. Сен тура тур, шықсын, алдымен өзі осында шықсын...

Б у л ы ч о в. *(Оны Глафира сүйең алып шығады)*. Жексурын ғой мынауың бір!

**Д у а н а.** Үрейленбе. Қорықпа. *{Гүлдейді.}* Бәрі опасыз өтеді, өгеді де кетеді. Гриша деген болыпты, бақдәулетке молықты, төбесі көкке жетіпті. Онсод оны жың қағып, жерге сорып кетіпті.

**Б у л ы ч о в.** Оныд кім? Распутин бе айтып турғаның?  
**Д у а н а.** Патша, тайды тағынан, қаптап кетті қағынған, қырсық, өлім, арамза орын алды жаныднан! Боран сызғырады, жың-пері азғырады. *(Сұқ қолымен Глафираны көрсетіп, гүлдейді).* Қасында әйел бейнесіндегі пері тур — қуала, курт, шашын жул.

**Б у л ы ч о в.** Қуалармын-мен сені! Қанша былшылда-сад да шамацды біл. Мелания, сен бе бұған үйретіп қойған?

**М е л а н и я.** Не айтып тұрсың? Ауысқан адамды үйретуге бола ма екен?

**Б у л ы ч о в** Үйретуге болатын сыяқты ғой...

*(Басқыштан Шура, оның артынан Антонина және Тятин жүгіріп түсіп келе жатады. Жайымен Звонцовтар және Достигаевтар түсіп келе жатады. Дуанада тук ун жоқ, қолындағы таяғы мен ауаны, еденді сызады. Басын темен салып жіберіп, терең ойға шомғандаи).*

**Ш у р а** *(әкесіне жүгіріп келіп).* Б у не тағы? Бұл не масқара?

**М е л а н и я.** Сен — үніңді өшір!

**П р о п о т е й** *(қыйналып айтқандай).* Ұйықтамайды дінсіз — сағат сағаг тынымсыз... Егер — қудай... болса, етеді алады осындай... мен де осал емеспін... Я, я! Ал пәле кімнен. Ойна жыным, ойна, пәлені таппай қойма! Түн ортасы болды міне... тауық шақырып ку-ке-ре-ку деді... дінсіздік де күні бітті...

**Б у л ы ч о в.** Уйкасын келтіріп үйреткен екен .

**М е л а н и я.** Бөлме сөзін, бөлме, Егор!

**Д у а н а.** Енді қайтпекпіз? Жұртқа не демекпіз?

**А н т о н и н а** *(Аяп)* Кісі үрейленетіндей жексурын емес қой өзі.

**П р о п о т е й.** бит-сіркесі өлді міне—жаназасы оқылды. Мүмкін әлде керек шығар билеуде? Ал кәніки билейік, біздерге де, сіздерге! *(Секіреді, тепсінеді, алғашында жай, бірте-бірте үдетіп, бара-бара көтере айтып,*

*секіріп билейді*). Асторат, Сабатан, Аскафат, Илумеі, Қарра тили тоқ, тоқ, мадайыдды соқ соқ! Искедің сен, искедің, ненің исін білдің сед. Тап-тап, сап-сап! Сайтан ойнады онымен! Көн-көн-көн — дүниеде жалғыз ол, жалмауыз кемпір алды оны, етегіне салды оны. Қырсық пенен күнадан, құтылмайсың еш қашан! Әні анау Егорий, қасіретімізге туылған...

Ш у р а *(Айқайлап)*. Қу ананы!

Б у л ы ч о в. Немене сендердікі... сайтан алғырлар... мені қорқытқыларын келеме?

З в о н ц о в. Мына масқаралықты тоқтату керек...

*(Глафира дуанаға жүгіріп барады, дуана тоқтамастан айнала жүгіре береді, Глафираға тоқталып таяғын көтереді)*.

Д у а н а. Их, эх, ох, ах, ух, чух, залым рух...

*(Дуананың қолындағы таяғын Тятин жулып алады)*.

М е л а н и я. Сенікі не? Сенікі не?

Ш у р а. Әке, қушы бәрін де... Сен неге үндемейсің?

Б у л ы ч о в. *(Колын шайқап)*. Тура тур... тура тур... Дуана еденге отырып алып гуілдейді, безек қағады.

М е л а н и я. Оған тиюге болмайды. Ол әбден уйып... толықсып отыр.

Д о с т и г а е в. Бүйтіп толықсығаны үшін, Мелания шешей, мойнын үзеді.

З в о н ц о в. Тур, жоғал... тез!

П р о п о т е й. Ал — қайда? *{гуілдейді}*.

Ксения жылайды.

Е л и з о в е т а. Қалай керемет безілдейді... әргүрлі сарынмен!

Б у л ы ч о в. Жоғалыңдар — бәрід де! Көздерідді қандырып болдыңдар ғой...

Ш у р а *(Дуананы теуіп)*. Жоғал енді, мүгедек! Степан, айдап шық мынаны!

Т я т и н *(дуананы желкесінен алып)*. Түрегел, әулие... тур!

Т а и с ь я. Бүгін өзі онша кісі шошырлық өмес, алдымен өзіне біраз арақ ішкізіп алса, мунан да жаман шошытады...

Мелания. Сен не былшылдап тұрсың? *(Жағғына салып қалады)*.

Звонцов. Ұят емес ие сізге?

Мелания. Кімнен? Сенен бе?

Варвара. Қойыңыз апай, сабыр етіңіз...

Ксения. Жаратқан-ай... Не болдық бұл?

*(Шура мен Глафира Булычовты диванға жатқызады, Достигаев оған шуғылданып қарайды. Звонцов Ксения мен Меланияны алып шығады)*.

Достигаев *(әйеліне)*. Үйге қайтайық Лиза, үйге! Булычовтың хәлі жаман. Тіпті жаман. Көшеде демонстрация болып жатыр... Бізге де барып араласу керек...

Елизавета. Қалай, қалай гүлдейді, а? Мен былай деп... мүлде ойлаған емен...

Булычов *(Шураға)*. Осының бәрін ойлап шығарып жүрген — Игуменья...

Шура. Немене, хәлің нашарлап қалды ма?

Булычов. Мелания менің тірілей жаназамды оқығысы келді-ау...

Шура. Айтшы — халың қалай? Докторға кісі жіберейік пе?

Булычов. Керегі жоқ. Ал, залымдық жайында ол өзі айтып салды. Естідің бе? Егер болса құдай, ете алады осындай деді.

Шура. Оның бәрін ұмыту керек.

Булычов. Ұмытылады! Сен бәрін ана жаққа, қарашы, жацағылар не ғып жүр, Глафираны ренжітіп жүрмесін. Көшеде өлед айтқандар немене.

Шура. Сен тағы тұрып кетіп жүрме

Булычов. Өлексе қаптаған патшалық та қыйрады. Көзіме түк көрінбейді. *(Столға сүйеніп тұрады, көзін сүртеді, уалайды)*. Сенің патшалығың дейді... Қандай патшалық? Хайуандар! Патшалық... Біздік әкеміз... Жоқ... жаман! Өліп барам. Маған өліміңді жібере тұрып, сен маған қайдан әке боласың? Не үшін? Бәрі де өлеме? Неге? Мейлі — өлсін-ақ бәрі! Ал — мен кеге елем? *Құлдан кете жаздайды*. Ал! Не болды, Егор? *(Қарлыққан дауыспен айқайлайды)*. Шура... Глаша... Доктор шақырындар! Ей... келсейші біреуің, сайтандар! Егор... Булычов... Егор!...

*(Шура, Глафира, Тятин, Таисья, Булычов осыларта қарай құлап бара жатады. Терезеден — кеп халық айтқан өлең естіледі. Глафира Тятин Булычовты сүйейді. Шура жүгіріп барып терезені ашады. Өлең дауысы қатты естіледі).*

Б у л ы ч о в Бул ненід дауысы? Жаназа ма .. Тағыда жаназа айтып жатыр! Шура! Бул кім?

Ш у р а Мында кел, мында... кара!

Б у л ы ч о в Эх, Шура!

*П е р д е*

В А С С А  
Ж Е Л Е З Н О В А

*(екінші варианты)*

## ӨЙЫНҒА ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

*Васса Борисовна* — 40 жаста, көруге жасырақ.

*Сергей Петрович* — 60 жаста, бұрын капитан болып Қаратеңізде жүзіп жүрген, кейін өзен параходтарында қызмет еткен.

*Прохор Борисович Храпов* — 57 жаста, Вассаның ағасы

*Наталья* — 18 жаста. Вассаның қыздары.

*Людмила* — 16 жаста,

*Рашель* келіні, жасы 30 дарда.

*Анна Онощенкова* — жасы 30 дан асқан, Вассаның катшысы әрі сенімді досы.

*Мельников* — Округтік соттың мүшесі.

*Евгений* — Оның улы.

*Григорий Кротких* — Пароходстваның басқарушысы.

*Лиза Поля* — Қызметші әйел.

*Петеркин* — жасы 27 — 30 дарда. бұрынғы солдат, өзен парохотының матросы. Басындағы тығыз катты шашы буйраланып оралып тақиядан боп тур. Сексиген селдір муртты.



## І А К Т

Үлкен бөлме, үйдің бұрышы. Васса күндізгі уақытының көбін осында өткізеді. Мунда тұрғанына 10 шақты жыл болған. Үлкен жұмыс столы, оның қарсы алдында жеңіл кресло, өргенбейтін шкаф. Қабырғада үлкен әдемілеп боялған Еділдің Рыбинскийден Қазанға дейінгі жоғарғы және орта ағысының картасы. Қартаның астында кілем жабылған жалпақ Кавказ диваны. Оның үстінде биіктеп қатарлап жыйған жастықтар, үйдің ортасында сопақтау келген кішілеу стол, арқалы орындықтар. Терастың бақшаға шығатын екі қабатты әйнекті есік, бақшаға қараған екі терезе. Былғары тысты үлкен кресло. Терезе алдарына қойылған гүлдер, терезе арасындағы еденде ашық күбінде үлкен жапырақты ағаш (Ловровой дерезо) кішкене полка, онда квас ішуге арналған терек түпті күміс қақпақты аяқ (Жбон), сол сыяқты алтын жалатқан қумыралар, кең жалпақ Кавказ диваны, оның қасында жататын бөлмеге кіретін есік Тәңертеңгі кез. Март айының ақыры, терезеден түскен күн сәулесімен бөлме жарық болып тұр.

Бөлме оңе кең, биік, жарық, көңілді.

*(Васса, Кротких кіреді).*

**В а с с а.** Мыд путана үш жарым сом болғанда, путына тыйынның жүзден 35 үлесі келеді екен. Бул әрине товарлы пассажир пароходының жүк тасушыларына аздау, оларға жүкті жыйырма сажыннан да артығырақ жерден тасуға тура келеді. Орта есеппен олар күніне бір сом табады. Ал, олардың ішіп-жеуіне онан артық шығады және олар етсіз тура алмайды. Міне осы жағына сіз көділ бөлсеңіз, газетке мақала берсеңіз, жүкшілермен әңгімелесетін адам тапсаңыз, ондай адамды таба аласыз ба?

**К р о т к и х** *(көңілді).* Таба аламын!

В а с с а. Міні, муньд дурыс, ірі пароходшыларды тынысын тарылту керек. Біздід шаруашылығымыз болса усақ, тасыйтын жүгіміз де майда. Бізде пароходтан пристанға жүкті өзіміздің матростар тасыйды. Жүк тасушыларды сирек пайдаланамыз. Оны эзіңіз де білесіз.

К р о т к и х. Мұныңыздың бәрі бірдей дурыс деуге болмайды. Мыңыңа екі сом матростарға аз.

В а с с а. Ал, не үшін артық төлемекпіз. Сіз «Кавказ, Меркорилер» мың путына қойылған бағаны бес сомга жеткізетін етідіз, міне сонда біздің пароходшіктердід жүгі көбейеді, онда біз де матростарды жал ақысын өсіреміз, түсінікті ме, олай болса кешірідіз, сіздід бул қағазыңызды кабылдай алмаймын.

К р о т к и х. Білесіз бе, Васса Борисовна...

В а с с а. Ал, сіз қумрашылар мен, усақ дерменшілермен — қысқасы қолөнершілермен әңгімелессеңіз. Жүктерід бізге ғана беретін ету үшін олардан алынатын кіре ақы аздап кемітілсе, міне, бул пайдалы болған болар еді.

К р о т к и х. *(масаттанып)*. Өткен жылды жақсы аяқтадық, пайда да аз болған жоқ.

В а с с а. Бул немене, бәріде жақсы да, жақсы? Жоқ, бұдан да асыру керек. Әйтпесе кур тәуір ғана болуы мәз қылмайды. Жарайды, сау болыңыз, жумысым бастан асып жатыр. *(Кротких үндеместен бас иіп, шығып кетеді, аңырып тыңдайды)*. Анята! *(Анна кіреді)*. Мә, тез көшіре ғой! Горий күдкілдеп жүр ме?

А н н а. Я, наразы сыяқты.

В а с с а. Не дейді?

А н н а. Түсіне алмадым. Консерватизм жөнінде бірдеме дейді

В а с с а. Әрине, социалист қой! Прохорга құдай қандай болса, оған социализм сондай: дағдылы, үйреншікті әдет бойынша табынады да, ішінен сенбейді. Ся оның сылдыр сөзіне сенбе. Кеше не жөнінде әңгімелестіндер?

А н н а. Неміс социалистері мен король арасындағы ауыз бірлік жөнінде сөйледі.

В а с с а. Байка, өзінің социализмімен қарныдды камнайтып жүрмесін.

А н н а. Жоқ, мені қолға түсіре алмайды. Ол Наталья Сергеевнаны айналдырып жүр.

В а с с а. Білемін, бірақ Натка ессіз емес кой

А н н а. Ол Людшкені де...

В а с с а. Қарай көр, сегіз қырлысын *(Телефон шылдырлайды.)* Я, мен, жақсы, күтем. Бул пәтерші — Мельников *(оны қолымен нұсқап жөнелтеді, үстел жанында ойланып тұрып, қағаздарды жыйнастырады, нәрселерді реттейді, алдына тура қарайды, қабағын түйеді.)*

М е л ь н и к о в. *(Аннаның бөлмесінен).* Есенсіз бе, курметті Васса Борисовна?

В а с с а. Рахмет, есікті жаба келдіз, отырыдыз, ал, немене?

М е л ь н и к о в. Хабар жақсы емес, тергеу бітіп, іс прокурорға өтті. Қолымнан келгенінше істі жеңілдеттім дейді тергеуші.

В а с с а. Үш мыңға мүлде жеңілдетуге болар еді.

М е л ь н и к о в. Мүмкін емес, мен анау жедге болған катынның жауабын оқып көрдш, ол күнәмді кешір деп кұдайға жалбарынғандай шынын айтыпты.

В а с с а. Сонымен сот болады деседізші?

М е л ь н и к о в. Сөзсіз.

В а с с а. Жазасы не екен?

М е л ь н и к о в. Каторгі болуға мүмкін.

В а с с а. Сіздерде оны калай деп айтатын еді?

М е л ь н и к о в. Нені?

В а с с а. Әлгі балалармен бейбастықтық етуді?

М е л ь н и к о в. Нәрестені аздыру дейді.

В а с с а. Қандай жексурын сез! Енді не болар екен?

М е л ь н и к о в. Прокурор айыптау актысын жазып айыпкерге береді де, тутқынға алады.

В а с с а. Үшеуін де және жедге қатынды да ма?

М е л ь н и к о в. Әрине.

В а с с а. Ал, прокурор мунысынан жеделдеге алар ма екен?

М е л ь н и к о в. Прокурорды қолынан келеді. Бірақ, ол ірі мансап көздейді, аяғын баса қояр ма екен? Алайда анадағы серіктері ізденіп жүр деседі.

В а с с а. Аһа, кәне, біз де ізденіп көрейік, әрекет етіп көріңіз, сураймын сізден, шу шығармау үшін, прокурорға усыныңыз, мағад бул істі өшіру керек, мүлдем өшіру керек, қыздарыма кесірі тиеді.

М е л ь н и к о в. Васса Борисовна, сізді қаншама курметтеп сыйласам да, сізді кед кейілдігіңізге сонша рыйза болсам да...

В а с с а. Сөзді қысқарта айтыңыз! Алғыс жайын істі аяқтағаннан кейін сөйлесерміз, іске кірісідіз.

М е л ь н и к о в. Менің қудіретім жетпейді, істей алмаймын.

В а с с а. Есіңізде болсын, бұл оқыйғаға мен акша аямаймын. Іс реттелсе вексельдеріңізді өзіңізге қайтып берем және оған мың жарым коса аламын, сонда бәсеболады, жете ме?

М е л ь н и к о в. Я, бірақ, қайткенде де мен...

В а с с а. Ә, сіз батыл қымылдадыз.

М е л ь н и к о в. Ед әбзелі езідіз.

В а с с а. О, жоқ, прокурорға мен бас иетшдей кайдае шығыпты ол. Төлеуге бармын. Бірақ, бас июге жоқпын және мен кесек сөзді ер адаммын. Менен ештеде шыкпайды. Сіз қазірден ақ кірісідіз. Кейін телефонмен санының канша екенін айтарсыз Жолыңыздың болуына тілектеспін, ал!

М е л ь н и к о в. Ендеше улықсат болса, сотка жөнелдім.

В а с с а. Я, я тездетіңіз (*Көзін жұмып отырады, жәшікті жақындатып бір деме іздейді, бір қутыны тауып алып ашып ішіндегіні қарайды. Қалам үшімен араластырады. Есік сыртынан дауыс естіледі, кутыны жылдам қалтасына салады. Людмила кіреді.*)

Л ю д м и л а. Есенсіз бе, Васса апа жаным, мен қызық түс көрдім, өте қызық...

В а с с а (*оны сүйіп*). Саған Людок түсідде де, өңін де де жаксы

Л ю д м и л а. Жоқ, тыңда .

В а с с а. Тамақ үстінде айтарсын.

Л ю д м и л а. Онда Натка мазақ қылып күледі, болмаса тағы біреу мазаны алады, я болмаса оған дейін умытып қалам. Түс өте тез умытылады. Сен қазір тыңда

В а с с а. Жоқ Людок, тезірек барып маған Лизаны жібер

Л ю д м и л а. Ай қудаиым-ай! Сен бүгін қандаи рахымсызсын.

В а с с а (*жалғыз өзі сөйлейді*). Рахымсыз... әй ахмақ неме... (*Лиза кіреді*). Сен, ағайдың тілін алмайды екенсін, кулыптарын майламапсын.

Л и з а. Васса Борисовна, мен үлгіре алмаймын... бәріне жалғыз өзім, барлық үйге... Маған қыйын! Бір қызмыз жәрдемші беріңіз.

**В а с с а.** Оны күтпей-ақ қой. Үйде артық адамның болғанын суканым сүймейді. Саған қыз балалар көмектеседі, жалақыд жақсы, тырыс. Аз уықта. Ағай үйде ме?

**Л и з а.** Жоқ.

**В а с с а.** Маған Сергей Петровичті шақырып жібер (Үйдің ортасында тұрып ойланады, саусақтарын шартылдатады, қалтасын сыйпалайды. Үстінде шапан, шашы уықы-туйқы, жақ жүні үрпиіп, сақалын көптен қырғызбаған, ақ кірген қою муртты Железное кіреді.) Жадағана тұрдың ба, болмаса уықтамақшы ма едід?

**Ж е л е з н о в.** Саған не керек?

**В а с с а.** *(Анна Оннешенкованың бөлмесінің есігін тартып жауып.)* Айқайлама, қорқыта алмайсын. *(Железное есікке қарай жүреді, Васса онан бұрын барып екінші есікті тартып жабады.)* Сенід айыптау қортындыды прокурор бекіткен.

**Ж е л е з н о в** *(үстелдің басын ұстап).* Сенбеймін, етірік айтасын.

**В а с с а** *(салмақпен).* Бекіткен.

**Ж е л е з н о в.** Мен ол бетсізге карта ойнап әдейі тоғыз мыд утқызғанмын. Оны өзіне сездіргенмін... Тағы он бір мыд бергед болар ем...

**В а с с а.** Жуырда айыптау қортындысын аласын, снан кейін сені тутқынға алады, түрмеге қамайды.

**Ж е л е з н о в.** Сен сараддық еттің, сараддық еттің. Тергеушіге аз бердің және Мельниковқа да аз берген шығарсын. Айт қанша бердід?

**В а с с а.** Нәрестені аздырудың жазасы каторгы.

**Ж е л е з н о в** *(отырады, басын шайқайды, мыңғырлап сөйлейді.)* Сен оған қуаңасын ғой?

**В а с с а.** Бой жетіп отырған қыздарың бар. Сен каторгіге кетсең, оларды халі де болмақ? Қадай инабагты адам оларға үйленбек, немерең де бар, ол беске шықты. Бүйтіп былыққанша кісі өлтірсең етті.

**Ж е л е з н о в.** Өлтіргенде сені өлтірерме еді деседші. Өлтіріп сенід мейрімсіз қара жүрегідді суырып алып итке тастар ма еді. шырмадың да алжастырдыд, сед мені, сен...

**В а с с а.** Өтірік айтпа, Сергей, бұл саған курал бола алмайды. Кімге сен етірік айтасын? Өзіңе езід бе? Тындаудың Сзі жиіркенішті. *(Байына жақындап келіп, алақанын оның мандайына тіреп, басын көтеріп, бетіне тігіліп қарайды.)* Істі сотқа өткізбеуінді сураймын, үй ішінді

масқаралама. Сенімен, сен қусаған бузылған маскүнем мен сүрген ауыр турмыс, улы өмірім ішінде аз жалынып сурадым ба? Ал, қазірде де өзім үшін емес, балалар үшін өтінем.

Ж е л е з н о в *(үрейленіп)*. Не айтпақшысын, саған не керек, не?

В а с с а. Өзің білесін.

Ж е л е з н о в. Оны істей алмаймын, жоқ

В а с с а. Тілесен аяғыда жығылайын.

Ж е л е з н о в. Әрі, кет, жібер! *(Тұрмақшы болады.)*

В а с с а *(қолы мен ыйығынан темен нұқып)*. Пара шок іш.

Ж е л е з н о в. Кет...

В а с с а. Ойлан, саған түрмеге отыруға тура келеді. Онан кейін барлық қала сені көру үшін сотқа, жыйналады. Соттан кейін сен тутқын болып, каторжник болып сансыз азап шегіп, шыбын жаның қыйналып өлесін. Шерменделікте, қайғы қасіретпен қор, мазақ өлімімен өлесін. Ал, мынаны ішсең бірден жан қыйналмай, маскара болмай, жүрек соғуын тоқтатады Дағдылы уйықтаған тәрізді боласын.

Ж е л е з н о в. Жоғал!.. Кет! Мейлі соттай берсін! Бәрі бір.

В а с с а. Ал, балалар? Масқаралық?

Ж е л е з н о в. Монастырға суранамын, дегеніне көнем. Сопы болам, жер астында болсам да тірі болам

В а с с а. Жоқты айтасын, іш парашокты!

Ж е л е з н о в *(турады)*. Жо. жо, ішпеймін сенің қолыңнан түкте ішпеймін.

В а с с а. Өз ерікіңмен іш.

Ж е л е з н о в. Болмаса қайтпексін, ушкіземісін?

В а с с а. Сергей, қыздарыңды ойла! Оларға өмір сүру керек. Атаның иттігі үшін балалар азап шекпейді

Ж е л е з н о в. Ал, анасы үшін ше?

В а с с а. Сандырақтайсын. Біл Сергей, сотта үндемей қала алмаймын. Үйге жез өкше қыздарды алып келгеніңді, олармен істеген бұзықтығыңды, оларға Людмила мен Натальяны көрсеткеніңді, оларға арақты қалай ішуді үйреткеніңді — бәрін айтам.

Ж е л е з н о в. Өтірік айтасын! Ол Прохор, сенің ағаң, үйреткен сол, Прохор!

В а с с а. Людмиланы қорқыттың сонан да ол жарым естеу сыяқты, оқу оқый алмайды. Ешнәрсеге икемі жоқ.

**Железнов.** Ал, Наталья кутты сен, кутты.

**Васса.** Міні біл, сотка да, журтқа да айтам.

**Железнов.** *(турады, тісін кайрап).* Кет жоғал! Саған қараудың өзі қорқынышты. *(Итеріп жіберіп, есікке қарай жүреді.)*

**Васса** *(артынан).* Парошокті іш Сергей.

**Железнов** **Жоқ** *(Шығады. Есік ашылғанда Лиза қолында потнос, онда әртүрлі қулып, оның артынан қолында сарай қулыбы бар Прохор Храпов кіреді.)*

**Прохор** *(көңілсіз).* Не үшін қырылысты?

**Лиза.** Білмеймін, жалғыз-ақ оның парошок іш деп сурағанын есіттім.

**Прохор.** Қандай ларошок?

**Лиза.** Дәрі болуы мүмкін.

**Прохор.** Қандай дәрі?

**Лиза.** Қандай екенін мен қайдан білейін.

**Прохор.** Ой ақымақ! Сергейге ешқандай дәрінің керегі жоқ, оның дені сап-сау, оған ауру дарымайды, екеуміз күні бойы тоғыздыққа телміріп коньякты корек еттік.

**Лиза.** Соды парошокі болуы мүмкін.

**Прохор.** Ендешө барып турған ақымақсын! Коньяк содыны керек қылмайды. Неменеге қақыйып тұрсын? Қулыштарды үстел үстіне кой. Ешнәрсені көрмейсін, білмейсін, не үшін саған сыйлық беріп жүрмін, ә?

**Лиза.** Я, сыйладыңыз! Сізді сыйлығыңыз жуырда барлық журттыд көзіне түседі.

**Прохор.** Петеркиннен болғаннан көрі менен болғаны жақсы Былғары креслоны ілгері итеріп қой, Күннен былғары бүлінеді. Оның бағасы алпыс бес сом.

**Лиза.** Күннід бе?

**Прохор.** Қарындасыма сын етіп берген креслоныд деймін Күн түкте турмайды. Әй, тоқтай тур! Сен немене? Тәлкек қыламысын? Дегенмен сенід есіңнен шықпасын! Күннің бе? Кәрі қыз мысықты еркелеткендей қарындасым сені бетіңмен Жіберген екен. Жоғал, көзіме көрінбей!

*(Үстел үстіндегі қағазға көз жүгіртеді. Түшкіреді. «Алты дауыс» әніне салады).*

«Күзгі кеш, күн ыбылыс  
Жапан жүзде жалғыз қыз  
Ғашықтықтың бақытсыз  
Келеді алып...»

Н а т а л ь я (кіреді). Күн қандай жақсы!

П р о х о р. Не болары әлі белгісіз. Тад жаңа ғана атты. Немене сен, ебіл-себіл болып жүрсің? Шашын таралмаған, уйқы-туйқы, ой уқыпсыз.

Н а т а л ь я Есіттің бе, әкемді соттамақшы, болған,

П р о х о р (қорыққантур мен). Кім айтты?

Н а т а л ь я Евгений Мельников.

П р о х о р (отырады). Ах, курғыр... Капитан сырт бере алмады. Міне, саған Железновтар! Міне саған атакты адал атаның туқымы Храповтар көресісін керіп тынды. Капитан біздід кемені жеткізді, ой, журт бетін көре алмайтындай күн туды! Өмірлік тадба болды.

Н а т а л ь я. Мүмкін ақтар?

П р о х о р. Мәселе онда емес! Мәселе сотта, масқаралықта, қайткен күнде де соттайды. Қазіргі модыда: бай болсад айыптысыд. Бай адам бақытсыз адам. Сен түсін, капитан Железновты емес, бізді, Храповтарды соттайды.

Н а т а л ь я. Ешнәрсе істеуге болмай ма?

П р о х о р. Қашқын жүліктердід тығылатын • жері Америкаға кашып кету керек.

Н а т а л ь я. Соттыд аузын алса кайтеді?

П р о х о р. Істеп көрдік. Бул дауды өшіру үшін, қарындасым бір ғана мыдды шашып қойған жоқ. Полицияға да берілді, тергеушіге де берілді. Демек, ештеме шыкпағаны ғой. Енді маған кала бастығы болу жоқ, сені мен Людмилаға, жасауларыд жайнап турса да, өздеріңе дәрежелі адамдардан күйеу табу жоқ. Сендерді маскаралады, былғады әкелерің, иттің баласы, нағылет есалаң.

Н а т а л ь я. Апам ба?

П р о х о р. Әрине сол.

Н а т а л ь я. Ол есалад емес.

П р о х о р. Несіне қызығып осы капитанға тиді екен? Ол өзінен жыйырма жас үлкен.

Н а т а л ь я. Оны көндірген сіз. Ол сіздід дос-жарыңыз.

П р о х о р. Мен, мен бе? Мен бул дүниелік емеспін. Рас, мен көңілшекпін, жаратылысым артис тәрізді. Мен жас кезімде опереттеде күлдіргіш болып ойнаймын деп қыялданғанмын. Ал, ол болса теңізде жүзіп жүрді! Қандай дәреже! Теңізде жүзетін сенделмелер аз ба?

Н а т а л ь я. Апам оны сүйіп пе еді?

П р о х о р. Ай, жоғалшы көзіме көрінбей, егер кыз өз катарынан қалса, ол махаббат емес, ол ессіздік. Егер



дворяндар цыгандарға актриселерге үйленсе, ол біздің купецтер нәсіліне үлгі де, өнеге де бола алмайды.

**В а с с а.** Кім саған үлгі бола алмайды...

**П р о х о р.** Біз мунда Натальямен...

**В а с с а.** Я, мунда Наталья мен екеуінді көріп турмын.

**П р о х о р.** Сергей қалай?

**В а с с а.** Ештеде емес, жүрегім ауырады дейді. Ната айтшы, маған шай берсін...

**Н а т а л ь я.** Онан да бөгет боласын деп тура айтсадшы.

**В а с с а.** Я, бөгет боласын. Ал, шай болса әлі ішке-нім жок. Сен неге айғайлады?

**П р о х о р.** Айғайларсын, соттыд болса назарын аударуға болмайды.

**В а с с а.** Бул жөнінде қыздарға айтпай-ақ кой. Өзім айтармын.

**П р о х о р.** Наталья біледі, оныд өзі айтты.

**В а с с а.** Ал, оғад кім айтқан? (*Людмила ақырын ғана кіреді.*)

**П р о х о р.** Мельниковтыд баласы, қыздар оны бекер жолатады.

**Л ю д м и л а.** Бізге көңілсіз. Ол біздід көңілімізді көтереді, дос қыздарымыз болса, науқас, бізге келмейді.

**В а с с а.** Люда, сен барып, үй жыйыстыруға Лизаға көмектесе ғой.

**Л ю д м и л а.** Менід сенімен бірге болғым келеді. Немене сен эр кезде мені шеттетесін...

**В а с с а.** Іс Людок, шаруашылық.

**Л ю д м и л а.** Шаруашылық та, шаруашылық. А<sup>п</sup> қызы үшін муныд бір минутта уакыты жок.

**В а с с а.** Қазір шай ішемін, сонда келерсід, ал, әзірге бара тур!

**Л ю д м и л а.** Осындайға жылағыд келеді. Мен білемін, әкемді шатасқан деп айтқандығы үшін Прохор ағайға урсасын, әбден білем.

**В а с с а** (*қызының басын сыйпап, оған есікке дейін ертіп барады*). Шатылған деген ауыр сөз емес. Шатылған жазылады, әлде кім шатылдырса, ол жазады. Міне мен емір бойыма әртүрлі шатасуды жазумен келем.

**Л ю д м и л а.** Бул сенід қалжыңың! Шатастыру дегеннің не екенін мен әбден білемін. Мысалы Прохор ағай. (*Васса оның артынан есікті жаппақ болады, жаба алмай-*

ды, шешесінің қолынан шығып кетіп.) Лизаны жүкті қылды, әкемді сөгеді, оны жақтырмайды.

Прохор. Ойламай айта салды, жалпы айтқанда, қарттар махаббатқа сараң келеді.

Людмила. Апамды да жақсы көрмейсін бе?

Васса. Қой енді, жетер, жетер!

Людмила. Неге жақсы көрмейсін? Әкем де мас күнем, сен оны жақсы көресін. Маскүнемдік-ауру және Мельников...

Прохор. Данышпандықтың булағы... қарғыс атсын!

Людмила. Шаншу сыяқтыма қалап. *(Лиза, кішкентай самаурын алып кіреді, оның артынан потнос алып Наталья кіреді. Васса қызын сүйіп, үй ішінде жүреді, әлде бірдеңені тыңдағандай үрейлі. Бірақ, онысын білдірмейді. Тоқтап құлыптарды карайды.)*

Васса. *(ағасына)*. Әлі ойнаудамысын, жалықтырмады ма?

Прохор. Ойын кымбат емес, мүмкін ойын емес шығар?

Васса. Ал, енді не?

Прохор. Я, оны кім білсін? Ескі кулыпты ешкім жыйнамайды, ал мен жыйнаймын. Мунан шыкгы, мың сарыныд ішінде жалғыз мен кара торы. Әрине кулып ол мүлік. Барлығы кулыпталған, барлығы берік, мүлікті бекітіп үйренбесе, онда ол болмағанда болар еді. Жүгенсіз атты үйрете алмайсын ғой.

Васса. Ой шіркін: ақылсыз да емессін ау! Наталия шай құй.

Прохор *(одан көзін айырмайды.)* Сен орынсыз ақша шашасын дейсін, ал мен болсам мына сарай кулыбына жеті сом төледім, ал оған жыйырма бес береді. Мыд кулып жыйнап алып музейге жыйырма мыңға сатам.

Васса. Я, жарайды, жарайды. Қудай оддап бузауымыз бөрі тартқай-ақ *(Людмилаға ойда жоқ жерден қатты дауыстап.)* Әкеңді сүйгенімде мен он беске де толған жоқ ем, он алтымда қосылдым. Я, Федорға екі кабаг кезімде, шай үстінде тройцын күні кыз мейрамында, ерімнід етігіне қаймақ төгіп алдым. Ол маған етігіндегі қаймақты тілідмен жала деп зорлады, мен бөтен адамдарды көзінше жаладым. Біздід фамилиямызды Храповтарды журт жек көретін.

Людмила. Ой, Васса неменеге айтасын? *(Наталья*

куш бойы самауырдың ар жағында шешесін байқап отырады.)

В а с с а. Ойынпаз еді.

Л ю д м и л а. Қалжыңдайтын ба еді?

В а с с а. Наталья, бурғымен диуалды тесіп, әкеңнің қызығына батқаның есінде ме, еді?

Н а т а л ь я. Есімде.

В а с с а. Содан кейін жүгіріп келіп қу аналарды, қу, деп айқайлаған едің ғой.

Н а т а л ь я. Есімде, бул сіздід үй сотын құрғаныңыз ба?

П р о х о р. Қандай күйдіргі?

В а с с а. Сөйтіп, есінде екен Наталья? Өте жақсы, \* зейінсіздік болмайды. Тоғыз бала таптым, сонан үшеуі-ақ қалды. Біреуі өлі туды. Екеуі қыз, жасқа толмай, ул балалар беске толмай өлді. Ал біреуі жеті жасында өлді. Солай қызым, мен муны сендерге ерге шығуға асықпасын деп айтып отырмын.

Л ю д м и л а. Сен булай еш уақытта айтпаушы едің ғой.

В а с с а. Уақыт болмайтынды.

Л ю д м и л а. Неге олардың барлығы өліп, біз тірі қалдық?

В а с с а. Я, осындай сендердің бақыттарың, олардыд өлгендігі нашар туғындықтан, нашар тууы әкең көп ішіп, мені жиі уратындығынан болған. Оны Прохор ағай біледі.

П р о х о р. Я ондай болатын. Болды да. Капитанның қолынан оны айырып алған күндерім болды. Ол адамды уруды, матростарды урудан үйренген, келістіріп урушы еді.

Л ю д м и л а. Ал, сенід неге әйелің жоқ?

П р о х о р. Әйелім болған, бір оперетте де мынадай деп елең айтады:

«Үйлену бізге оп-оңай,  
Бірақ қыйын бір туру».

Л ю д м и л а. Сенід өлеңнің бәрі бір келкі.

П р о х о р. Мундай өлеңдер Өте жедел. Сөзін есідде жақсы сақтайсын. Мен әйеліммен терт жыл турдым. Онан артық туруға болмады. Жалғыз туру тыныш, өзіңе езід қожасың, басканыд жүйрігі турғанда, өз атыңның керегі не?

Н а т а л ь я. Федор бізбен бірге тура ма?

В а с с а. Жазылса әрине.

Н а т а л ь я. Рашель де?

В а с с а. Ал... енді қайтетін еді?

Л ю д м и л а. Рашель қандай жақсы.

Н а т а л ь я. Олар әкеме сот болғаннан кейін келе ме?

В а с с а. *(қызынып)*. Көп нәрсені білгің келеді Наталья, сенід бул әуестенуің жақсы емес.

Л ю д м и л а. Ашуланбашы, керегі жоқ.

Л и з а *(қорыққан түрмен)*. Васса Борисовна, Сергей Петрович?..

В а с с а *(шошынған сыяқты, бірақ салкын қанмен)*.  
Немене, шақыра ма?

Л и з а. Ол кісі менімше қайтыс болды.

В а с с а *(ашуланып)*. Есіңнен тандың ба! *(Тез шығып кетеді. Людмила оның артынан кетеді, Наталья түреге-леді, нағашының ағасына қарайды, ол сасқан түрмен оған қарайды.)*

П р о х о р. Тіпті аяқтарым қалтырап барады. Бар Натка, бар сондайлық не болды оған?

Н а т а л ь я. Егер өлгені рас болса, онда сотталатын ешкім жоқ.

П р о х о р. Бар деймін. *(Жалғыз өзі калады, суық шайды ішеді, өз өзінен міңгірлейді.)* Міне, солай шайтан! Курып кеткір, уһ!

Л и з а. *(жүгіріп кіреді, қорыққан түрмен дау сын бәсеңдетіп сөйлейді)*. Прохор Борисович, муның мәнісі қалай? Ол сап-сау еді.

П р о х о р. Не қалайы болушы еді? Бар еді, енді жоқ. Мүмкін талып қалған шығар!

Л и з а. Тіпті сап-сау еді, Прохор Борисович, ма-нағы парашок ше?

П р о х о р. Немене? Бул сен... *(Ашуланып, оның алқымына жабысып сілкиді.)* Егерде сен кара бет муны есіңнен шығармасаң. Егерде сен оқ жылан! Қайдағыны қайдан ойлап шығардың, ә? қалай сенід батылың барып айтасын? *(Оны итеріп жібереді. Қасқа басының терін сүртеді)*.

Л и з а. Барлығын айтуға буйырған сіздің өзіңіз емес пе?

П р о х о р. Нені айтуға? Не көрдің, не білдің сол жө-нінде ғана айт. Ал, сен не көрдід, ештеңеде көрген жоқ-сын, ойлап шығардыд, ойлап шығардың жылан! Жоғал

көзіме көрінбей, есі алад, көрсетермін саған парашокты. Бул сөзді умыт мүлдем! *(Куып жіберіп, үй ішінде олай-булай жүреді, есікке барады. Одан әрі аяқ басуға болмайтын сыяқты. Васса, Людмила олардың артынан Петеркин кіреді.)* Немене Васса, шын ба екен?

В а с с а. Я, қайтыс болыпты.

Л ю д м и л а. Апа, лабырды алайын ба?

В а с с а. Жарайды, ал *(Петеркин лабырлы катканы домалатады, Людмила терезе алдынан гүлді алып шығып кетеді де, аздан соң қайтып келеді.)*

П р о х о р. Таң қаларлық, қалай ол? Сап-ау еді. Біз онымен таңғы төртке дейін...

В а с с а. Коньяк іштіндер ме?

П р о х о р. Рас, маған жаңа Лизовета айтты, сен оған парашок?..

В а с с а. Жүрегім күйеді дейтін еді, соды сураған болатын.

П р о х о р *(қуанып)*. Соды? Еһе!

Л ю д м и л а. Прохор ағай, қандай сіз мейрімсізсін! Әкем қайтыс болды, ал сен күлесін, муныд не?

П р о х о р. Ештеме етпейді Людок.

В а с с а *(телефон соғады)*. 6—53, рахмет, кім? Сіз бе? Яков Львович. Біздікіне келуіңізді сураймын. Жок, қазір, бөгелместен келдіз. Сергей Петрович қайтыс болды. Жок, дені сап-сау еді, мүлдем кетті... қалай екенін ешкім білмеген, сураймын.

П р о х о р. *(жай ғана көңілденіп рыйзалықпен)*. Ерсін сен Васса, кұдай ақы ерсін!

В а с с а *(сасып, таңданып)*. Бул не тағы, немене сен сандырақтайсың Есіңді жый акымак!

*Ш ы м ы л д ы қ.*

## И А К Т

Бір неше ай өткен. Баяғы көңілді бөлме. Васса оылары креслода оғырады. Тақтыда Людмила, Наталья, Анна, Евгений, Мельников. Шай ішилген, самаурын, шыны аяқтар жыйналмаған кеш, шам жағылған, бірақ үй күңгірт көлеңкелеу, бақшада ай, қара ағаштар.

В а с с а. Міне, сендерге бұрынғы кездегі істейтін тойды салтанаты жөнінде, бұрын әйелдердің ерлері мен қалай өмір сүргені жөнінде айттым.

А н н а (*жай ғана*). Өте қорлықта тұрған.

Н а т а л ь я. Және өте есуастықта.

Л ю д м и л а. Васса, адам неге бақытсыз?

Е в г е н и й. Есуас болғандықтан бақытсыз.

В а с с а. Не үшін бақытсыз екенін мен білмеймін Людка! Есуастықтан екенін міне, Онегин мен Наталья біледі. Бірақ, солай десе де, Өзім де көргенім бар, ақымақтарға Караганда ақылдылар бақытсыз.

Е в г е н и й. Егерде байлар кедейлерге қараганда ақылды деп уйғарсақ...

В а с с а. Байлар әрине ақылдырақ, бірақ, олардың корген күнін, сүрген өмірін иткө берсін және байлар кедейлер сыяқты шын жүрегімен қуанып, күле алмайды.

А н н а. Ол рас.

Н а т а л ь я. Ендеше кедей болып туру керек.

В а с с а. Дәл соныд Өзі, шынында солай. Сен ссылай ет Натка, сынап көр. Онегинге күйеуге тиде тұрып көр. Ол жаяу әскерде подпоручик болады. Ал, сен полк келіншегі боласын. Ондайлар бар. Мен саған жасау бермеймін. Қырық сомдық айлықпен турасындар. Бұл ақшаға: киініп, ішіп-жеп, қонақ шақырып, оларды күтүлсе-

рід керек. Балаларды да осы акшаға асырап өсірулерің керек. Солай...

**Н а т а л ь я.** Мен бала таппаймын. Бақытсыздардың санын көбейтудің не керегі бар?

**В а с с а.** Бул әрине естілік. Шынында не керегі бар? Сонымен Онегин сенің келешектегі табысың қырық сом, қызметің деншіктік, жасық ет алып қуырдақ қуырасындар.

**Е в г е н и й** (*қабағын түйіп*). Мен, мүмкін флот қызметіне кетермін.

**Л ю д м и л а.** Мен де ерге тимеймін, өте қорқынышты. Онан көрі өсімдік бақшаларын, аран жерияларды, әлпі көкарайын аралап, серуен еткенім артық.

**Н а т а л ь я.** Муныд барлығында қайта қуру керек. Некені де, бүкіл турмысты да бәрін де қайта қуру керек, бәрін де.

**В а с с а.** Міне сен қолыда ал да қайта қур, Горий Кротких неден бастау керек екендігін үйретеді.

**Н а т а л ь я.** Онсыз-ақ өзім білем, революциядан бастау керек.

**В а с с а.** Революция, лап етті де жанып кетті, жалғыз-ақ түтіні қалды.

**А н н а.** Сіз мемлекет думасы жөнінде айтасыз ба?

**В а с с а** Мейлі сол жөнінде-ақ болсын. Онда шала пысылдайды. Жас ағаш әрең жанады. Ал Горий Кротких болса үйретеді. Ол менде екі жүз сомға шаруашылық ісін үйретеді. Саған революцияны қалай жасауды он бес сомға үйретеді. Әр сабағына елу-ақ тыйын. Маран қызмет істеймін деп келгенде шалбары қырық жамаулы еді. Жақында театрда көрдім, әйелінің үстінде алтын таққан киімдер, жарқ-журқ етеді. Солай қыздарым. Демек Онегин матрос болуга ойыд бар ма?

**Е в г е н и й.** Ол әлі шешілген жоқ. Сіз неге мені Онегин дейсіз?..

**В а с с а** Шешуід керек. Саған унтир болатын уақыт, ал сен болсад әлі кадетсін. Онегин деп сені атаймын...

**Н а т а л ь я.** Ол Онегинге усамайды.

**В а с с а.** Солай ма? Оныд да осындай сырты жалтырақ, іші қалтырақ. Мейлі, әрине, 'Ната оныд кімге ұқсайтынын сенің білуід керек қой.

**Н а т а л ь я.** Еш кімге де емес.

**В а с с а.** Адамдардыд біріне де?

Е в г е н и й. Сіздің ойыныңызды қайсы, шыныңыздың қайсы екенін түсіне алмаймын. Таң қаларлық!

В а с с а. Сен ашуланба, өкпелеме, түсін. Мен саған айтайын: біздің затонда көтеріліс болып, солдаттар келгенде слесарь Безломсов подпоручикке былай деді: — тақсыр, сіз дейді, қырық сом аласыз, ал мен жетпіс бес сом табамын, оны жүзгеде жеткізе алам. Сіз сүйтіп, дейді, байларға қызмет ететін болсаңыз, ал, мен сізден көрі баймын, олай болса мен сыяқты байға адраддауыңыз келіспейді.

Е в г е н и й. Муның несі қызық екенін мен біле алмадым.

Н а т а л ь я. Апам адамды ыза қылуды жақсы көреді.

В а с с а. Сол үшін де күнәлімші. Мен журттың досы емеспік!

Л ю д м и л а. Бул дурыс емес Васса!

В а с с а. Жок, дурыс. Дос емеспін я жарайды. Сөйлестік, мылжыңдастық, өз бөлмелеріңе барындар қыздар, ал мен оны-муны шаруашылық қызмет істеймін... Анна сен қал! Ал кеттік, кеттік! Кешкі тамақ кезінде көрісерміз. (Аннаға). Ал немене, Евгенийді әкесінің «Союз русского народа»ға жазылғаны рас па?

А н н а. Рас.

В а с с а. Ол ақымақ, муны баласы үшін істеп жүр ғой. Женканы болса Кадетский корпусы қуып шықпақшы. Ал, ана ақшасы көп ақылсыз неме, менің қыздарымды бузама деп қорқам.

А н н а. Менімше, Наташа іші пысқандықтан онымен сөйлеседі.

В а с с а. Кеділсіздік көк айылдың досы емес.

А н н а. Сергей Петрович қайтыс болғаннан кейін ол көп қайғыратын болды. Әрине, алып қашты сөздер?..

В а с с а. Алып қашты сөздер әлі қурыған жоқ па?

А н н а. Я.

В а с с а. Ал, сенің езің алып қашты сөзге сенесің бе?

А н н а. Жок, мені тек Лизаның өзін-өзі елтіргені қайран қалдырады. Не үшін екенін түсіне алмаймын. Сондай сүйкімді, жас күнінен сіздікінде болды, бәрі оны жақсы көруші еді.

В а с с а. Бул Прохордың қылығы, ол оны әлде немен қорқытқан.

А н н а. Ол онымен тұрып па еді?



В а с с а. Ол зорлады. Елизавета моншада иіс тиіш өлді дегенге журт сенбей ме?

А н н а. Бір азы ғана сенеді...

*(Поля кіреді.)*

В а с с а. Саған немене керек? Ал неменеге сүмірейесін, сөйле...

П о л я *(ақырын ғана)*. Бір әйел келіп тур.

В а с с а. Ол кандай әйел? Мезгілсіз уақытта...

П о л я. Аты қыйын... Моисеевна.

В а с с а. Кім? *(Тез жүгіріп барып тоқтайды.)* Қыздарға ештеде айтпа, бірақ білсін. Маған ешкімді де жіберме... *(Поляға.)* Мына самауырды шығарда кішкене-сін қой. *(Кетеді.)*

А н н а. Ал, қалай, дағдыланып келесін бе?

П о л я. Қыйын, мен қыздарға ғана қызмет етемін, бәйбішенің қызметкері бөлек болатын шығар деп ойлап едім. Прохор Борисовичқа малай керек. Мен оны күте алмаймын.

А н н а. Қол сала ма?

П о л я. Сондай уятсыз, кудай сақтасын. Міне, қазір көйлекшец жалад бут қыдырып жүр. Бірдемені қайта-кайта сөлед қылып, ызылдап айтады. Кеше журттың бәрі уйқтауға кіріскенде ол темірін салдыратып өлең айтып жүр, ол адамның сондай ішін пыстырады. Анна Василеевна, оның өзі кандай адам?

А н н а. Жарым ес, яғни маскүнем.

П о л я. Мен сізге сондай рыйзамын. Үйі жақсы.

А н н а. Ал, адамдары жаман демекшімісін?

П о л я. Мен журтка сот емеспін, өзім сотталған адам. Ақталсам да түрмеде отырдым. Айтпакшы, бұрынғы қызметкер әйел моншада асылып өлген деседі.

А н н а. Ол өтірік. Моншада иіс тиіп өлді. Моншаны жағып жүріп иіс тигізген, ол екі қабат еді.

П о л я. Көрдіңіз бе міне, екі қабат.

Л ю д м и л а *(қолында дөңгелек скамейка, оның артынан бір өсімдік егілген бір катканы алып Петеркин кіреді)*. Міне, мына жерге код. Оған көбірек күн керек, дурыс қоймадың, ортасыда таман жылжыт.

П е т е р к и н. Естіп турмын. Осылай ма? *(Ол бір тізерлеп тұрып сұрайды.)*

Л ю д м и л а. Жақсы, сенід шашыд қандай жаман, катты шығар?

П е т е р к и н. Жок, қатты емес нанбасаң устап көр

**Людмила** (*қолын самайына апарып*) Дәл арыс-ганның түгіндей.

**Петеркин.** Міні бул айтканыңыз дурыс, осылай деп бәрі айтады,

**Людмила.** Бәрі кім?

**Петеркин.** Таныстар, былайша айтқанда, журт.

**Людмила.** Неге сен тізерлеп отырасын?

**Петеркин.** Сіздід алдыңызда тізерлеп туру маған сондай рахат.

**Людмила.** Я, ойыңнан шығара салдың, мен еш уақытта еркектер алдында тізерлеп турмаған болар едім.

**Петеркин.** Сіздерден олай етуді сурамайды да, -оныд өзі сіздің алдыңызда тізерлеп турады. Сіз еркекке не істеймін деседіз де құдіретіңіз келеді.

**Людмила.** Маған ештеде де керек емес, керек қылмақ емеспінде.

**Петеркин.** Ол ©з еркіңіз.

**Людмила.** Тура турыңыз мунан нені алуға болатынын бақшыдан сурайын. (*Кетеді*).

**Анна** (*өз бөлмесінен*). Әлің білмеген әлек деген Петеркин.

**Петеркин.** Сен қызғанбай-ак кой. Кайдан білесш? Әлі бәрі болуы мүмкін, бәрін де істеп көру керек.

**Анна.** Егерде Васса сенід бул сыякты өзіңің жөнін де естісе?..

**Петеркин.** Кімнен естиді?

**Анна.** Үйде бір минутте турмай қуылып шығарсын

**Петеркин.** Сен болсад айтпайсыд, ал, Людмила болса ойынның мәнісіне мезгілі ©тіп кеткесін түсінеді. Сен бөгет болма. Маған бөгеттік етуден саған түсер пайда жок. Сен өз сыбағанды дер кезінде алып турасын. Ал, мені болса ертең қуып жіберуі мүмкін, онда сенін ісің де оңға баспақ емес.

**Анна.** Маған бәрі бір, дегенмен сені қожалар катарында көру маған корлық тәрізді.

**Людмила** (*қайтып келеді*). Бар Петеркин, енді ештеңенің керегі жок.

**Петеркин.** Сіздід бүгін және емір бойыңызға бакытты болуыңызға тілектеспін.

**Людмила.** Өзі қандай тіл алғыш...

**Анна.** Я.

**Людмила.** Сондай жақсы билейді.

А н н а. Дегенмен, Люда, одан сақ болғайсын '

Л ю д м и л а. Ол маған не қылмақшы!

А н н а. Бала жасауы мүмкін.

Л ю д м и л а. Пу, қандай жеркеніш.

А н н а. Бала ма?

Л ю д м и л а. Сен, сен жеркенішті бықсық сөз айта-сын. *(Кетеді)*.

А н н а *(оның артынан)*. Мен бала жөнінде айтсам, ал ол...

В а с с а *(қолымен нұсқап Анна мен Поляны қуып шығады, Рашель жасы отыздан асқан, сыпайы әдемі. киінген, жігерлі сулу)*. Ал, ал Рашель, отыр, сөйле: кайдан келдід, қалай келдің?

Р а ш е л ь. Шет елден қайттым.

В а с с а. Әрине, түсінікті, өткізді ме?

Р а ш е л ь. Жок, музыкантшы мен серіктес ретінде келдім.

В а с с а. Сүйтіп кісі паспортымен өттің ғой? Қандай батылсың, ер екенсің, бұрынғыңнан да сулуланғансың, я, сол сыяқты сулулықпен, жарайды! Федор қалай? Шынды айт.

Р а ш е л ь. Шындықты жасыру менің ісім емес. Федяның, Васса Борисовна, адам болатын түрі жоқ. Күннен күнге нашарлап барады. Дәрігерлердің айтуынша оның екі үш айлық-ақ өмірі қалған.

В а с с а. Демек, капитан Железновтың баласының қыршыны қыйылғаны ғой.

Р а ш е л ь. Я, жудеу, қу сүйегі қалды деуге болады. Өлетіндігіне Өзінің де көзі жеткен. Дегенмен бұрынғыдай жайдары, ал, менің Колям қалай?

В а с с а. Федор Железновтың қыршыны қыйылды Мирасқорым менің, барлық шаруашылықтың иесі.

Р а ш е л ь. Коля уйықтап жатыр ма?

В а с с а. Коля ма? Білмеймін, уйықтап жатқан болар.

Р а ш е л ь. Оны көруге бола ма?

В а с с а. Болмайды.

Р а ш е л ь. Неге?

В а с с а. Ол мұнда жоқ.

Р а ш е л ь. Рухсат етіңіз! Сіз... Мұныд мәнісі қалай?

В а с с а. Нө мәнісін сурайсың? Коля ауылда, қарағай Рощасында тұрады. Онда кумды жер, Өте жақсы. Оған

калада туруға болмайды. Тамағыныңд баспасы бар. Оны ата-анасы нашар саулықпен сыйлаған.

Р а ш е л ь. Ол алыс па?

В а с с а. Алпыс шақырымдай.

Р а ш е л ь. Мен онда калай барып кайтам?

В а с с а. Саған онда барудың хажеті жоқ. Кәне Рашель, ашық сөйлесейік!

Р а ш е л ь. Өлді ме?

В а с с а. Олай болса сөйлесудің хажеті жоқ. Кыскасы бәрі айтылды. Жоқ — тірі, сау, жап-жаксы, ап-ақылды болып Әсіп келеді. Оныңд саған не керегі бар?

Р а ш е л ь. Мен оны шет елге жіберейін деп ойлаған едім. Онда менід апам бар, оныңд күйеуі химияныңд профессоры. Олардыд баласы жоқ.

В а с с а. Рашель баласын өз тобына алып барар деп Әзім де ойлаған едім. Жоқ мен саған Кольканы бермеймін! Бере алмаймын.

Р а ш е л ь. Муныд мәнісі калай? Мен — анасы!

В а с с а. Ал, мен—әжесі. Сенід енед, ененід кім екенін білемісін. Ол барлығыныңд түп тамыры. Тукымныңд улығы. Балаларым қолым, немерелерім — саусығым, түсіндід бе?

Р а ш е л ь. Улыкшат етіңіз! Мен сізге түсінбеймін. Муны сіз шын айтып отырсыз ба? Бул... топан суы каптаудан бұрынғы сыяқты... сіз ақылды адамсыз, сіз булай ойлайды деу еш мүмкін емес.

В а с с а. Сөзді боска расуа етпеу үшін сен үндеме, тыдда — Коляны саған бере алмаймын.

Р а ш е л ь. Олай болуға мүмкін емес!

В а с с а. Бермеймін, ойлан, маған не істейім ғой дейсід? Ештедеде кыла алмайсын. Задға келсед сен заднан шыккан адамсың. Зац сенің революционер екенінді, кашкыд екенінді біледі. Өзідді білдірсең — түрмеге қамайды.

Р а ш е л ь. Қалайша сіз менің калыммен пайдаланбақсыз? Мен оған сенбеймін! Сіз муны істей алмайсыз, баламды қайтып бересіз.

В а с с а. Болмайтын нәрсені айтасын. Бул айтылғандардың бәрі бос сөз. Қалай дел шешшем, сол болмақ болдырамын да.

Р а ш е л ь. ЖокГ

В а с с а. Ақырма! Жай. Коляны' саған бере алмаймын. Оған баска дағдыр арналған.

Р а ш е л ь. Немене сіз, айуансыз ба?

В а с с а. Мен саған ақырма деймін! Бул айкайдын керегі не? Мен айуан емеспін, айуан баласын тамактандырады да, бар, өз күнідді өзің көр, дейді. Қалай қылсаң олай қыл, ол ©з еркін, тілесед тауық, же, тілесен бузау же дейді, әрине әңгіме қоян жөнінде болып отырған жоқ, әңгіме онан күшті айуандар жөнінде болып отыр. Ал, сен болсаң өзіңнің балапаныңды дайын олжаға жібермейсін. Ал, мен де өз нөмеремді еш жаққа жібермеймін. Менің немерем Храповтар мен Железновтың пароход шаруашылығының мыйраскору, миллион істід жалғыз мыйраскору сол, оның апалары Наталья мен Людмила ол малдан азғана алады, мыйсалы елу мыңнан, оларға ол да көп. Қалғанының барлығы онікі.

Р а ш е л ь. Сіз кателесесіз. Егерде осымен мені сатып алмақ, болмаса жұбатпақ болсаңыз, кателесесіз. Булай болуға еш мүмкін емес.

В а с с а. Сені сатып алып кайтпекпін, несіне жұбатам? Сен, Рашель, білесің, мен сені душпанға санағаным жоқ. Керек десе менен баламды қашықтаттырғаныңда да сені душпанға санағаным жоқ. Ол ауру, менің неме тулға болады. Одымен жылы шырайлы болғаным да жоқ. Және сенің оды жақсы көретініңді білем. Мен саған сонда-ақ ашып айтқам. Жақсы көр, ауруға аз да болса жұбаныш керек. Мен тіпті Федор үшін саған сондай рыйза болғанмын.

Р а ш е л ь (*шыдамай*). Муның бәрі өтірік! Бул... жеркедіш. Мен буған сене алатын емеспін... бул... айуандық!

В а с с а. Сенбейсін! Суйте тура урысасың. Ешнәрсе етпес, урса бер, сен сол үшін урсасың, үйткені түсінбейсін. Сен ойлан, балада не бере алмаксын? Мен сені білемін, сен кайсарсың, сен бір беттеген бетіднен кайтпайсың. Саған жаңадан революцияны коздыру керек. Маған шаруашылығымды нығайту керек. Сені тур меден түрмеге, бір шеттен бір шетке айдайды. Ал, бала жат адамның қолында турады, жетім болып шет елде өседі. Рашель, сен менің пікіріме қосыл. Саған баламды бермеймін, бере алмаймын!

Р а ш е л ь (*окай қомсынып*). Я сіз муны істей аласыз. Мен түсініп отырмын. Сіз, керек десе мені жандармға устап бере аласыз,

**В а с с а.** Муны да істей аламын. Барлығын істей аламын, ойнағансың ойдаған сыяқты ойнау керек!

**Р а ш е л ь.** Сіздід жабайы сезіміңізді немен оятуға болады? Не мен айуанның жүрегіндей жүрегіңізді ерітуге болады?

**В а с с а.** Тағы айуан. Мен саған айтайын: адам айуаннан да жаман! Жаман! Мен оны білемін! Сондай адамдар бар, ондайларды көрген де дүниеден безіп кеткін келеді. Ол қусағандардың тас-талканыш шығарып, барлығын өртеп, барлығының киімдерін шешіп тырдай жаладаштап, аштық пен өзектерін талдырып, тарақандай таптау керек. Олардың дауасы міне сол.

**Р а ш е л ь.** Бар болғыр! Шынында, сіздід осы жек көрушілігіңіздің өзінде бағалы әлде бірдеделер бар...

**В а с с а.** Сен Рашель ақылдысыд, мүмкін, сен менің кызым болмағаныда әлде неше рет пышайман жеген шығармын. Умытпасам, муны саған айттым да! Мен не ойлағанымның бәрін айтам.

**Р а ш е л ь** (*сағатына қарап*). Сіздікінде коньп шығуға бола ма?

**В а с с а.** Ал енді кайтетін едід? Қон, жандармдарға білдірмеймін. Кыздар сені көргеніне куанады. Олар сені жаксы көреді. Ал Коляны болса саған бермеймін. Муны біліп қой.

**Р а ш е л ь.** Я, оны кезінде көрерміз!

**В а с с а.** Ұрлағың келе ме? Ол ештеде емес.

**Р а ш е л ь.** Жоқ, ол жөнінде мен енді сөйлемеймін Шаршадым, күйіндім, оныд үстіне сіз, ойда жоқ жерден өре түрегелдідіз. Сіз хауіпті адамсыз. Сізді тындап отырғанда дүниеде шынымен қылмысты адамның кейпі бар екед деген ойға келесід.

**В а с с а.** Бәріде бар, жамад ештедені ойлап табалмайсын. Үйткені бәрі ойланып, кесіп пішілген.

**Р а ш е л ь.** Сіз қусағандардыд, сіздід табыңыздың, үстем таптың, өмір сүруіне көп қалған жоқ. Екінші кожа өсіп келеді, алып күш өсіп келеді, ол сіздерді илеп таптайды.

**В а с с а.** Ой қандай қорқынышты! Аһ, Рашель, егерде мен бұған сенген болсам мен саған: мә, менің барлық байлығымды, барлық қулығымды ал деп айтар едім.

**Р а ш е л ь.** Бірақ, бул жөнінде сіз өтірік айтып отырсыз.

**В а с с а.** Я, сенбеймін саған пайғамбар, сене алмаймын,-сен ойлағандай болмайды. Жоқ!

**Р а ш е л ь.** Ал, сіз болмағанына ©кінесіз бе? Солай ча?

**В а с с а.** Ал өкінсем ше? Я сен!.. Менід байсымағым барлық пароходты, пристаньды, барлық үйді, барлық шаруашылықты — бір түнде картаға утқызды, мен қуандым! Я сен—сенбе қуандым. Ол картаға ақырғы жүзігін салып — барлық утқызғанды, артығымен, қайтадан утып алды. Ал сонан кейін сен өзің білесід, ол дүниө шашып, серуендікке түсті. Міні мен онбес жылға жакын, осы жүкті біздід мол дүниелікті ыйығыма салып сүйреп келем, балалардыд какы үшін сүйреп келем. Канша күш сарып еттім мен. Ал, балалар .. менід барлық үмітім, жұбанышым және менід сіңірген еңбегімнің жемісі немерем.

**Р а ш е л ь** Ойланып көріңіз... сіздердің арам—былық істеріңіздің курбаны, нас олжаларыңыздың дәлелі менін балам дегенді есту маған сондай қуаныш деймісіз?

**В а с с а.** Қуаныш емес пе? Ештеде қылмас. Мен де сенен бірен-саран ащы сөзді есіттім. Кел шай ішелік, қыздар алдында сыпайылық сақтайық, осылай ма?

**Р а ш е л ь.** Менід жасырын келгенімді оларға айтудың керегі жоқ. Және біздің урыс, таласымызды да олардың білуінің хажеті жоқ, үйткені олар төреші бола алмайды ғой.

**В а с с а.** Түсінікті, — керегі жоқ! (*Поля есік алдында*). Қыздарды шақыр, кадеттід керегі жоқ деп айтты де, ол есті мес үшін жай ғана айтқайсын, самаурын келтірсін, бар. Міні, біз қалай көрістік Рашель!

**Р а ш е л ь.** Жаксы көрісу болды.

**В а с с а.** Не ғылу керек? Тек балалар ғана көңілді турады Ол да көрек емес.

**Р а ш е л ь.** Алайда, муның бәрі сыйымсыз сыяқты.

**В а с с а** (*аяғымен орындықты итереді*). Ал, қалайша сыйымсыз?

**Л ю д м и л а** (*жүгіртіп кіреді, оның артынан Наталья кіреді*). Ой, мынау кім, бу не, Рашель,.. Рашель!

**Н а т а л ь я.** Неге телеграмма бермедің?

**В а с с а.** Натка сурауды жаксы көреді, оған «амансыцба» десе, ал, ол неге деп сурайды.

**Р а ш е л ь.** Сен Людя өзгермегенсін, әлі бұрынғыдай

сүйкімдісін. Тіпті осы екі жылдыд ішінде өспеген де сыяқтысың.

Л ю д м и л а. Ол жаксы емес.

Р а ш е л ь. Әрине — жок. Ал Ната болса...

Н а т а л ь я. Қартайдым.

Р а ш е л ь. Қыз жөнінде жігіт болыпты деп айтуға болмайды, бірақ сол сықылды пікірге келуге болады.

Н а т а л ь я. Жетілді, ояға келіпті дейді.

Р а ш е л ь. Ол баскалау! *(Кыздар Рашельді көргендеріне қуанышты: Рашель Вассадан көзін алмай сөйлейді. Кыздар оны тақтыға апарып отырғызады. Васса тыныш, асықпай жайласып отырып шай дайындайды).*

Л ю д м и л а. Отыр, сөйле.

Н а т а л ь я. Федор калай? Жазылып келе ме?

Р а ш е л ь. Жок, — халі нашар.

Н а т а л ь я. Неге оны қалдырып, кетіп қалдың.

Р а ш е л ь. Балам үшін, Коля үшін.

В а с с а. Ал, мен оны шет елге жібермеймін.

Л ю д м и л а. Раша, сүйкімдім Коля қандай жаксы, ақылды, жүректі. Ол орман ішінде Хамутовада турады, өте жаксы село. Онда жаксы карағайлы орман бар.

Н а т а л ь я. Оны Богодуховадан алып келіп пе еді?

Л ю д м и л а. Богодухов — олда жаксы! Онда Литова рошасы бар.

Р а ш е л ь. Оның қайда екенін сендер де білмейді екенсіңдер ғой?

В а с с а. Келіддер.

Р а ш е л ь. Сен калай турасын, сейле!

Л ю д м и л а. Мен — ете тамаша турамын. Міні, көресід бе көктем. Біз Васса екеуміз бауда жұмыс істей бастадық. Ертемен ол келіп: «тур!» шай ішеміз де бауға кетеміз. Ах Раша! білесізбе бау қандай болды. *(Анна кіреді, ундеместен Рашель мен амандасады. Вассаға бірдеме айтады, екеуі шығып кетеді).* Оған шыкпен оүркелген кезінде кірсед зер ока сыяқты жалт-жулт етеді. Тіпті жүрегід жарылғадай қуанасың, сондай әдемі! Мунан үш жыл бурын жүз сомға гүлдің урығын сатып алғыздық. Қалада біздің гүлдей еш кімнің гүлі жок. Менде бақшашылық жөнінде кітап бар. Неміс тілін оқып жүрмін. Сүйтіп манахтарша, мылкауша ундеместен істейміз. Ештеме айтпаймыз. Бірақ, не ойлағанымызды білеміз. Мен әлде бірдеңені сөлед кылып айтам.



Айтпасам Васса айт деп айқайлайды! Әлде кайда алыста оныд сүйкімді жылы шырайлы жүзін көрем.

Р а ш е л ь. Сүйтіп турмысыд көңілді ғой? Солай ма?

Л ю д м и л а. Я, тіпті кейде, содан қысылам да... бір түрлі таң каларлықтай көділдімін.

Р а ш е л ь. Ал, сенде Ната?

Н а т а л ь я. Мен, мен танданам.

П р о х о р (*ішкен, қолында гитары*). Б-ба п-пақып {Ән салады.} «Қайдасын сен сулу жас, ой қалай сулунаньш кеткенсін?»

Р а ш е л ь. Ал, сіз бұрынғы қалпыңызда сыз ба?

П р о х о р. Жаксы да емес, жаман да емес, бұрын қандай болсам қазірде де сондаймын.

Р а ш е л ь. Сауық курасыз ба?

П р о х о р. Тап өзі, ол менің негізгі кәсібім. Ең негізгі белгі ақкөділ, сауықшылдық. Бул жаратылыстың маған бергені, менің табиғатым. Капитан Железнов кайтыс болды. Сүйтіп, үй мен шаруашылықтың дәріпі үшін қазір екі адамның орнына жалғыз өзім серуендеп жүр-ніш.

Р а ш е л ь. Оныд ауырғанына кеп болды ма?

П р о х о р. Бұл — дұрыс, көптен уақыт еді. (*Людмила күледі.*)

Р а ш е л ь. Мен дұрыс сурамаптын узақ аурды ма?

П р о х о р. Капитан ба? Ол — ауырған жок. Ол мүрдем кетті. Сүйтіп—иманы үйіріліп дуға оқылды.

Н а т а л ь я. Ағай — қойыңызшы, бул уятсыздық!

П р о х о р. Дуға оқылды дегеннід не уяты бар? Уятсыздық? Сен кыз маған үйрет пе, үйретуге жассын! Сен қайдан келіп шықтың, өмірді ойран етуші, Швецариядан ба? Федор тірі ме?

Р а ш е л ь. Тірі.

П р о х о р. Нашар ма?

Р а ш е л ь. Я, нашар.

П р о х о р. Железновтыд тукымы тураксыз, бос. Біз Храповтар мықтырақпыз. Айтпакшы, сенід балад жаксы разбойник! Пысық, көрген-білгенін умытпайды. Әлде қалай, тамақ үстінде Железнов екеуміз урсып қалдық. Ертеңіне мен амандастым. Аманбысын Коля десем, ол жоғал, маскүнем, сумкадам дейді! Өлтірді. Ертеңгісін еді, мен болсам мас емес едім... Мунда не істеп отырсыңдар, шай ішіп отырсыңдар ма? Шайды арбакештер ішеді, инабатты адам шөлін виномен кандырады. Қазір

Ол келеді. Портвейін, ол сондай портвейін, ондайды **Испаншылар** ешуақытта исиеп те **көрген** емес. **Міне** Наталья біледі.

*(Кетеді, Васса қарсы шығады).*

**В а с с а.** Клубта не окыйға болды?

**П р о х о р.** Клубта ма? Ал оны сен қайдан білесің?

**В а с с а.** Телефон арқылы.

**П р о х о р.** Саяси мәселе жөнінде төбелес болды  
Жайдан жай.

**В а с с а.** Сен жөнінде тағы газетке жазады.

**П р о х о р.** Не үшін? Мен бірақ рет салып қалдым  
Ол думаға қарсы үрді. Ал мен оныд тумсығын буздым

**В а с с а.** Тыңда, Прохор...

**П р о х о р.** Қазір келемін, сосын тыңдаймын. *(Өлең айтады.)* «Орынсыз мені азғырма»...

**Л ю д м и л а.** Қандай қызық өзі, рас емес пе? Ол тіпті көп ішетін болған және Наташаны да үйретіп жүр

**Н а т а л ь я.** Әлде қашан үйретті.

**Р а ш е л ь.** Бул шын ба, Ната?

**Н а т а л ь я.** Я, маған вино өте унайды. Мастығындә унатам.

**В а с с а.** Бул жөнінде урып жатқан жан жоқ де

**Н а т а л ь я.** Я урып жатқан жан жоқ.

**В а с с а.** Наталья, кутырма!

**Н а т а л ь я.** Сіздің езідіз қос дедідіз, мен қостым.

**В а с с а.** Сенід бакытыца менім жұмысым кеп. Әйтпесе шайтандыды қағар едім.

**Л ю д м и л а.** Ната апам мен өте тік сөйлеседі, көрдід бе Раша, менімше бул дурыс емес.

**В а с с а.** Даражалы туруға кулаш урасын... интелегентше, ал өзің шошқасын!

**Н а т а л ь я.** Жақсы туқымды шошқа бағалы сана лады.

**В а с с а** *(күйінп).* Міне, осындай өмір сүреміз Рашель.

**Р а ш е л ь.** Жаман турасыздар, бірақ мунан жақсы сіздерге артықтық қылады. Сіздерге осы сыяқты мәнсіз өмір лайық...

**В а с с а.** Менід бе? Өтірік айтасын!

**Р а ш е л ь.** Жалғыз сіздід ғана емес, сіздід нәсіліңіздің, табыңыздың.

**В а с с а.** Ал міне, тағыда кеттің бе?

**Р а ш е л ь.** Онда да, шетте де осындағы сыяқты тіршілік — қорлық. Тіпті мундағыдан да жаманырақ болуы мүмкін. Үйткені олар бір бірін момынсынған пішінмен шебер азаптайды.

**Н а т а л ь я.** Бул дурыс па? Болмаса жубату үшін айтасын ба?

**Р а ш е л ь.** Дурыс Наташа. Мен жұбатушылардан емеспін. Бізден көрі онда нығырақ ұйымдастырылса да байлар дүниесі қыйрап келеді. Тозуда, куруда, үй турмысынан бастап бәрі, іруде, қыйрауда, ал үй турмысы болса онда темір тор болатын, бізде ағаш.

**В а с с а.** Рашель!

**Р а ш е л ь.** Я?

**В а с с а.** Бізбен бірге тур. Федор өледі, оны Сзід айттып отырсын. Осы сандалып, тенті реп тығылғаның жетер! Тур бізбен. Баланды тәрбиелейсід. Міні менід қыздарым. Олар сені жақсы көреді. Сен баланды жақсы көресін.

**Р а ш е л ь.** Біздің жеке жақындығымызбен кандастығымыздан көрі улы дәрежелі мақсат бар.

**В а с с а.** Білемін, іс бар, шаруашылық бар, бірақ... міні мунан не шығады? Бір нәрсені байқайсын. Алам десең алуыда бар, коям десең қоюыңа бар. Ал кей кезде ешнәрсені де колыда тутқың келмейді.

**Р а ш е л ь.** Муды сіз... өз атыдыздан айтып отырған жоқсыз.

**В а с с а.** Ол недеген сөз — өз атыңнан емес?

**Р а ш е л ь.** Мүмкін кей кезде шаруашылықтан шаршағаныңыз сезілетід шығар. Бірақ оның баянсыз мейрімсіз екенін сезе алмайсыз. Жок, мен сізді білемін, сіз қанша айтқанмен күңсіз, ақылды, қайратты, солайда күң. Құрт, көгеру, тот дүниені бүлдіреді, дүние бізді бүлдіреді.

**В а с с а.** Аскан данышпандық! Бірақ оның дурыс болуы екі талай! Менід не істемек болғанымды қыздарым көзінше-ақ саған айтайын: Губернатор менід аргымнан ілеген көтеріп жүрсін, поп болса әулиеге емес, маған, мен сыяқты кара жүз күнәлі адамға табынсын легенді мақсат етем.

**Р а ш е л ь.** Бул Достоевскийдід үлгісі, сізге үйлеспейді.

**Н а т а л ь я.** Апам Достоевскийді білмейді, үйткені ол кітап оқымайды.

В а с с а. Ол не ғылған Достоевский? Ол қапалықтан, орынсыз қапалықтан, міні кыздар біледі, мен бүгін әңгіме кылып айтқан едім, қалай мені...

П р о х о р (*қолында екі бөтелке*). Міні ол, кәні келіңдер. Шындап кірісейік. Васса сыйлауға рухсат ет! Өкінбейсің сирек зат.

В а с с а. Экел, экел, кыздар столға келіп отырыңдар. Шынында бул немене? Келін... келді! Экел Прохор! Кімді ұрдың?

П р о х о р. Пәтерші Мельниковтың тумсығын буздым, тағы біреуді, ештеде етпейді, ештеде етпейді! Өлмейді.

В а с с а. Білемісін, Мельников болса «Союз русского народа» ға жазылған.

П р о х о р. Ал, жазыла тұрсын, сода дәреже боп па? Мен де мінеки телефон кітабына жазылғанмын, бірақ масаттанбай-ақ жүрмін ғой. (Телефон шылдырлайды.)

В а с с а. Мені шығар? (*Телефонға барып.*) Бул кім? Я мен. Қандай параход? Неге? Есуас! Оны арттырған кім? Уфаға? Терентьев? Шығару керек әумесерді. Менід не хажетім бар. Барлық баржаны устады. Тағы не терілерден баска, ей жын қаққандар! Тазалық комиссиясы сонда? Инспекторда? Қазір барам (*Телефонды тастайды.*) Ал, сендер мунда тыныш отырып күтіңдер, менде — жанжал, баржаны устаған, есуас приказчик тазалық комиссиясының рухсатысыз, таңбасыз терілерді артқан. Ал, баржада тағы кой терісі, ағаш қабығы, жөке бар еді, кеттім. (*Кетеді, Рашельге қарап оның көзіне көзі түседі.*)

П р о х о р. Өзен полициясына пара беруге кетті. Бізде өзен полициясы разбойник, қуры жердікіде солай. Айтпакшы, қурып кетсін мунд бәрі, қуямын. (*Натальяға.*) Бул сенід жаксы көретініңнен ана ғурлым артық. (*Алты дауыс әніне салады.*)

Құй достым куй, тағы да, куй тағы да,  
Барлығын іш қалмасын бір тамшы да.

Ш ы м ы л д ы қ

### III АКТ

Железнава кетісімен-ақ Прохор цигар тартады. Людмила та-  
ре лкедегі варенияға малып алып бисквитті ықластана жейді. Ната-  
лья колында рюмка, Рашельдің жанында отырады. Рашель ойға  
батқан.

Прохор. Міне, осылай турамыз Рашель, тынышсыз  
гурамыз, полиция ренжітеді.

Рашель. Сіз қала бастығысыз ба?

Прохор. Қыял мен ол орында да болып кердім,  
кейін түсшдім. Бул салдуардың мағад не хажеті бар?  
Еркін казак болып өмір сүргенімнід өзі артық...

Наталья. Дурыс емес. Сіз еріксіз казак! Корқақ-  
тықтан сайлаудан бас тарттыңыз.

Прохор. Сұмдық! Мені ренжітуді Наталья сондай  
жаксы көреді. Жалпы алғанда журттыд бәрін. Жап-  
жас, солайда албасты. м-м-м я, тштен айнымайды! Де-  
генмен ол тауып айтты, мен ожақ бу жағымды көздейтін  
адам. Капитан кайтыс-болғаннан кейін...

Наталья. Әкем кайтыс болғаннан кейін, оныд өзі  
уланған, тіпті сотта масқара болмас үшін, оған улы біз  
берген деген алып кашты өсек сөздер тарады.

Людмила. Қандай сыйымсыздық!

Прохор. Әрине. *(Тынышсызданып.)* Сыйымсыздық!  
Істід Өзі болса жеркедіш тиеді, оны прокурор қысқарт-  
қан болатын...

Наталья. Койылған айыптың дәлелденбегені  
үшін... Ал, ағай болса алып кашты сөзден қорықты,  
бастық етіп сайламайды деп үрейленді.

Прохор. Жетер, Натка!

Н а т а л ь я. Альп қашты ©сек сөзге карсы шығу керек еді. Және сол сөзді таратушы журтка да...

П р о х о р. Бул әр кезде осындай болады!

Р а ш е л ь (*Натальяның қолын сыйпап*). Солай болу да керек!

Н а т а л ь я. Рашель, егерде койылған айып дәлелденбесе, ол айыпталушы кінәсіз делінген сөз емес кой?

Р а ш е л ь. Әрине солай.

Л ю д м и л а. Сенідше солай ма, журттыд бәріне карсы болу керекпе, Рашель? Неге өмір сүруге болмайды, егер де...

Н а т а л ь я. Егерде Людмила Железнава сыякты ақымақ болса, туруға әбден болады.

Л ю д м и л а. Боска урсасын, бәрі бір ашуланбаймын. Ой Рашель, мен қаскүнемдік, тағы сол сыяқтылардың бәрін сондай жек көремін...

Н а т а л ь я. Ол варениеленген бисквитті жаксы көреді.

Л ю д м и л а. Менід жаксы керетінімді сен көре алмайсын, көңлің шаппағанына ыза боласын. Егерде көбірек жейтін болсаң, мундай ашуланбаған болар еді!

П р о х о р (*өлең айтады*). «Жүрегім оттай өртенседе мен ашуланбаймын». Людмила бисквиттан, барлық тәттіден баска, кауырсынды бас киімі бар үнділер сыякты әскерлік бірдемені жаксы көреді.

Л ю д м и л а. Бул тіпті дурыс емес.

П р о х о р. Я, булай үйлі-жайлы болуды, өткен уақытты және барлығын да жын-перінің көріне жіберелік. Үй иесі келмей тұрып, үйдің астан-кестенін шығарайық. Мевсаған, Рашель би көрсетем, әх сен! Аузыдды аша қала-сын! Кәне, Люда Петеркинді шақыр.

Л ю д м и л а. Міне, бул дурыс.

П р о х о р. Гитарымен келсін! (*Рашельге.*) Қашавулына барасын?

Р а ш е л ь. Ол алыста тура ма?

П р о х о р. Жыйырма үш—жыйырма бес шақырымдай жерде. Сүйкімді болған, ден саулығы нашарлау.

Р а ш е л ь. Әжемнің оны маған бергісі келмейді.

П р о х о р. Оныд мунысы дурыс! Өмірің тураксыз. Саған баланың ешқандай керегі жоқ.

Р а ш е л ь. Ал, сен қалай ойлайсын, Ната?

Н а т а л ь я. Беруін талап ет, бермейді екен урла!

П р о х о р. Оһа!

Н а т а л ь я. Я, я урла, алып кетіп жасырып кой, біздід калай туратынымызды көріп отырсын ғой...

Р а ш е л ь. Урлау... Алып кету... муны мен істей алмаймын.

Н а т а л ь я. Неге?

Р а ш е л ь. Менід одад көрі артығырақ ісім бар.

Н а т а л ь я. Баладад артық, солай ма? Егерде одад артық ісід болатыд болса, неге тудың, деге?

Р а ш е л ь. Я, ол менід қатем.

Н а т а л ь я. Ал, ол кандай іс. Аанадағы будан екі жыл бұрын айткан ісід бе? Ол менід есімде, әбден есімде.

Р а ш е л ь. Әлде-сенбеймісің?

Н а т а л ь я. Сенбеймін.

Р а ш е л ь. Оныд себебін түсінбейсің. Ал, маған ол істен тыс емір жок. Мейлі мен Коляні жоғалтайын... Еш уакытта оны көре алмайақ қояйын...

П р о х о р. Токта! Урлау-бул-іс! Бул Раша ©те унамды іс. Уһ, бул қарындасымныд бүйіріне шаньшқыдай кадалады! Рашель, іске кіріс! Біз Ната екеуміз көмектесеміз. Ойны жок, шын айтам. Менің Петеркинім бар-ол бәрінде істей алады.

Р а ш е л ь. Қойыңызшы!

П р о х о р. Алешка Петеркин бе? Я, ол, бала түгіл архирейді де урлай алады!

Р а ш е л ь. Менід баламды ойыншық қылу...

П р о х о р. Міне, оныд өзі, Петеркин ер жігіт. Овозда қызмет істеген! Лешка «кудірет кусын» жасаймыз! Шет ел үшін, Европа үшін, — түсіндід бе? Еш мүлтіксіз. *(Прохор Петеркиннің қолынан гитарды алып, пернесін басып көреді, Людмила бубен мен балалайканы алып келеді-, бубенды апасына береді.)* Қыздар, жай мудды, әсіресе бубен! Ол дүмпілдемейді, күмпілдейді.

Л ю д м и л а. Білеміз.

П р о х о р. Бастандык. *(Әр қашан айтатын «алты дауыс» әніне салады. Людмила мен Петеркин қосылады.)*

Кудай кусы білмейді,  
Тіршілік пен еңбекті.  
Құс кесір бізге етпейді  
Еш уакытта, еш кезде.  
Бұтақта калғыйт узақ түн.  
Шығады жайнап кызыл күн.  
Кудайға кустар қатады үн.

• л а ' Сілкінет те салат ән.  
 - • Барина, барина,  
 • • • - • Сударина барина.  
 Айтшы, бізге барина!  
 Саған керек не нәрсе?  
 Лешка тарт! Істе! Айуанша істе! жабайы  
 Ей-ех, сен-ай!  
 Ростовтан шықты барина  
 Қарамақ болып Толстойға,  
 Олардан шыққан барина  
 Белгісіз барад ол кайда,  
 Барина!

*(Петеркин өте жақсы күлкілетіп баринаны билейді. Людмила ықыластанып ән салады. Прохор өте рыйза болады. Наталья ойланбастан бубенды ура береді. Рашельге қарайды. Рашель мұның бәрін түсінде кергендей болып отырады.)*

Баринаның көп істері,  
 Аралап кайтты шет елді.  
 Сұлу қала Парижда  
 Кездесті француз сап-сары.  
 Барина...

Н а т а л ь я. Жетер!

П р о х о р. Неге?

Н а т а л ь я. Тыңдағым келмейді.

Л ю д м и л а. Пу, кандай өзі кырсық!

*(Рашель орнынан тұрып басқа жаққа кет еді. Наталья оның артынан асықпай жүріп барып терезенің алдына тоқтайды.)*

Н а т а л ь я. Ал, не?

Р а ш е л ь. Шыдарлық емес.

Н а т а л ь я. Мен болсам баланы ©лтірсем елтірер ем, бірақ мұнда қалдырмаған болар ем.

Р а ш е л ь *(оны құшақтайды)*. Васса Борисовнаның жәрдемісіз, мен оны шет елге алып кете алмаймын.

Н а т а л ь я. Ағай жайғастырады. Ол апамды бірде-демен мұқатуды тілейді, урлайды, жасырып қоямыз, онан кейін саған жібереміз.

Р а ш е л ь. Кайда? Кайда тұратынымды білмеймін. Егерде Швецарияға қайта оралатындай болсам, онда



бірнеше жетідей болам. Менің Ресейде туруым керек. Қоляны тәрбиелейтіндей менде мүмкіншілік жоқ. Онда Лазонда, апамда болса жақсы болған болар еді...

*Прохор (Петеркинді тоқтатып айқайлайды.)* Унамады ма?

*Рашель.* Я.

*Прохор.* Искусствоны сезбейсін!

*Рашель.* Адам жаны түршігетін. След айтасындар.

*Прохор.* Айыптымын. Ішуде, карта ойынында жеңілмеймін деп айтуыма болады, ал, ән салуға жаратылысымнан бейім адам емеспін. Жан жумсак, тамак курғақ, кытырылдайды. Петеркин, жоғал, болымсыз неме, біз жақпадық! Рашель, біздікіне жүріңіз, мен сізге қулыптың бірнеше түрлерін көрсетейін.

*Рашель.* Мен оларды көргем.

*Прохор.* Кашан? Сен енді көр! Менде отыз жеті сарайдікі, төрт корпустікі, кырык екісі музыкалы сандықтікі бар, буларды еш жерде де көрмейсін. Мунан баска?.. Жүр! Өте керекті... екі ауыз сөз айтам. *(Оның қолтығынан ұстап ертіп шығады. Рашель көңілсіз ере береді.)*

*Наталья (сіңлісіне қарап).* Немене сен?

*Людмила.* Ештеме емес, ұйкым келді.

*Наталья.* Бар.

*Людмила.* Көңілсіз. Жылағым келеді.

*Наталья.* Бар, жат, жылада, сосын ұйықта.

*Людмила.* Эр кашанда осылай болады. Вассаның келуін күтем, оныд үйде болғанын мен жақсы керемін.

*Наталья.* Сен оны Васса деп жиі айтасын.

*Людмила.* Үйткені, мен оны жақсы көрем, ал, сен жек көресін.

*Наталья.* Я, мен жек көрем.

*Людмила.* Оны ол біледі.

*Наталья.* Білмегенде?

*Людмила.* Сен оған уксайсын, уксайсын!

*Наталья.* Сондыктанда бір-бірімізді жаратпаймыз

*Людмила.* Ол сені жақсы көреді.

*Наталья.* Азаптауды жақсы көреді.

*Людмила.* Сен езд оды азаптайсын.

*Наталья.* Я — менде.

*Людмила.* Кандай сен ессізсін! Ағайда ессіз, Коляны урлауға кедес береді.

*Наталья.* Сен бул жөнінде апама айтпа.

Л ю д м и л а. Әрине, айтам.

Н а т а л ь я. Неге?

Л ю д м и л а. Жок капа қылмай-ақ қояйын, айтпай-адын.

Н а т а л ь я (күрсініп). Сен біздің мүсәпірімізсін Азғын, ешкімге тартпаған.

В а с с а (кіреді). Немене бул, урысып жатырсындар ма?

Л ю д м и л а. Жок, жәй сөйлесіп отырмыз.

В а с с а. Ірі сөйлесесіндер, Прохор цигар тартқан, менің бөлмемде цигар тартылмасын деп сан рет айттым. Наталья менімше, сен көп ішкенсін.

Н а т а л ь я. Әзірше аяғымды басып тура алам.

В а с с а (портфельді қояды). Шай суық па? Құйындар маған (Наталья құяды.) Жеті жүз сомды отқа тастағандай тастадым. Барлық жерде парахор, сатылушы жандар. мунда немене істедіндер?

Н а т а л ь я. Шай іштік.

Л ю д м и л а. Петеркин біледі. Ағай Коляны урла деп Рашельді азғырды.

В а с с а. Қара, қандай қылжакпас, ол не айтты?

Л ю д м и л а. Мақулдаған жок, ол сондай көңілсіз, бұрынғыдай емес, жаман, сүйкімсіз, ақылдыныд бәрі де сүйкімсіз.

В а с с а. Солай, ал, сеніңше мед ақымақ па?

Л ю д м и л а. Сен ақмақ емессін, ақылды да емессің Жай адамшылықтыд әйелісін.

В а с с а. Муныд не екеніне мен түсіне алмаймын. Ақымақтан жаман? Я мейлі, адамшылықтыд-ақ әйелі болайын, самаурынды апар, ысытсын деп айт. Наталья, шет елге барып қайтқың келе ме?

Н а т а л ь я. Я, барғым келеді. Оны езідіз білесіз

В а с с а. Баруыда болады. Аннаны да ала кетесін.

Н а т а л ь я. Аннамен бірге бармаймын.

В а с с а. Неге?

Н а т а л ь я. Ол менід осы жерде-ақ діңкеме тиіп бітті.

В а с с а. Жалғыз жібермеймін. Ех, қыз?

Н а т а л ь я. Я.

В а с с а. Сенімен сөйлесуге уақытым жоқ.

Н а т а л ь я. Ал, Коляны тәрбиелеуге уақыт таба аласыз ба?

В а с с а. Оған кеп уақыт керек емес.

**Н а т а л ь я.** Жок, менен оған көбірек керек.

**В а с с а.** Аннамен бірге бар, Федорды көресін

**Н а т а л ь я.** Ол мені еліктіре алмайды.

**В а с с а** (*айқайлап*). Албасты, үнінді өшір!

**Н а т а л ь я.** Жақсы, үндемейін.

**Р а ш е л ь** (*кіреді*). Немене, сіз?

**В а с с а.** Я, я, босқа айқайладым, босқа. Мені ренжітіп қапа қылды, тіпті жүрегім шаншып кетті. Ал, немене Рашель? Прохор Коляны урлауға кеңес берді ме?

**Р а ш е л ь.** Ол ішкен.

**В а с с а.** Ішпесе де ол істей алмайды. Қыздар, барып уиықтасандар қайтеді, кеп уақыт болды ғой, ә?

**Л ю д м и л а.** А, кешкі тамақ ше?

**В а с с а.** Кешкі тамақ есімнен шығып кеткен, шөлдедім, ыстық шай ішкім келді. Жарайды, дайындасын.

**Р а ш е л ь.** Тыңдаңызшы, Васса Борисовна, баламды беріңіз, шет елге жіберейін.

**В а с с а.** Тағы да таласқыд келе ме? Жок бермеймін.

**Р а ш е л ь.** Оғад де істегіңіз келетінін тіпті түсінбеймін, қалай тәрбиелейсіз?

**В а с с а.** Абыржыма, тәрбиелеу қолымыздан келеді Біз отырықшы халық, ақша бар. Жаксы оқытушы, профессор жалдап оқытып адам қып шығарамыз.

**Р а ш е л ь.** Адал адам болуға тиісті, оны іске үйретө алмайсыздар. Коля мунда турса, балалайка, гитар ойнап, майлы тамақ жеп, шала мас Прохор Храповпен, бірі балалықтан шықпаған, бірі аса ызалы екі қызбен бірге ©мір сүреді. Васса Борисовна, мен сіздід табыдызды жақсы білемід, бұл Ресейде болсын, шет елдерде болсын үмітсіз ауру тап! Өздеріңіз жасамағад дүние күшіне бағынып, шаруашылық тутқыны болып, автоматша турасыздар. Бір бірідмен көрместей боп өштесіп, ©мір сүресіздер. Дүниеде не үшін ©мір сүресіздер, кімге керексіздер—міне бул сауалды алдарыңызға қоймайсыздар. Тіпті сіздердің ед жаксы, ед ақылды адамдар ңызда, жалғыз-ақ өлімнен жеркенгендігінен, қорыққандығынан өмір сүреді.

**В а с с а.** Сарнап болдың ба? Дем ал, мені де тында, мен сенід бір нәрсеңе түсіне алмаймын, ол мынау: сен ©мір жөнінде сөйлесең болымсыз, батыл ақылыңның, әрі соқыр, әрі ақсақ болып шығатыны несі? Тап... Тап... Сүйкімдім, менің пароход шаруашылығымның меңгерушісі Горий Кротких тап жөнінде сенен артығырақ біледі. Егерде

сол ақмақ тапқа пайдалы болса революция соида ғана занды. Ал, сен болсаң дүниеде жоқ, бір кайдағы заңсыз революция жөнінде сөйлейсід. Кроткихтың болса ісі айқын: социалистер өндіріс, сауда мүддесі үшін жұмысшыларды ұйымдастыруы керек. Міні, ол нені ұсынады. Я, оның бұл ұсынысы дұрыс! Ол бұл жөнінде ақмақ емес... Ал, жалпы істе ақмақ.

Р а ш е л ь. Оның фамилиясының өзі айтып тұрған жоқ па? Міні, ол пролетариатты өзінің фамилиясына сәйкес етіп тәрбиелегісі келеді: Кротких сыяқтылар аз емес, өте жиі кездеседі. Олар сыяқты адал қолдарыңыздың жоғары дәрежеде болуына... жол бересіздер.

В а с с а. Сен түсін, — Менің, Васса Храпованың сол гаппен ешбір ісі жоқ. Тынысы тарылады дейсін бе? Онда менің жұмысым жоқ. Өзімнің — денім сау, ез ісім өз қолымда, маған ешкім бөгеттік ете алмайды және мені бір нәрсемен де қорқыта алмақ емес. Өз өміріме толық жетеді, және немереме де кеп мирас қалдырамын. Міне менің барлық әңгімем, барлық дадышпаддығым. Ал, Коляны болса саған бере алмаймын. Кел, сөзді қысқартайық! Кешкі тамақты ішетін де уақыт болды, мен шаршадым...

Р а ш е л ь. Мен тамақ ішпеймін. Сізді даныңыз маған арам. Маған кайда дем алуға болады?

В а с с а. Бар, Наталья көрсетеді. *(Үстелден азартурады. Қайтадан отырады. Шақырады.)* Анна! *(Жауап жоқ.)* Менің наным оған арам... Маған осылай деп айтуға кімнің батылы барады. Ох, күйдіргі' *(шылдырлатады)*.

П о л я. Шақырдыңыз ба?

В а с с а. Жер астынан шықтың ба албасты. Анна кайда?

П о л я. Қыздармен бірге отыр.

В а с с а. Шақыр. *(Бірдемеге құлағын тігіп, тыңдап отырады, мойнын сыйпайды жөтеледі. Анна кіреді.)* Анна мен жоқта мұнда не болды?

А н н а. Прохор Борисович Коляны урла деп ақыл берді.

В а с с а. Оның өзі айтты ма?

А н н а. Я, алғашқыда айтты — дұрыс, саған баланың не керегі бар деді ал, кейін кенеттен көңілденіп кетті де, бұл қарындасымның бүйіріне шанышқыдай болып кадалады — деді.

**В а с с а.** Ал, Наталья ше?

**А н н а.** Урла деп айткан сол.

**В а с с а.** Шатасып тұрсын! Өтірік айтасың.

**А н н а.** Мен шатаспаймын. Нак ссылай болды: Рашель Моисеевна Коляны өздерінде қалдырамысындар дегенде, Прохор Борисович «қалдыру дурыс» деп айтты да, Наташа урлау керек дегенде, олда солай деді.

**В а с с а.** Я, ед болмағанда өкшемді тістесе де, әйтеуір менің бір жерімді тістеуге одыд жаны кумар.

**А н н а.** «Менің Петеркинім бар, ол бала түгіл мүфтиді де урлай алады» дейді.

**В а с с а.** Петеркин арам ит.

**А н н а.** Олма, барып тұрған кара бет кул! Онда ар, уят деген жок, сондай кергенсіз, сондай қатыгез.

**В а с с а.** Жумсартамыз.

**А н н а.** Ауырасыз ба?

**В а с с а.** Ал, немене?

**А н н а.** Бетідіз сондай...

**В а с с а.** Қыздарым бетімнен ештедені сезбеген еді Жарайды. Шет елге барасын Анна.

**А н н а (таңданып).** Мен бе?

**В а с с а.** Сен, Наталья екеуің. Мүмкін жалғыз кетерсін.

**А н н а.** Қудайым, кандай қуаныш! Керек десе сізге рақымет айтуға ылайықты сөз таба алмаймын.

**В а с с а.** Оныд керегіде жок. Сенің еңбегің сінді. Сен маған еш уақытта өтірік айтпайсын ба?

**А н н а.** Еш уақытта.

**В а с с а.** Я, солай болу да керек. Федорға хат аларасын. Натальяға хатты көрсетпе, барған замат Федордыд халі кандай екендігі жөнінде жазарсын. Дәрігерлермен сөйлес. Неміс тілін умытқан жоқсын ба?

**А н н а.** Я, я, умытқаным жоқ.

**В а с с а.** Міні, солай. Егерде Федордың халі нашар болса — акырын күтерсін. Алайда, бул жөнінде де, баска жөнінде де кейін сөйлесерміз. Ал енді бері қара: жандарм баскармасына барып полковник Поповты сұрайсын. Оны таппай койма, оны шақырыш, Оте керекті, тығыз іс — деп айт.

**А н н а.** Васса Борисовна!..

**В а с с а.** Сен тында! Оған шет елден біздікіне — Рашель Тапоз, эмигрантка келді — деп айтарсын. Оның кім екенін ол біледі. Әлде нешө рет қамаған, егер оны

тағы камауға керек болатын болса, көшеде устап камасын, оны іздеп біздік үйге келуші болмасын. Уқтың ба?

А н н а. Я, бірақ... калайша?

В а с с а. Сен тыдда! Егерде үйге келсе, онда сенік устап бергенің, болмаса менік устап бергенім айқындалады, тағыда калаға сыпсыд, сасық сөздің тарауын мен тілемеймін. Калай, уқтың ба?

А н н а. Мен — істей алмаймын.

В а с с а *(таңданып)*. Істей алмайсың? Неге?

А н н а. Оған бел байлай алмаймын.

В а с с а. Аяймысың? Ал, Коляны аямайсың ба? Оған бәрі бір, оны ертең камамағанымен, арғы күні камайды. Немене сен маған қызмет етуден бас тартамысың. Тан қаларлық іс! Сене алмаймын.

А н н а. Бірде олай емес — кудайым-ай! Мен сіз үшін басымды да кыям! Неменеге ол жебірейді аяймын? Білесіз бе ол мені мазақ қылады.

В а с с а *(сенбестік қалыппен)*. Немене деп сен мінгірлейсін, а? Түсінбеймін.

А н н а. Оларға, жандармдарға түнде баруға қорқам.

В а с с а. Міні керек болса, қандай жарым естік.. Немене, олар сені жеп қоя ма. *(сағатына қарайды)*. Я, шынында уақыт өте кеш екен. Попов бір жерде карта ойнап жатқан шығар, жарайды. Муны ертең ертемен істерсід. Ертерек сағат жеті кезінде оны оятқызбай қойма.

А н н а. Міні, тәдір жарылқасын. *(Колынан устап сүйеді.)*

В а с с а *(қолын етегіне сүртеді)*. Ессіз, керек десе бетіңнен терің тамып тұр. *(Анна бетін сүртеді)*. Рашель әр дайым мені қорқытады, тап деп бакылдайды, қандай тап, ол тап? Ол мені иттің етінен жек көреді Я, мені. Ат урлаған цыгандар қусап баламды алып кетті Ал, немеремді болса ала алмайды, жоқ! *(Токтап ойланады.)* Мен ауыратын тәрізденем. Шаршағандықтан ба, немене, малина жидегін қайнат.

Л ю д м и л а. Васса, жүр тамақ ішейік.

В а с с а. Тамақ жеуді жақсы көресің, э?

Л ю д м и л а. Я жақсы көрем! Өте жақсы көрем.

— В а с с а. Ал, мен саған ©те унамды етіп дайындадым Жеу үшін емес, ©мір үшін.

. Л ю д м и л а. Сен әр.кашанда .

**В а с с а.** Кугушева кемпірден үй сатып алдым, міні бізді бауда көбейіп өседі, а?

**Л ю д м и л а.** Апатай, ой кандай жақсы!

**В а с с а.** Жас князь, қартадан утылған тәрізді.

**Л ю д м и л а.** Кандай жақсы, кудайым...

**В а с с а.** Княгина ©те асығыс сатып отыр. Ертен задаток берем. Міне саған той.

**Л ю д м и л а.** Сен бәріне бірдей қалай үлгіресін, жүр, жүр тамақ ішейік!

**В а с с а.** Мені ішкім келмейді. Сырқаттанып отырмын. Қазір малина ішемінде жатамын, өздерің іше беріңдер!

**Л ю д м и л а.** Ал шайды ше?

**В а с с а.** Я, самаурынды мунда алып келіндер. Сусадым. Рашель онда ма?

**Л ю д м и л а.** Кішкене бөлмені жауып алған, оны ішкісі келмейді. Ол сондай сүйкімсіз болып кеткен, тіптен маңызды.

**В а с с а.** Ал, бар, Людка бар. (Жалғыз қалады, музда жүрген адамша, үстелді сыртынан ұстап, үйдің ішінде абайлап жүре бастайды, жөтеледі, ентігеді). [стер: істер өседі. *(Отырғысы келеді, бірақ отырмайды, есікке сыртын беріп турады.)* Дәргер шақыруға ма? *(Петеркин ішкен, бұрынғыданда шашы ұйқы-тұйқыланған, тікелейген, Вассаға тілін көрсетеді, бетін тыржыйтады. Гитарды алып, бас ішегіне қолы тиіп кетеді. Васса сескеніп).* Ох, бұл не? кім саған! Немене керек?

**П е т е р к и н.** Гитарды алуға келдім.

**В а с с а.** Жоғал көзіме көрінбей ит!

**П е т е р к и н.** Кетемін. Ал, немене мен ит емес, бай бөлмесінде өзімде тұрмаймын...

**В а с с а.** Ақмақ. Кандай ит өзі. *(Азар креслоға отырады, кофтасының жағасын ағытпақ болады. Жамбастай барып құлайды, бірнеше секунд тыныштық.)*

**А н н а** *(қолында патнос, патнос үстінде шайнек, кесе).* Жататын үйге апарайын ба? *(Жауап күтіп турады. Қолындағы патнос дірлдейді. Кесе шылдырлайды. Патносты абайлап жерге қояды: Еңкейіп бетіне қарайды, кенеттен сескеніп қатты -" сыбырлайды.)* Кудайым, кудайым. Васса Барисовна сіз немене? *(Тыңдап жүсіріп жумыс столына барады, біржәшікті ашып, ақтарады. Ақшаларды тауып алып қойнына тығып жібереді. Стол үстіндегі шкатулканы ашады, онда да ақша, оны да ты-*

ғады. Кілттерді тауып алып оларды қалтасына салады Шкатулканың қақпағын салдыратып жабады. Анна бөлм, еден жүгіріп шығып кетеді. Азуақыттан кейін тез-тез басып, Наталья кіреді. Оның артынан Прохор, біртелеп Анна, Поля, Петеркиндер кіреді.)

Н а т а л ь я (қолымен шешесінің бетін сыйпайды). Қатты сөйлемендер өлген.

П р о х о р. Ух, сен... «Железнов — асатынан... Ал, енді кала, тағы жоқ нәрсені былшылдай бастайды. — Пу, бул енді шайтан.

Н а т а л ь я. Үндемеңіз!

П р о х о р. Неге үндемейін! Ната Аннаны байқау керек. Кілттер керек. Сейпаның кілті. Анна бәрін біледі Кілт жок па екен юпкасының қалтасын қара.

Н а т а л ь я. Қарамаймын, кетіңіз.

П р о х о р. Я, жарайды, кетемін, калайша оны?

А н н а. Көзіне жас алып Наталья Сергеевна — Люд-ка талып калды.

Н а т а л ь я. Телефонмен дәргер шақыр.

А н н а. Шақырдым. Қудай-ай не істейміз?

П р о х о р. Кілттер кайда? Сейпаның кілті?

Н а т а л ь я. Рашельге айттың ба?

А н н а. Оған айту керек пе? Наталья Сергеевна?

Н а т а л ь я. Сіз... иттен туған (тез шығып кетеді.)

А н н а. (тутығып). Не үшін?

П р о х о р. Ал, сен... не ғылма, жасыма! Сейпанын кілті қайда?

А н н а. Прохор Борисович умытпаңыз—мен он үш жыл адал ниетпен... (Вассаның юпкасының қалтасын карай бастайды.)

П р о х о р. Аларсын қуның қанша еді...

А н н а. Барлық жастық өмірімді сіздерге сарып ет-тім. Мінеки кілт!

П р о х о р (Петеркинге сөйлей, сейпаға карай оқуреді). Лешка ешкімді жіберме... тоқта... немене? (Шын қуаныш калыппен.) Балағатқа жетпеген балаларға өкіл ата болам: Қурып кеткір, немене мен, а? (Аннаға қарап күлімсіреді). Жоғал! көзіме көрінбей Анка! Мысык тілеулі өміріңнің үзілген жері осы! Қуры көзге көрінбей, Ертеңнен бастап сен тыңшы кулак, менің жаныма тиіп біттің, жүзі кара сумырай!

А н н а. Прохор Борисович, өкінесіз! Сіз муны бос-тан боска...



Прохор. Бар, бар! Сен сыбағанды алдыд, урладыд, урладың, жетер енді, жоғал көзіме көрінбей!

Анна. Жок, тыщдаңыз! Менде оны-муньға.

Прохор. Я, я! Қақың бар, білемін, соны менде айтып отырған жоқпын ба.

*(Рашель мен Наталья)*

Рашель *(столдағы қағаздарды қарап жатқан Прохорға)*. Урлап жатырсыз ба?

Прохор. Неге? өзіміздікін алып жатырмыз

*(Поля, Людмиланы алып кіреді).*

Людмила. *(жұлқынып тактыға карай жүгіреді)*  
Апа, апа!

Рашель. Өзідіздікі! Өзіңіздің недіз бар еді?

*Ш ы м ы л д ы қ*

*Анна, Прохор, Рашель, Людмила, Поля*

## М А З М У Н Ы

Шыңырау түбінде (аударған О. Оспанов)	. . . . .	3
Егор Булычов (аударған М. Жангалин)	. . . . .	81
Васса Железнова (аударған Ж. Есбатыров)		141

М. Горький

П Ь Е С С Ы

(На казахском языке)

Издание Каз **ОГИЗа**

Редактор *Ж. Есбатыров.*  
Техредактор *С. Ищанов.*  
Корректор *К. Султанкулов.*

Подписано к печати 26/VIII 1948 г. Издательский № 62. УГ 03488

Объем 11,5 п. л. Уч.-изд. л. 9,8. Тираж 10 000.

Формат бумаги 84 x 108 1/32 Цена 9 руб.

г. Алма-Ата. Полиграфкомбинат. Управления Полиграфии  
и Издательств при Совете Министров Каз.ССР зак № 1234